Бірақ олардың мобильді оқытуға деген көзқарастары әртүрлі. Мәселен McConatha, Praul және Lynch смартфондар мен шағын құрылғылар қолданып, мобильді оқытуды шағын мобильді есептеуіш құрылғыларды пайдалану арқылы қолданылатын оқыту ретінде анықтаған [9].

Ал, Mirski және Abfalter мобильді технологияны қашықтықтан оқыту барысында туындайтын проблеманы шешудің бір жолы ретінде қарастырады [10].

Ardies De Maeyer, Gijbels және van Keulen білімалушылар мен оқытушылардың мобильдік технологияны қаншалықты қолдануға құштарлығын және оның қоршаған ортаға оң немесе теріс әсер ететінін анықтау үшін пайдалануға болады деп санайды [11].

Дүние жүзіндегі бірнеше университеттер кез келген уақытта, кез келген жерде әртүрлі тәсілдермен оқытуды ұсыну мақсатында мобильдік технологияны әдісті енгізді. Канада колледжі мен Сан-Франциско мемлекеттік университеті білімалушылардың үлгерімін анықтау, ағымды және қорытынды бағалау үшін планшеттер мен сымсыз технологияны қамтитын интерактивті оқыту желісін енгізді (Enriquez). Erkollar және Oberer Түрік университетінде мобильді оқытуды географиялық ақпарат жүйесі модулімен біріктіру мәселесін қарастырып, мұнда әрбір білімалушының қарым-қатынасын жеңілдету мақсатында Google және Hangout программалары енгізілген планшеттік құрылғылармен қамтамасыз етілді. Glackin Rodenhiser және Herzog білімалушылардың цифрлық кітапханамен танысуын арттыру үшін мобильді құрылғылар мен электронды кітаптарды біріктіру мәселесін қарастырды [12].

De Pablos Tennyson және Lytras Шарджадағы Америка университетінде білімалушыларға математика курсына бір семестр бойы iPad қолданудың әсерін тексеру үшін екі зерттеу жүргізген [13].

Campos Jorge және Barreto Israel соңғы онжылдықта білімалушыларға білім беру мақсатында технологиялар мен мобильді қосымшаларды қолдану барысында туындайтын әр түрлі қиындықтарды зерттеген. Олар Перудегі бес Каджамарка университетінің білімалушылары мен оқытушылардың жоғары оқу орындарында мобильді технологияларды қолдануға деген көзқарастарын анықтау мақсатында олардан сауалнама алып, нәтижесін сенімділік альфа Кронбахтың көмегімен бағалаған. Білімалушылардың жасына, жынысына, мамандығына және қолданылатын ұялы телефон түріне қатынасы арасында статистикалық маңызды айырмашылықтардың болуына бағалау жүргізген. Сонымен қатар, оқытушылардың да жасына, жынысына, университет тәжірибесіне, академиялық деңгейіне және қолданылатын ұялы телефон түріне қатынасы арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтардың болуына бағалау жүргізген. Нәтижесінде экспериментке қатысқандардың мобильді құрылғы түріне қатынасы арасында статистикалық маңызды айырмашылықтар бар екенін анықтап, мобильді технологияларының білім беру жүйесіне оң әсер ететінін байқады [14].

Қазақстандық зерттеушілер ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдістемелік, ғылыми-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық негіздерін цифрлық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану мәселелерін бірқатар зерттеген.

Ұлттық құндылықтарға бағдарланған маман тұлғасын қалыптастырудағы инновациялық идеялар мен оларды жүзеге асыру әдістері, технологиялары мәселесі бойынша А.Берикханова [15], А.Қуанышбаева [16], Ғ.Ж. Тұңғышбаева [17], Ж.Тұрғанбаева [18], Ж.Ж. Қуанышбаева [19], Г.К. Шашаева [20], Г.К. Джонисова [21] еңбектерінде жан жақты қарастырылған.

Цифрлық технологияларды оқу үдерісінде пайдалану мәселелерін А.С.Амирова, К.Д.Бузаубаева, А.А.Маковецкая [22], цифрлық технологияларды пайдалана отырып мобильді орта құру мәселелерін А.Е.Жұмабаева, С.А.Нұржанова, Р.Ж.Базарбекова, А.С.Стамбекова, Ж.Жұмабаева, Е.Е.Оспанкулов [23], мобильді технологиялар білім беру үдерісінде пайдалану жайлы А.Б. Закарьянова [24], Н.Н. Керимбаева [25], К.Е. Икласова [26], Г.С. Бимашева [27] зерделеген. Аталған мәселе бойынша ғылыми зерттеулерді талдау

ғалымдардың жеке тұлғаның ұлттық құндылыққа тәрбиелеу мәселесіне тұрақты қызығушылық танытқанын көрсетеді.

Түрлі білім беру процестерін модельдеу тәжірибесін, атап айтқанда, болашақ мұғалімдерге ұлттық тәрбие беру үдерісін зерттеу болашақ мұғалімдерді ұлттық құндылықтарға мобильді білім беру ортасын құру арқылы баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуға мүмкіндік берді.

Бұл процесс бастауыш білім беру мамандығы бойынша білім алатын болашақ мұғалімдерді дайындау аясында жүзеге асырылады.

*Мақаланың мақсаты:* мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық құндылықтарға баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін қарастыру.

Бұл мақсат келесі *міндеттермен* анықталады:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық құндылықтарға, мобильді технологияларға қатынасын анықтауға бағытталған сауалнама алу;

– мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық құндылықтарға баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну, қорытынды жасау;

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық құндылықтарға баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірледік.

**Зерттеу материалдары және әдістері.** Біздің зерттеуіміздегі құрылымдық-мазмұндық модельдеу мобильді білім беру ортасын құру арқылы жастарды туған жеріне, өз ұлтына деген патриоттық сезімді ояту, ізгілікке баулу, ұлттық болмысын сақтаған, бабалардан мирас болып қалған ізгі қасиеттерді бойына сіңірген жастарды тәрбиелеу, жастарды ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар рухында тәрбиелеу мәселелерін шешуге арналады (сурет 1).


Біз ұсынған құрылымдық-мазмұндық модель *тұжырымдамалық, технологиялық және өлшемдік* блоктарынан тұрады. Аталған модель педагогикалық жоғары оқу орындарында мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу үдерісіндегі жоғарыда көрсетілген барлық элементтердің өзара байланысы мен бірлестігін қамтиды.

Бәрінен бұрын *тұжырымдамалық* блок мазмұнында мобильді білім беру ортасына, ұлттық құндылыққа баулуға деген *қоғамдық сұраныс* талаптарын анықтап алудың қажеттігі туындады. Біз оларды былайша топтастырдық:

– ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық санасы қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігі;

– жоғары педагогикалық оқу орындарында заманауи ұлттық тұлғаны қалыптастыруды жүзеге асыратын мобильді білім беру кеңістігін құру зәрулігі;

Сондай-ақ осы блокта мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу деп модельдің мақсатын қарастырамыз. Қойылған мақсат ҚР «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел», «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларын талаптарымен, жоғары педагогикалық білім беру саласында медиасауатты, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген болашақ педагог тұлғасын даярлау қоғамның әлеуметтік тапсырысымен нақтыланып отыр. Аталған мақсатқа қол жеткізу келесідей міндеттерді жүзеге асыру арқылы мүмкін болады: мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулудың теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын әзірлеу; мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулудың моделін құрастыру; ЖОО мобильді білім беру ортасын құру; білім алушылардың теориялық және практикалық даярлықтарын жақындастыру; жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш білім педагогтерінің ұлттық санасының қалыптасуын бағалайтын өлшемдік құралдарды жетілдіру. Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогін ұлттық құндылыққа баулудың құрылымдық-мазмұндық моделі 1-суретте ұсынып отырмыз.



Сурет 1. Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогін ұлттық құндылыққа баулудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Сондай-ақ, бұл блокта болашақ бастауыш білім педагогін ұлттық құндылыққа баулуға ықпал ететін әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар беріледі. Бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулуда мынадай *әдіснамалық тұғырлар* басшылыққа алынады:

аксиологиялық тұғыр, жүйелілік-іс-әрекеттік тұғыр, диалогтік тұғыр, этнопедагогикалық тұғыр.

*Аксиологиялық тұғыр* этникалық мәдениеттердің құндылық әлеуетін анықтауға ықпал етеді. Бұл ұлттық құндылықтарды жүзеге асырумен, білім алушылардың құндылық қатынасымен байланысты.

*Жүйелілік-іс-әрекеттік тұғырдың* жүйелілік аспектісі білім беру жүйесінің өзара байланысын және өзара әрекеттесуін (студенттердің білім беру кеңістігі және олардың жеке дамуы үшін педагогикалық қолдау) қамтиды. Іс-әрекеттік аспектісі (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, И.А. Зимняя, И.А. Лернер, П.И. Пидкасистый, С.Л. Рубинштейн) болашақ бастауыш білім педагогтерінің құндылық ерекшеліктерін анықтайды, мұнда олардың бірлескен қызметі адамгершілік тәрбие және әлеуметтендіру құралы ретінде әрекет етеді. Тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынасы диалогтік ұстанымы бойынша құрылады.

Басшылыққа алынатын *диалогтық тұғыр* субъект-субъектілік қатынастардың басымдығын қамтамасыз етеді.

*Этнопедагогикалық тұғыр* өз халқының тарихи өткеніне құрметпен қарауын қалыптастыру, ұлттық мәдениеттің дәстүрлерін сақтау және тарату мақсатында оқушылардың мәдени мұрасына, отбасы институтына тарту бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін бастауыш білім педагогінің қызметін мақсатты жобалауды қамтиды.

Мақсаттарға жету үшін зерттеу жұмысында басшылыққа алатын іргелі және көмекші әдіснамалық тәсілдемелерді анықтап, нақтылай отырып, әдіснамалық ұстанымдарды сипаттаймыз.

*Тұтастық ұстанымы.* Біздің зерттеуімізде бастапқы нүкте үш негізгі бағыттың бірлігі мен үйлесімді өмір сүруі болып табылады. Олар: бастауыш білім педагогін бастауыш сынып мұғалімі лауазымына кәсіби даярлау, бастауыш сынып мұғалімі тұлғасындағы мектептің балалардың ата-аналарымен отбасылық тәрбие мәселелері бойынша өзара іс-қимылы және балаларды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды пайдалану.

Ұлттық құндылықтардың негізінде ата-баба мұрасы болып табылатын мәдениет жатыр, сондықтан келесі ұстаным – *ұлттық ұстанымды* бөліп көрсеткен жөн.

*Ұлттық ұстаным.* Балаларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде әрқашан халықтың тарихи дамуына, географиялық және табиғи жағдайларына байланысты өзіндік ерекшелігі ескерілуі керек. Адам – ол туып-өскен және өмір сүретін мәдениеттің элементтерін сіңіретін уақыттың өнімі. Ж.Аймауытовтың еңбектерінде ұлт қағидатын қарастыра отырып, ана тілінің рөліне зор мән берді.

*Даралау ұстанымы.* Болашақ бастауыш білім педагогінің ата-аналармен жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру кезінде даралау ұстанымы әр студенттің жеке ерекшеліктерін ескеруді көздейді.

Тұжырымдамалық блоктың теориялық, психологиялық, практикалық даярлық секілді негігі мазмұнға тоқталайық.

*Психологиялық даярлық* – бұл болашақ бастауыш білім педагог тұлғасының іс-әрекет, қарым-қатынас, ұлттық санасын дамыту бойынша ерекше психологиялық жұмыс. Ол біздің зерттеуімізде мотивациялық, эмоционалдық-еріктік даярлықты қалыптастырудан тұрады.

*Теориялық даярлық* – болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтар бойынша терең және жан-жақты білімдермен қаруландыруға бағытталған және танымдық қабілеттерін дамытатын шеберлік пен дағдылар жүйесі.

Теориялық даярлық *әдіснамалық деңгейде:*

- мобильді білім берудің, ұлттық құндылыққа баулудың қажеттілігін сезіну;
- олардың ерекшеліктері туралы білімдерді меңгеру;

*теориялық деңгейде:*

- мобильді білім беру ортасы, ұлттық құндылықтар бойынша теориялық білімдерді меңгеру;

– мобильді білім беру ортасын құрудың, ұлттық құндылыққа баулудың негізгі теориялық алғышарттарын білу;

– қарастырылып отырған мәселенің негізгі элементтерін игеру болып табылады.

Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу бойынша практикалық даярлығы олардың процессуалдық-нәтижелік компонентін дамытуға ықпал етеді.

Модельдің технологиялық блогы Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу үдерісінің технологиялық (ішкі мазмұндық, ұйымдастырушылық) жағын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Технологиялық блок мобильді білім беру ортасын құру жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің ұлттық құндылыққа баулудың психологиялық-педагогикалық шарттарынан; оны жүзеге асырудың формаларынан, әдістерінен, құралдарынан; даярлау кезеңдерінен тұрады.

Модельдің технологиялық блогы мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулудың психологиялық-педагогикалық шарттарының (бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, элективті курс бағдарламасын әзірлеу, ендіру; әлемдік тәжірибелерді зерделеу, мобильді білім беру ортасын құру, электронды-әдістемелік лаборатория құру, мобильді контент әзірлеу, іс-шаралар ұйымдастыру) өзара байланыстылығын көрсетеді. Осы шарттар сақталғанда және олар өзараәрекеттестікте жүзеге асырылғанда ғана болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа тиімді баулу жүзеге асырылады.

Осы блоктағы элективті курстарды ендіру болашақ бастауыш білім педагогтерінің ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсінуі, олардың ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар рухында тәрбиелену қажеттілігінен туындайды.

Сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды бойларына баулуды іске асыру үшін мобильді білім беру ортасын құру қажет. Арнайы электронды-әдістемелік лаборатория құрылады. Аудио, видео материалдар түрінде түрлі мобильді контенттер құрастырылады. Мобильді қосымша, сайт әзірленеді. Бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша білім алушылар ұлттық құндылық мәселесі аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Осы тұрғыдан аталған блокта мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу барысында қолданылатын формалар, әдістер, құралдар көрсетіледі. *Формаларға* инновациялық дәріс, мастер-класс, семинар-тренинг, бірлескен жоба, мұғалімдер мен ғалымдардың конференциясы, диплом жұмысын қорғау, байқау, көрме, ашық есік күні, форум және т.б., *әдістерге* интерактивті, диалогтік, өзарабайланыстық, әріптестік, ынтымақтастық және т.б., ал *құралдарға* элективті курстар, мобильді технология және т.б. ендірілген. Бұлардың барлығы да күтілетін нәтижені қалтастыруда ықпалы зор.

Технологиялық блоктағы тағы бір маңызды құрам болып мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулуды жүзеге асыру кезеңдері белгіленген. Бұл бейімділік, білімділік, біліктілік кезеңдерінен тұрады. Осы кезеңдер даярлықтың мазмұнына (психологиялық, теориялық, практикалық) кәсіби-тұлғалық сапаларының компоненттерінің (мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік) қалыптасуына сәйкес жүзеге асырылады. Кезеңдердің жүзеге асырылуына жоғарыда көрсетілген технологиялық мазмұн негіз болады. Ал бұл болса, модельдің құрылымдық бөліктерінің бір-бірімен тығыз байланыста құрылғандығын білдіреді. Сондай тағы бір байланыс **өлшемдік блоктың** болуын қажет етеді.

*Мотивациялы-құндылықтық компонент* болашақ бастауыш білім педагогінің ұлттық құндылықтарға ынтымақтастық, қызығушылық, қажеттіліктері мен өз білімдерін, біліктері мен жеке қасиеттерін үнемі жетілдіруге ұмтылуды, оны практикалық тәжірибемен байыту мақсатында өзіндік білім мен өзін-өзі жетілдіруге қажеттіліктерді қарастырады.

*Инновациялық-танымдық* компонент – студенттердің ұлттық құндылықтар туралы білімінің болуы дегенді білдіреді және «ұлттық тәрбие», «ұлттық болмыс», «ұлттық сана» туралы білімнің болуы, модельдеуі, ұғымдық-категориялық аппаратын талдауы, жүйелеуімен анықталады.

*Процессуалдық-нәтижелік компонент* – теориялық алынған білімді кәсіби іс-әрекетте қолдану.

Модельдегі өлшемдік блокта эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық өлшемдері көрсетіледі. Олардың төмен, орта, жоғары деңгейлері жасампаздық, белсенділік, пассивтік тұрғысынан айқындалған.

Сонымен, мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік компоненттер тұлғаны біртұтас дамыту аясын қамтиды. Оның өлшемдері мен көрсеткіштері төмендегі 1-кестеде ұсынылған.

*Кесте 1 – Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерінде ұлттық құндылық туралы білімнің қалыптасқандығының компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері*

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық-құндылықтық	Эмоционалдық-еріктік	– ұлттық құндылықтарға қызығушылығы; бағыттылығы; – теориялық білімді практикада бекітуге әрдайым ынтасының болуы; – ұлттық болмысы қалыптасқан педагог болуға эмоционалдық-адамгершілік қатынасы; – ұлттық құндылықтар рухында тәрбиеленген педагог болуға ерік-жігерінің болуы
Инновациялық-танымдық	Интеллектуалдық-креативтілік	–жеке тұлғалық болмысында ұлттық сапаның болуы; –ұлттық құндылықтар жайында білімінің тереңдігі;
Процессуалдық-нәтижелік	Коммуникативтік бағалаушылық	–ұлттық құндылықтарды мақтан тұту, бағалау –ұлттық құндылықтарға жасампаздығын байқауы
<b>Деңгейлері</b>		
Пассивтік	Белсенділік	Жасампаздық

*Пассивтік* (төмен деңгей) ұлттық құндылық туралы мәселеге қызығушылығы жоқ, олар туралы білімдерді игеру қажеттілігін түсіне қоймайды;

Ал, *белсенділік* (орта деңгей) болып саналып, студенттің ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы, яғни өзіндік оң көзқарасының болуы, мақтан тұтуы секілді біліктеріне ие екендігін көрсетеді. Өз Отаны алдында жауапкершілікті түсінеді, ұлттық құндылық туралы білімдерді игеру қажеттілігін түсінеді; теориялық-әдістемелік және арнайы білімдердің жеткілікті көлеміне ие.

Ал, *жасампаздық* (жоғары деңгей) туралы айтпас бұрын осы терминнің мәніне назар аударып өтейік. Бұдан біз жасампаздық ұғымы бір саланы жаңғырту, өркендету түсінігімен берілетіні ұғынамыз.

Зерттеуде болашақ бастауыш білім педагогінің жасампаздық деңгейі оның жасампаз педагог ретінде өз ұлтының ұлттық құндылықтарын сақтауға, дәріптеуге ұмтылысы, Отан мүддесі үшін жауапкершілікті аса түсінуі, орындауы, ұлт құндылықтарын мақтан тұтуы, өркендеуі үшін өз үлесін қосуы жоғары деңгейімен айқындалады. Жоғары эмпатиясының

болуымен ерешеленеді. Ұлттық болмысы қалыптасқан педагог болуға ұмтылысы жоғары деңгейді көрсетеді.

Жоғарыда берілген материалдар негізінде бакалавр және магистранттарға сауалнама мен тест әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткізіліп, оған 98 магистрант пен 183 болашақ бастауыш педагогтері қатысты. 6B01302 - Бастауыш білім бизнес инновациялармен, 6B01303 - Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, 6B01304 - Бастауыш білім көптілділікпен, 6B01305 - Бастауыш білім ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары бойынша оқитын бақылау тобына 90, эксперимент тобына 93 білімалушы және 7M01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша 98 магистрант таңдап алынды.

Сауалнама мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш педагогтерінің ұлттық құндылыққа баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін анықтау мақсатында өткізілді.

Сауалнама сұрақтары:

– «Ұлттық құндылықтарды дамыту үшін не қажет деп ойлайсыз? Астында берілген сөздерден қажеттісін белгілеңіз. Жүйелілік, қарым-қатынас, этнопедагогика, мотивация, құндылық, белсенділік, дүниетаным, таным, қабылдау, өзара әрекеттестік.

– «Қазіргі уақытта білімалушыларды ұлттық құндылыққа баулу үшін қандай педагогикалық шарттар қажет?»

– Білімалушыларды ұлттық құндылыққа баулудың қандай білім беру формалары ықпал етеді деп ойлайсыз?

– «Төменде берілген әдістердің ішінен білімалушыларды ұлттық құндылыққа баулитын ең қолайлы әдістерді таңдап алыңыз» Көрнекілік, интербелсенді, сөздік, диалогтық, бақылау, өзара әрекет, серіктестік, ынтымақтастық, практикалық, ойын т.б.


Анықтаушы эксперимент барысында білімалушыларына 1 дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмалары ұсынылды.

1. Ұлттық құндылық дегеніміз не?
2. Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай?
3. Ұлттық идеяның негізгі қағидаларын қамтитын мемлекеттік құжаттар?
4. Ұлттық құндылықтың құрамдас бөліктері қандай?
5. Бастауыш сыныптарда оқушылардың бойына сіңіретін ұлттық құндылықтың түрі?
6. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру дегеніміз не?
7. Мобильді технологияны зерттеген ғалымдар?
8. Мобильді технологияның түрлерін белгіле?
9. Мобильді технологияны қолданудың жолдары қандай?
10. Мобильді технология дегеніміз не?

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш педагогтерінің ұлттық құндылыққа баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін анықтау мақсатында білімалушылар мен магистранттардан сауалнама алынды.

Педагогикалық тәсілдерді анықтау үшін бақылау және эксперимент топ білімалушыларына сұрақ қойылды.

«Ұлттық құндылықтарды дамыту үшін не қажет деп ойлайсыз? Астында берілген сөздерден қажеттісін белгілеңіз. Жүйелілік, қарым-қатынас, этнопедагогика, мотивация, құндылық, белсенділік, дүниетаным, таным, қабылдау, өзара әрекеттестік. Сұрақ нәтижесі 2-суретте ұсынылған.




Сурет 2. Сауалнама нәтижелері

Сауалнама нәтижесінде жүйелілікті 86 респондент таңдады 87,7%, қарым-қатынасты 74 респондент белгіледі 75,5%, этнопедагогиканы 98 респондент көрсетті 100%, мотивацияны 81 респондент таңдады 82,6%, құндылықты 98 респондент 100%, белсенділікті 70 респондент белгіледі 71,4%, дүниетанымды 56 респондент 57,1%, танымды 66 респондент 67,3%, қабылдауды 48 респондент 48,9%, өзара әрекеттестікті 92 респондент белгіледі 93,8%.

Сонымен, біз келесі зерттеу тәсілдерін анықтадық: аксиологиялық, жүйелі-белсенділік, диалогтық, этнопедагогикалық.

Модельдің психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау үшін магистранттарға «Қазіргі уақытта білімалушыларды ұлттық құндылыққа баулу үшін қандай педагогикалық шарттар қажет?» деген сұрақ қойылды. Сұраққа берілген жауаптар 3-суретте ұсынылып отыр.



Сурет 3. Сауалнама нәтижелері

Бұл диаграммада біз мазмұны жағынан ұқсас жауаптарды біріктіріп, олардың ең көп таралған түрін көрсеттік. Суретте берілген нәтижелерді 2-кестеден көруімізге болады.



Кесте 2 – Сауалнама нәтижелері

Магистранттардың жауаптары	Магистранттар саны	%
Теориялық негіздерін анықтау	13	13.27
Шетелдік тәжірибені қолдану	13	13.27
Ұлттық құндылықтарды дамытуға қажетті орта жасау	14	14.29
Зертхананың ашылуы	12	12.24
Қазіргі заманғы мобильді технологияларды пайдалану	11	11.22
Ұлттық құндылықтарды дамытудың арнайы курсы енгізу	10	10.20
Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	12	12.24
Тренингтер өткізу	3	3.06
Оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу	5	5.10
Цифрлық технологияларды қолдану	3	3.06
Білімалушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру	2	2.04
Барлығы	98	100

Нәтижесінде біз модельдің келесі психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтадық: теориялық негіздерін анықтау, шетелдік тәжірибені қолдану, ұлттық құндылықтарды дамытуға қажетті орта жасау, зертхана ашу, қазіргі заманғы мобильді технологияларды пайдалану, ұлттық құндылықтарды дамытудың арнайы курсы енгізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, тренингтер өткізу, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, цифрлық технологияларды қолдану, білімалушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.

Мобильді орта арқылы ұлттық құндылықтарды дамыту формаларын анықтау үшін респонденттерге «Білімалушыларды ұлттық құндылыққа баулудың қандай білім беру формалары ықпал етеді деп ойлайсыз» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің ең жиі жазған жауаптары 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Сауалнама нәтижелері

Жоқ.	Шарттар	Магистранттар саны	%
1	Инновациялық дәріс	86	87,76
2	Семинар-тренинг	91	92,86
3	Қашықтықтан оқыту курстары	53	54.08
4	Негізгі пәндер бойынша сынақ тренажеры	47	47,96
5	Заманауи цифрлық технологиялар	96	97,96
6	Ғылыми-практикалық конференциялар	76	77,55
7	Пәндер бойынша материалдар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар	56	57.14
8	Оқуға қажетті материалдық-техникалық жабдық (арнайы компьютерлік және техникалық құралдар)	13	13.27
9	Бірлескен жоба	92	93,88
10	Байқаулар	85	86,73
11	Ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау	63	64.29
12	Пәндер бойынша ақпаратты аудио және видео	17	17.35


13	Көрме	74	75,51
14	Ашық есік күні	69	70.41
15	Форум	78	79,59

Сауалнама нәтижелері мобильді орта арқылы білімалушылардың ұлттық құндылыққа арттырудың формаларын анықтауға мүмкіндік берді: инновациялық дәріс, семинар-тренинг, заманауи цифрлық технологиялар, ғылыми-практикалық конференциялар, бірлескен жоба, конкурс, ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау, көрме, ашық есік күні, форум және т.б.

Мобильді ортаны құра отырып, білімалушылардың ұлттық құндылыққа баулудың тиімді әдістерін анықтау мақсатында респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: «Төменде берілген әдістердің ішінен білімалушыларды ұлттық құндылыққа баулитын ең қолайлы әдістерді таңдап алыңыз». Көрнекілік, интербелсенді, сөздік, диалогтық, бақылау, өзара әрекет, серіктестік, ынтымақтастық, практикалық, ойын т.б. Сұрақ нәтижесі 4-кестеде және 4-суретте ұсынып отырмыз.

Кесте 4 – Сауалнама нәтижелері

Әдістер	Магистранттар саны	%
Көрнекілік	16	16.33
Интербелсенді	97	98,98
Сөздік	34	34.69
Диалогтық	86	87,76
Бақылау	43	43,88
Өзара әрекет	90	91,84
Серіктестік	82	83,67
Ынтымақтастық	77	78,57
Практикалық	23	23.47
Ойын	6	6.12



Сурет 4. Сауалнама нәтижелері

Нәтижесінде мобильді ортаның көмегімен ұлттық құндылықтарды дамытудың тиімді әдістері анықталды: интерактивті, диалогтық, өзара әрекеттестік, серіктестік, ынтымақтастық және т.б.

Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш педагогтерін ұлттық құндылыққа баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін жүзеге асыру үшін білімалушы-

лардың ұлттық құндылықтар туралы білімдерін анықтау мақсатында анықтаушы экспериментін жүргіздік. Экспериментке Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 1 және 2 курстарының 183 білімалушылары қатысты. Бақылау тобында 90, экспериментте 93 білімалушылар.

Білімалушыларға 1 дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмалары ұсынылды.

1. Ұлттық құндылық дегеніміз не?
2. Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай?
3. Ұлттық идеяның негізгі қағидаларын қамтитын мемлекеттік құжаттар?
4. Ұлттық құндылықтың құрамдас бөліктері қандай?
5. Бастауыш сыныптарда оқушылардың бойына сіңіретін ұлттық құндылықтың түрі?
6. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру дегеніміз не?
7. Мобильді технологияны зерттеген ғалымдар?
8. Мобильді технологияның түрлерін белгіле?
9. Мобильді технологияны қолданудың жолдары қандай?
10. Мобильді технология дегеніміз не?

Нәтижесінде келесі 5-кестеде ұсынылған нәтижелер алынды

Кесте 5 – Сауалнама нәтижелері

№	Тест сұрақтары	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
		саны	%	саны	%
1	Ұлттық құндылық дегеніміз не?	34	37,78	31	33.33
2	Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай?	25	27.78	27	29.03
3	Ұлттық идеяның негізгі қағидаларын қамтитын мемлекеттік құжаттар?	14	15.56	16	17.20
4	Ұлттық құндылықтың құрамдас бөліктері қандай?	35	38,89	37	39,78
5	Бастауыш сыныптарда оқушылардың бойына сіңіретін ұлттық құндылықтың түрі?	16	17.78	20	21.51
6	Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру дегеніміз не?	26	28.89	23	24.73
7	Мобильді технологияны зерттеген ғалымдар?	5	5.56	9	9.68
8	Мобильді технологияның түрлерін белгіле?	25	27.78	22	23.66
9	Мобильді технологияны қолданудың жолдары қандай?	13	14.44	14	15.05
10	Мобильді технология дегеніміз не?	9	10	11	11.83

Топтар арасындағы статистикалық және білім деңгейі бойынша айырмашылықтарды тексеру үшін  $\chi^2$  критерийі пайдаланылды.

$$\chi^2 = \frac{1}{n_1 n_2} \sum \frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}, n_1, n_2 \text{ эксперименттік және бақылау топтарының}$$

білімалушылары.  $Q_{1i}, Q_{2i}$  - эксперименттік және бақылау топтарының жауаптары.

Кесте 6 – Топтар арасындағы статистикалық және білім деңгейі бойынша айырмашылықтар

Сұрақтар	$(n_1Q_{2i} - n_2Q_{1i})^2$	$Q_{1i} + Q_{2i}$	$\frac{(n_1Q_{2i} - n_2Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$	$\chi^2$
Ұлттық құндылық дегеніміз не?	1427.16	65	21.95631529	0,01063
Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай?	585.328	52	11.25630353	
Ұлттық идеяның негізгі қағидаларын қамтитын мемлекеттік құжаттар?	64.4596	отыз	2.148653452	
Ұлттық құндылықтың құрамдас бөліктері қандай?	2154.42	72	29.92255224	
Бастауыш сыныптарда оқушылардың бойына сіңіретін ұлттық құндылықтың түрі?	131,55	36	3.654172537	
Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру дегеніміз не?	459.403	49	9.375574333	
Мобильді технологияны зерттеген ғалымдар?	2.60146	14	0,185818344	
Мобильді технологияның түрлерін белгіле?	388.613	47	8.268354996	
Мобильді технологияны қолданудың жолдары қандай?	42.5534	27	1.576052228	
Мобильді технология дегеніміз не?	12.5911	20	0,629552549	

$$\chi_1^2 \approx 0,01$$

$q = 0,05$  маңыздылық деңгейі мен еркіндік дәрежесі  $v = 10-1 = 9$ .

$$\chi_1^2 < \chi_2^2 \cdot 0,01 < 16,9$$

Көрсетілген маңыздылық деңгейінде топтардың айтарлықтай статистикалық айырмашылықтары жоқ, бұл дегеніміз эксперименттік және бақылау топтары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жарамды болып саналады.

**Қорытынды.** Бұл зерттеу жұмысында шетелдік және қазақстандық зерттеушілер еңбектерінде ұлттық құндылыққа негізделген білім берудің қазіргі жағдайы мен болашағы туралы мәселелер талқыланды. Мобильді оқыту – бұл білім беру ортасындағы өзгерістерге әсер етіп отырған цифрлық технологиялардың қарқынды дамуының нәтижесі екендігі және осыған орай бүгінгі күні мобильді білім беру орта құру арқылы оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін жаңа педагогикалық модельдердің қажеттілігі анықталды.

Болашақ мұғалімдерге ұлттық тәрбие беру үдерісін зерттеу нәтижесінде білімалушыларды ұлттық құндылықтарға мобильді білім беру ортасын құру арқылы баулудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш педагогтерінің ұлттық құндылыққа баулудың құрылымдық-мазмұндық моделін анықтау мақсатында анықтаушы эксперимент, сауалнама жүргізілді.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша мынадай мәліметтер алынды: қазіргі кезде білімалушыларды ұлттық құндылықтармен таныстыру үшін қандай жағдайлар қажет сұрағының нәтижесінде аксиологиялық, жүйелік-белсенділік, диалогтық, этнопедагогикалық тәсілдері таңдалды.

Модельдің психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау мақсатында қойылған сұрақ бойынша ұлттық құндылықтарды дамытуға қажетті орта жасау, зертхана ашу, қазіргі заманғы мобильді технологияларды пайдалану, ұлттық құндылықтарды дамыту бойынша арнайы курс енгізу қажеттілігі туындады.

Ұлттық құндылықтарды дамыту үшін қолданылатын әдістердің ішінен ең қолайлысы болып заманауи цифрлық технологиялар анықталды.

Мобильді ортаны құра отырып, ұлттық құндылыққа баулудың тиімді әдісі ретінде интерактивті әдістер таңдалды.

Анықтаушы эксперимент өткізіліп, топтар арасындағы статистикалық және білім деңгейі бойынша айырмашылықтарды тексеру үшін  $\chi^2$  критерийі пайдаланылды. Көрсетілген маңыздылық деңгейінде топтардың айтарлықтай статистикалық айырмашылықтары болмады, демек эксперименттік және бақылау топтары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жарамды болып саналады.

Келесі кезекте ұсынылған «Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогін ұлттық құндылыққа баулудың құрылымдық-мазмұндық моделі» іріктелген топтарда қалыптастырушы эксперимент барысында сынақтан өткізіледі.

*Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми гранттық қаржыландыру АР 14872058 «Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулу» жобасының аясында орындалды.*

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» стратегиялық ұлттық жобалар тұжырымдамасы туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001016>
2. Mbanefo, Maryrose & Olatunji, F.. Towards achieving national goals through effective implementation of basic education policy plan // ResearchGate. - 2022. Vol.1.Nc.10. – P.1-14. DOI: <https://www.researchgate.net/publication/364325027>
3. Das, Prasenjit Teacher Education in the Light of National Education Policy-2020 // Disha international publishing house. - 2023. – P. 64-72. DOI: [-https://www.researchgate.net/publication/369627532](https://www.researchgate.net/publication/369627532)
4. Chatzara, Maria & Tsiakis, Theodosios. Literature review of value co-creation in education institutes: current states and future perspectives // Journal of Education, Society & Multiculturalism. -2023. Vol. 4. Nc. 1. – P. 30-50. DOI:10.2478/jesm-2023-0002
5. Jim Hordern Educational knowledge: traditions of inquiry, specialisation and practice// Pedagogy, Culture & Society. - 2018. – P. 577-591. DOI: <https://doi.org/10.1080/14681366.2018.1428221>
6. Kearney, M., Burden, K., y Rai, T. Investigating teachers' adoption of signature mobile pedagogies // Computers & Education 80 - 2015. – P.48-57. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2014.08.009>
7. Bano, M., Zowghi, D., Kearney, M., Schuck, S., Aubuson, P. Mobile learning for science and mathematics school education: A systematic review of empirical evidence // Computers & Education - 2018. 121, – P. 30-58. <https://doi.org/10.1007/s10798-014-9268-x>
8. Romero, R. Depression and the meaning of life in university students in times of pandemic // International Journal of Educational Psychology - 2020. 9(3), – P. 223-242. <https://doi.org/10.17583/ijep.2020.6784>
9. Meconatha, D., Praul, M., y Lynch, M. Mobile learning in higher education: an empirical assessment of a new educational tool // The Turkish Online Journal of Educational Technology – TOJET-2008. №7 (3), – P. 15-21. Recuperado de: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1102943.pdf>
10. Mirski, P., Abfalter, D. Knowledge enhancement on site-guests' attitudes towards m-learning. In Proceeding of the information and communication technologies in tourism. – Cairo: Egypto, 2004.

11. Ardies, J., De Maeyer, S., Gijbels, D., y Van K,H. Students attitudes towards technology // *International Journal of Technology and Design Education* - 2015. №25, – P. 43-65. <https://doi.org/10.1007/s10798-014-9268-x>

12. Glackin, B, Rodenhiser, R., y Herzog, B. A library and the disciplines: a collaborative project assessing the impact of ebooks and mobile devices on student learning // *The Journal of Academic Librarianship* -2014. № 40(3-4), – P. 299-306. <https://doi.org/10.1016/j.acalib.2014.04.007>

13. De Pablos, P., Tennyson, R., y Lytras, M. Assessing the role of Mobile technologies and distance learning in higher education // *Reino Unido: Editorial IGI Global* -2015.

14. Campos, Jorge & Barreto, Israel *Tecnología móvil en el aprendizaje universitario // Sophia*. - 2021. Vol. 17. Nc. 1. – P. 1016. DOI:10.18634/sophiaj.17v.1i.1015

15. Берикханова А. Ұлттық құндылықтарға бағдарланған маман тұлғасын қалыптастырудағы инновациялық идеялар мен оларды іске асыру тетіктері // *Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы = Поиск. Серия гуманитарных наук*. – 2011. - №4(45) – Б. 221-225.

16. Қуанышбаева А. Ұлттық құндылықтарды танытудағы педагогикалық технологиялардың маңызы // *Қазақстан мектебі*. - 2012. №2. – Б.33-36.

17. Тұңғышбаева Ф.Ж. Ұлттық құндылықтарды оқыту процесінде пайдалану әдістері// *Жантану мәселелері*. – 2015. №2. – Б.7-9.

18. Тұрғанбаева Ж. Ұлттық құндылықтарды тәрбиеде қолданудың жаңа үрдістері // *Қазақстан мектебі*. – 2018. - №3. – Б.44-48.

19. Қуанышбаева Ж.Ж. Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар (саясаттанулық талдау): филос.ғыл.докт. ...дис. (PhD) (саясат). – Алматы: 2015. – Б.154.

20. Шашаева Г.К. Қазақстанның мәдени мұра құндылықтарын жүйелеу және оларды жоғары білім беруді жетілдіру: филос.ғыл.докт. ...дис. (PhD) (педагогика және психология). – Алматы: 2016. – Б.170.

21. Джонисова Г.Қ. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру: пед.ғыл.канд. ... автореф. – Атырау: 2010. – Б.30.

22. Амирова А.С., Бузаубаева К.Д., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика. Оқулық. –Тараз: ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.»: 2022. – Б.314.

23. Жумабаева А.Е., Базарбекова Р.Ж., Нұржанова С.А., Стамбекова А.С., Жұмабаева Ж., Оспанкулов Е.Е. Analysis of Prospective Primary School Teachers' Attitudes towards Mobile Learning Tools and Acceptance of Mobile Learning // *International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST)* - 2023. №11(3), – P.728-743. – <https://www.ijemst.net/index.php/ijemst/article/view/3322>

24. Закарьянова А.Б. Мобильді технологиялар білім беру үрдісінде // *Педагогикалық альманах* - 2016. №3. – Б.46-50.

25. Керимбаева Н.Н. Мобильные технологии в виртуальных средах обучения// *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Физика-математика ғылымдарының сериясы*. –2021. - № 3. – С. 197-204.

26. Икласова К.Е. Мобильді технологиялар мен қосымшалар пәні бойынша зертханалық жұмыстар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл: СҚУ, 2022. – Б.153.

27. Бимашева Г.С. Мобильные технологии как инструмент обучения английскому языку как иностранному// *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы*. – 2021. - №2. – С.161-171.

#### References:

1. «Madeni mura», «Rukhani zhangyru», «Mangilik el» strategiialyk ulityk zhobalar tuzhyrymdamasy turaly. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001016>

2. Mbanefo Maryrose & Olatunji, F.. Towards achieving national goals through effective implementation of basic education policy plan // *ResearchGate*. - 2022. Vol.1.Nc.10. – P.1-14. DOI: <https://www.researchgate.net/publication/364325027>

3. Das, Prasenjit *Teacher Education in the Light of National Education Policy-2020 // Disha international publishing house*. - 2023. – P. 64-72. DOI: <https://www.researchgate.net/publication/369627532>

4. Chatzara Maria & Tsiakis, Theodosios. Literature review of value co-creation in education institutes: current states and future perspectives // *Journal of Education, Society & Multiculturalism*. -2023. Vol. 4. Nc. 1. – P. 30-50. DOI:10.2478/jesm-2023-0002

5. Jim Hordern *Educational knowledge: traditions of inquiry, specialisation and practice// Pedagogy, Culture & Society*. - 2018. – P. 577-591. DOI: <https://doi.org/10.1080/14681366.2018.1428221>

6. Kearney M., Burden, K., y Rai, T. Investigating teachers' adoption of signature mobile pedagogies // *Computers & Education* 80 - 2015. – P.48-57. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2014.08.009>
7. Bano M., Zowghi, D., Kearney, M., Schuck, S., Aubuson, P. Mobile learning for science and mathematics school education: A systematic review of empirical evidence // *Computers & Education* - 2018. 121, – P. 30-58. <https://doi.org/10.1007/s10798-014-9268-x>
8. Romero R. Depression and the meaning of life in university students in times of pandemic // *International Journal of Educational Psychology* - 2020. 9(3), – P. 223-242. <https://doi.org/10.17583/ijep.2020.6784>
9. Mcconatha D., Praul, M., y Lynch, M. Mobile learning in higher education: an empirical assessment of a new educational tool // *The Turkish Online Journal of Educational Technology – TOJET* -2008. №7 (3), – P. 15-21. Recuperado de: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1102943.pdf>
10. Mirski P., Abfalter, D. Knowledge enhancement on site-guests' attitudes towards m-learning. In *Proceeding of the information and communication technologies in tourism*. – Cairo: Egypto, 2004.
11. Ardies J., De Maeyer, S., Gijbels, D., y Van K, H. Students attitudes towards technology // *International Journal of Technology and Design Education* - 2015. №25, – P. 43-65. <https://doi.org/10.1007/s10798-014-9268-x>
12. Glackin B, Rodenhiser, R., y Herzog, B. A library and the disciplines: a collaborative project assessing the impact of ebooks and mobile devices on student learning // *The Journal of Academic Librarianship* -2014. № 40(3-4), – P. 299-306. <https://doi.org/10.1016/j.acalib.2014.04.007>
13. De Pablos, P., Tennyson, R., y Lytras, M. Assessing the role of Mobile technologies and distance learning in higher education // *Reino Unido: Editorial IGI Global* -2015.
14. Campos, Jorge & Barreto, Israel *Tecnología móvil en el aprendizaje universitario* // *Sophia*. - 2021. Vol. 17. Nc. 1. – P. 1016. DOI:10.18634/sophiaj.17v.1i.1015
15. Berikhanova A. Ultyk kundylyktarga bagdarlangan maman tulgasyn kalyptastyrudagy innovatsiialyk ideialar men olardy iske asyru tetikteri // *Izdenis. Gumanitaryk gylymdar seriyasy = Poisk. Seriiia gumanitarykh nauk*. - 2011. - №4. – B. 221-225.
16. Kuanyshbaeva A. Ultyk kundylyktardy tanytudagy pedagogikalyk tekhnologiialardyn manyzy // *Kazakstan mektebi*. - 2012. №2. – B.33-36.
17. Tungyshbaeva G.Zh, Ultyk kundylyktardy okytu protsesinde paidalanu adisteri// *Zhantanu maseleleri*. – 2015. №2. – B.7-9.
18. Turganbaeva Zh. Ultyk kundylyktardy tarbiyede koldanudyn zhana urdisteri // *Kazakstan mektebi*. – 2018. - №3. – B.44-48.
19. Kuanyshbaeva Zh.Zh. *Kazakstan Respublikasyndagy zhalpyadamzattyk zhane ultyk kundylyktar (saiasattanulyk taldau): filos.gyl.dokt. ...dis. (PhD) (saiasat)*. – Almaty: 2015. – B.154.
20. Shashaeva G.K. *Kazakstannyn madeni mura kundylyktaryn zhuiyeleu zhane olardy zhogary bilim berudi zhetildiru: filos.gyl.dokt. ...dis. (PhD) (pedagogika zhane psikhologiya)*. – Almaty: 2016. – B.170.
21. Dzhonisova G.K. *Bastauysh mekteptin oku-tarbie uderisinde okushylardyn ultyk kundylyk bagdaryn kalyptastyru: ped.gyl.kand. ... avto-ref. – Atyrau: 2010. – B.30.*
22. Amirova A.S., Buzaubakova K.D., Makovetskaia A.A. *Tsifrlly pedagogika. Okulyk. –Taraz: IP «Beisenbekova A.Zh.»: 2022. – B.314.*
23. Zhumabaeva A.E., Bazarbekova R.Zh., Nurzhanova S.A., Stambekova A.S., Zhumabayeva Zh., Ospankulov E.E. *Analysis of Prospective Primary School Teachers' Attitudes towards Mobile Learning Tools and Acceptance of Mobile Learning* // *International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST)* - 2023. №11(3), – P.728-743.<https://www.ijemst.net/index.php/ijemst/article/view/3322>
24. Zakarianova A.B. *Mobildi tekhnologiialar bilim beru urdisinde* // *Pedagogikalyk almanakh* - 2016. №3. – B.46-50.
25. Kerimbaeva N.N. *Mobilnye tekhnologii v virtualnykh sredakh obucheniia*// *Abai atyndagy KazUPU-nin khabarshysy. Fikhika-matematika gylymdarynyn seriyasy*. – 2021. - № 3. – S. 197-204.
26. Iklasova K.E. *Mobildi tekhnologiialar men kosymshalar pani boynsha zertkhanalyk zhumystar zhinagy. Oku-adistemelik kural*. – Petropavl: SKU, 2022. – B.153.
27. Bimasheva G.S. *Mobilnye tekhnologii kak instrument obucheniia angliiskomu iazyku kak inostrannomu*// *Kazak ultyk kyzdar pedagogikalyk universitetinin khabarshysy*. – 2021. - №2. – S.161-171.

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ:  
МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ  
ВУЗОВСКОЕ И ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
ПРОБЛЕМЫ, ИННОВАЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

МРНТИ 14.35.07  
УДК 378.14

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.011>

*Шмигирилова И.Б.,\*<sup>1</sup> Таджигитов А.А.,<sup>1</sup> Дарбаева Д.К.,<sup>1</sup> Ахметжанов М.С.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева,  
г. Петропавловск, Казахстан*

**ОСОБЕННОСТИ ВУЗОВСКОГО ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ  
ПЕДАГОГОВ – ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ЦИФРОВОГО ПОКОЛЕНИЯ**

*Аннотация*

Цифровизация всех сфер деятельности человека не могут не отразиться и на образовательных процессах. Те, кто сейчас в вузах осваивают профессию педагога, своей профессиональной деятельностью будут определять систему образования будущего. Сегодняшние студенты являются типичными представителями цифрового поколения, поэтому изучение характерных черт этого поколения актуально в свете решения проблемы модернизации и развития образовательной системы в ответ на вызовы 21 века. Таким образом, остро стоит вопрос поиска наиболее эффективных форм, методов и приемов вузовского обучения будущих учителей, которые, с одной стороны, сами являются представителями цифрового поколения, с другой стороны, будут вынуждены обучать школьников, еще более ориентированных на цифровые технологии. Цель исследования: на основе обобщения характерных черт цифрового поколения актуализировать идеи трансформации методов и форм вузовской подготовки будущих педагогов – типичных представителей этого поколения. Теоретическое исследование базировалось на аспектном анализе научных источников. Для сбора эмпирических данных использован онлайн-опрос практикующих школьных учителей и вузовских преподавателей. Материалы, представленные в статье, могут быть полезны при осуществлении дальнейших исследований указанной проблемы и, кроме того, могут быть использованы практикующими педагогами в своей профессиональной деятельности.

**Ключевые слова:** подготовка учителей в вузе, цифровое поколение, поколение Z, цифровизация образования, цифровые компетенции.

*И.Б. Шмигирилова,<sup>1\*</sup> А.А. Таджигитов,<sup>1</sup> Д.К. Дарбаева,<sup>1</sup> М.С. Ахметжанов<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,  
Петропавл қ., Қазақстан*

**САНДЫҚ БУЫН ӨКІЛДЕРІ – БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ  
ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Адам қызметінің барлық салаларын цифрландыру білім беру процестеріне де әсер ете алмайды. қазір жоғары оқу орындарында педагог мамандығын игеріп жүргендер өздерінің кәсіби қызметімен болашақтың білім беру жүйесін айқындайтын болады. Бүгінгі студенттер цифрлық ұрпақтың типтік өкілдері болып табылады, сондықтан 21 ғасырдың сын-тегеурін-



деріне жауап ретінде білім беру жүйесін модернизациялау және дамыту мәселесін шешу аясында осы ұрпақтың сипаттамаларын зерттеу өзекті болып табылады. Осылайша, бір жағынан цифрлық ұрпақтың өкілдері болып табылатын болашақ мұғалімдерді жоо-да оқытудың неғұрлым тиімді нысандарын, әдістері мен тәсілдерін іздеу мәселесі өткір тұр, екінші жағынан, цифрлық технологияларға одан да бағдарланған оқушыларды оқытуға мәжбүр болады. Зерттеудің мақсаты: цифрлық ұрпақтың сипаттамаларын жалпылау негізінде болашақ педагогтарды – осы ұрпақтың типтік өкілдерін жоо-да даярлаудың әдістері мен формаларын өзгерту идеяларын өзектендіру. Теориялық зерттеу ғылыми дереккөздерді аспективі талдауға негізделген. Эмпирикалық деректерді жинау үшін тәжірибелі мектеп мұғалімдері мен университет оқытушыларының онлайн-сауалнамасы пайдаланылды. Мақала-да келтірілген материалдар аталған проблеманы одан әрі зерттеу кезінде пайдалы болуы мүмкін, сонымен қатар тәжірибелік педагогтар өздерінің кәсіби қызметінде қолдана алады.

**Түйін сөздер:** ЖОО-да мұғалімдерді даярлау, цифрлық ұрпақ, Z буыны, білім беруді цифрландыру, цифрлық құзыреттер.

*Shmigirilova I.,<sup>1\*</sup> Tadzhigitov A.,<sup>1</sup> Dardaeva D.,<sup>1</sup> Akhmetzhanov M.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>M. Kozybaev North Kazakhstan University,  
Petrovsk, Kazakhstan*

## **FEATURES OF UNIVERSITY TRAINING OF FUTURE TEACHERS – REPRESENTATIVES OF THE DIGITAL GENERATION**

### *Abstract*

The digitalization of all spheres of human activity cannot but affect educational processes. Those who are now mastering profession of a teacher in universities will determine education system of future with their professional activities. Today's students are typical representatives of digital generation, so study of the characteristics of this generation is relevant in light of solving problem of modernizing and developing educational system in response to challenges of 21st century. Thus, there is an acute issue of finding most effective forms, methods and techniques of university education for future teachers, who, on one hand, are themselves representatives of digital generation, on other hand, will be forced to teach schoolchildren who are even more digitally oriented. Purpose of study: based on generalization of characteristic features of digital generation, to update ideas of transforming methods and forms of university training of future teachers – typical representatives of this generation. Theoretical study was based on an aspect analysis of scientific sources. To collect empirical data, an online survey of practicing school teachers and university teachers was used. Materials presented in article may be useful in carrying out further research on this problem and, in addition, can be used by practicing teachers in their professional activities.

**Keywords:** teacher training at the university, digital generation, generation Z, digitalization of education, digital competencies.

**Основные положения.** Цифровизация системы профессионального образования, являясь глобальным процессом, должна сопровождаться тщательным и глубоким научным изучением, поскольку в противном случае существует риски дегуманизация не только образовательных, но и всех иных социальных отношений и нарастание кризиса интеллектуальной культуры членов современного общества.

Для эффективного взаимодействия с современным студенчеством, вузовским преподавателям необходимо владеть знанием и пониманием социально-психологических характеристик, типичных для представителей цифрового поколения и оказывающих существенное влияние на их обучение.

Вузовская подготовка будущих учителей – представителей цифрового поколения, должны выстраиваться на разумном и обоснованном использовании таких методов и технологий, которые ориентированы на потребности и познавательные возможности современных студентов, но при этом обеспечивают формирование навыков критического мышления, эффективной познавательной деятельности и профессионально значимых качеств.

В учебные планы педагогических образовательных программ, необходимо включить дисциплины, которые будут ориентированных на освоение методов и технологий цифровой дидактики и педагогического дизайна.

**Введение.** Интенсивное развитие технологий, цифровизация всех сфер деятельности человека не могут не отразиться и на образовательных процессах. Сегодня первые представители поколения постмиллениалов заканчивают вузы и вливаются в профессиональные сообщества. И то, как они будут осуществлять свои трудовые функции, в значительной мере определит дальнейшее технологическое и социальное развитие государства. Это напрямую относится и к сегодняшним выпускникам педагогических образовательных программ. Более того, те, кто сейчас в вузах осваивают профессию педагога, своей профессиональной деятельностью будут определять систему образования ближайшего будущего, от которой, в свою очередь, во многом будет зависеть то, какими будут члены нашего общества и в достаточно отдаленной перспективе.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында: «инновациялық ойлаумен дамуға, табысқа, бәсекеге қабілеттілікке және жасампаздыққа бағдарланған креативті ұрпақты тәрбиелеу тұлғаның жаңа білімдерін, жобаларын қалыптастыру есебінен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін әртараптандыру және арттыру үшін аса маңызды» деген тікелей басымдықтарды іске асыруды көздейді [2].

Ендеше жоғарыда көрсетілген әрі талданған нормативтік құжаттардың мақсат, міндеттерін шешу жолында қазіргі кезде маманды сапалы дайындау және болашақта кәсіби іріктеу үшін кәсіби маңызды сапалардың мазмұнын сипаттау және оларды өлшеу бағанасының көрсеткіштері арқылы айқындалған түрленуінің қолайлы шегін анықтау қажеттігі туындап отыр. Ал оның көрсеткіштерінің бірі болашақ педагогтердің өз шығармашылығын кәсіби

ортада жарыққа шығару. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардың фасилитациялық құзыреттілігінің болуын міндеттейді.

Мемлекетіміз үшін білім, ғылымдағы субъективті идеяларды қамтамасыз етуде формальды және формальды емес білім беруді оқытудың нәтижелерін танудың озық жүйесінде, бақытты өмір сүруге қажетті дұрыс және тұрақты әдеттер сезімдерін, ізденушілік мәдениетін меңгеруде пайымын айқындайтын және көшбасшылығын қамтамасыз ететін студенттердің «моральдық компасында» кәсіби даярлау ісінде құзыреттіліктердің игерілуі бірінші дәрежелі басымдықтар ретінде қарастырылады.

Білімдік парадигмадан таным үдерісіне қатысушылардың белсенді әрекеттерін талап ететін әрекеттік парадигмаға көшу жолында білім парадигмасының философиялық, психологиялық негіздері бойынша педагогикалық қызметтің қалыптасуында фасилитациялық қызметтің басты шарты диалогтік білім яғни, субъект-субъект диадасындағы өзара байланысының формасы болады.

Субъектілердің өзара әрекеттестігіндегі басты фактор мұндағы қатысушы педагог мамандардың қызығушылықтары, қажеттіліктері, мақсаттарын түсіну бола алады. Адам санасындағы, әрекетіндегі демократиялық пен ізгіліктің көрінісі толеранттылық болса, ол өз кезегінде педагогтың кәсіби қызметіндегі белгілі әдіспен өзгеріске ұшырап, оның диалогтық бағдары мұғалімнің өмірлік көзқарасында, мінез-құлығында, кәсібіне, өзіне деген көзқарасында, әдістер мен инновациялық ресурс көздерін таңдауында көрініс тауып, болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзін-өзі педагогикалық үдерістің фасилитаторына айналдыра алуы мүмкін.

Зерттеулерге сүйенсек, фасилитацияға дайындықты қамтитын кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру ЖОО-да кәсіби білім беру кезеңінде басталатынына қарамастан, фасилитациялық үдерісті ұйымдастырудың практикалық дағдыларын дамыту жеткіліксіз болып табылады, фасилитацияға дайындықтың құрамдас бөліктерін құрайтын жеке психологиялық сипаттамалар толық қалыптаспаған. Бұл бүгінгі таңда мемлекет пен қоғам алға қойған кәсіби міндеттерін мұғалімнің тиімді жүзеге асыруы мақсатында ЖОО-да оқыту кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлық жүйесін жеңілдетуге дайындықтармен қалыптастыруды толықтыру қажеттігін көрсетеді.

Білім берудің барлық сатыларында қарастырылатын фасилитациялық жұмыстар бойынша К.Рождерс [3], Б.А. Әлмұхамбетов [4], Ж. Қараев [5], Б.А. Тұрғынбаева [6] және т.б. ғалымдар зерделеген.

Қазіргі таңда ЖОО-да болашақ педагогтерді даярлауда фасилитациялық құзыреттілікті зерттеу мәселесі әлі де болса нақтылауларды қажет етеді, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда бұл құбылыстың теориялық негіздері және негізгі сипаттамалары толық анықталмаған, сондай-ақ ЖОО-да кәсіби білім беру кезеңінде дамытудың тиімді әдіс-төмесінің жасалмауының арасында қарама-қайшылықтар туындап, бүгінгі мақаламызда болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындап ұсынуды жөн санаймыз. Сондықтан ең алдымен, фасилитациялық құзыреттілік, болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен құрылымына талдаулар жүргізіп, оны модельдеу және бастапқы диагностикасын жүргізу жолға қойылады. Мақаламыздың алдағы бөлімдерінде ұсынылады.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық және эмпирикалық негіздеуде ассоциациялау, контент-талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, диагностикалау т.б. әдістер жүзеге асады.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығында алдымен өздерінің тәрбиесі мен білімі, біліктілігі, адамгершілігі, жақсылыққа бейім болуы, ғылымды меңгеруі сынды кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына басымдық беру керектігін алға шығарамыз.



Бұл тұрғыда А.Маслоу (1908-1970) өз зерттеулерінде: «...Өзін-өзі өзектендіретін адамдардың тұлғалық ерекшеліктерін: тәуелсіз болу, креативтілік, дүниені философиялық қабылдау, қарым-қатынастағы демократиялық, өнімділік т.б.» деп бөліп сипаттайды. А.Маслоу «фасилитация» ұғымы турасында: «...өзін-өзі өзектендіретін адам қандай да бір іске кіріскен ...олар сол іске берілген, бұл олар үшін өте құнды – бұл олардың басты ұстанымы» деп түсіндіреді [7]. ЖОО-дағы студенттердің кәсіби даярлануы болашаққа үнемі даму мен өз мүмкіндігін тәжірибеде жүзеге асыруды көздейді. А.Маслоудың пікірі бойынша, өзін-өзі өзектендіру туа берілетін құбылыс, ол адамның табиғатына кіреді. Автордың пікірінен байқайтынымыз, фасилитация арқылы өзін-өзі дамыту жүзеге асады, яғни бұл адамның ядросын құрайды деуге болады.

ЖОО-да болашақ мамандардың кәсіби анықталуы көптеген сатылардан тұрады. Студенттердің кәсіби анықталу сатыларын әр психолог әр түрлі кезеңдерге бөледі. Мәселен, американдық психолог Д.Сюпер адамның кәсіби жолының кейбір өзіне тән сатыларын бөліп қарастырады. Оны ең бірінші болашақ маманның өзінің *ікемділігі мен қабілетін анықтау* және соған сәйкес мамандықты іздеуі қызықтырған [8].


Осы орайда болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін келесідей өлшемдер арқылы сипаттауға болады:

- ЖОО-да алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұтымды үйлестіре білу білігі;
- өз мамандығы бойынша құбылысты шындықты жүйелі түрде қабылдап, одан анализ шығара білуі;
- білім алуда әдістемелік жұмыстарды фасилитаторлық тұрғыда ұйымдастыру;
- алған білімдерінен жүйелі әрекет жасай алуы;
- заманауи түсінігі арқылы технологияны жетік білуі;
- өз-өзіне есеп беруі, өз әрекетін рефлексиялай алуы және т.б.

Білім беру жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі – ЖОО-дары студенттерінің кәсіби қалыптасуы. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекеттеріне, олардың жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына дербес мақсатының болуы, білім мен іскерлікті игеруге деген талпынысы, өзінің болашақ қызметі туралы нақты ғылыми дәйекті ақпараттардың болуы және жоспарлы бағдарламалардың жүйелі болуы айтарлықтай ықпал етеді. Жоғарыда көрсетілген өлшемдердің барлығы дерлік фасилитаторлық жұмыстар негізінде толығып, студенттердің кәсіби даярлығы тереңдей түсуге мүмкіндігі жоғары.

К.Роджерстің тұжырымдамалары басым түрде фасилитациялық білімді зерттеуге арналған. Оның пікірінше: *«педагогикалық фасилитация – оқытудың өнімділігін арттыру, қарым-қатынастың ерекше стилі мен мұғалімнің жеке басының арқасында кәсіптік-педагогикалық процестің субъектілерінің дамуы»* деп көрсетіледі. К.Роджерс пен басқа гуманистік бағыттағы психологтардың оқыту мен тәрбиелеу саласындағы теориялық және практикалық әзірлемелерінде *белсенділік, тұлғалық, қарым-қатынас* т.б. қабілеттерге сай шығармашылығы жан-жақты зерттеледі.

К.Роджерстің зерттеулерінің ауқымы кеңдігі сол, білім берудің нақты реформасы мұғалімнің оның студенттермен тұлғааралық қарым-қатынасы процесінде жүзеге асырылатын белгілі бір жеке көзқарастарына негізделуі керек екендігін негізге ала отырып, ол фасилитатордың үш негізгі қатынасын анықтайды. Олардың *біріншісі «ақиқат», екіншісі «ашықтық»* терминдерімен сипатталған мұғалімнің өз ойлары мен тәжірибесіне ашықтығын, студенттермен тұлғааралық қарым-қатынаста оларды шын жүреппен тыңдай білуін білдіреді. Бұл көзқарас болашақ бастауыш білім педагогіне тән таза рөлдік мінез-құлыққа деген балама етінде қарастырылады [3, 576].



1-сурет. Фасилитатордың субъективті қатынасы (педагогикалық оптимизм)

«Эмпатикалық түсіну» терминімен сипатталатын үшінші жағдай педагогтің әрбір оқушының ішкі әлемі мен мінез-құлқын өзінің ішкі позициясымен, көзімен көруі. Осы үш қатынас болашақ бастауыш білім педагогінің «қабылдау», «сенім» сипаттары бойынша мұғалім-фасилитатордың екінші жағдайы мұғалімнің әрбір оқушының мүмкіндіктері мен қабілетіне деген ішкі сенімі (1-суретте ұсынылады). Бұл көзқарас көп жағдайда психологиялық-педагогикалық ғылымда әдетте педагогикалық оптимизм деп аталады.

ЖОО студенттерімен әрекеттесу кезінде фасилитатордың негізгі белгілерін шетел ғалымы К.Роджерс өз жұмысында анықтайды. Ол білім беру реформасы негізінен мұғалімнің оқушылармен тұлғааралық қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асырылатын жеке көзқарастарының өзгеруіне негізделуі керек деп санайды. Фасилитатор-мұғалімге тән сипаттамалар:

– «ашықтық», мұғалімдер өз ойларына, сезімдеріне, қарым - қатынастарына, сондай-ақ оқушылармен тұлғааралық қарым-қатынаста өз ойлары мен тәжірибелерін ашық білдіру және тарату қабілеті;

– мұғалімнің әр оқушының мүмкіндіктері мен қабілеттеріне деген ішкі сенімін білдіретін «қабылдау» және «сенім»; көп жағдайда бұл көзқарас «педагогикалық оптимизм», «оқушының жағымды қасиеттеріне сүйену» деуге сәйкес келеді;

– «эмпатикалық түсіну», мұғалімнің оқушыны басқаруға деген көзқарасы, оның реакцияларын, іс-әрекеттерін оқушының өзі тұрғысынан бағалау арқылы көрінеді. Осылайша, білім беру парадигмасының өзгеруі мұғалімді фасилитатордың қасиеттерімен байытудың қажеті жоқ, баланы тыңдайтын және еститін, көретін, түсінетін, кешіретін және қабылдайтын адам. Ол үшін эмпатикалық және рефлексиялық қабілеттеріңізді өзектендіру, сондай-ақ бастауыш мектепте баланың еркін және шығармашылық өзін-өзі көрсетуі үшін жағдай жасау қажеттігі туындайды.

К.Роджерс педагог-фасилитатор өз оқушыларымен тіл табыса отырып, оқушылардың позициясына кіріп, әр нәрсеге балалардың көзімен қарай алатынын атап өтеді. Сондай-ақ, К.Роджерс осы көзқарастардың негізінде әрбір педагог-фасилитатор өзінің оқыту құралдарын әзірлейтінін алға шығарады [3, 169б].

Ынталандыру, оқытудың ынтымақтастық сипатын беру – білім берудің ең негізгі көрсеткіші. Белгілі бір тұлғаға яғни, оқушыға білім беруде дәлелденген формалар мен әдістерден басқа дамытатын технологияларды қолдану қарастырылған: интерактивті дәрістер, кәсіби жағдаяттарды модельдеу, іскерлік ойындар, ойын жаттығулары, тренингтер.

Осы ұйымдастыру формаларын жүзеге асыруда жетекші мұғалімге маңызды рөл жүктеледі. Оларды жүзеге асыру арқылы мұғалімге жаңа педагог-фасилитатор лауазымын қабылдау қажет болады. Фасилитация (ағылшын тілінен аударғанда жеңілдету, алға жыл-

жыту) термині психологияда басқа адамның немесе топтың қатысуына байланысты жеке адамның немесе топтың өнімділігін жеңілдету, оңтайландыру және арттыру үдерісі. Фасилитация фасилитатор арқылы кездейсоқ, бейсаналық түрде жүзеге асады.

Бұл ретте оқушы мен мұғалімнің арасында қарым-қатынас жоғары болса, білім сапасының белгілі бір жағдайда жоғарылайтынын ккруге болады. Әрбір адамның жеке қадір-қасиетіне қарамастан жасы, мәдени және интеллектуалдық даму деңгейі, еркіндік қабілетінің маңыздылығы мен өзектілігінде жатыр. Тұлғаның дамуын белсенді қалыптастыру үшін тұлғалық белсенділіктің көрінуіне ықпал ететін арнайы психологиялық атмосфераны құру, басқаша айтқанда, фасилитативтік әрекетті жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Е.Ф. Зеер, А.Б. Орлов және т.б. ресейлік зерттеушілер фасилитативтік педагогикалық өзара әрекеттестік, субъект-субъект диадасында екеуінің де тұлғалық өсуінің шеңберінде анықтауды айтады. Сонымен, педагогикалық фасилитация үдеріс ретінде жеңілдету және оқытудың, оқыту мен тәрбиелеудің өнімділігін күшейту, педагогикалық өзара әрекеттестік субъектілерінің қарым-қатынас стилі мен мұғалім мен оқушының тұлғалық қасиеттеріне байланысты дамуын негізге алады. Авторлардың нақтылауларында: «педагог-фасилитатор – өзінің ықпалымен оқушылардың бастамасының, дербестігінің көрінуіне әсер ететін, олардың психикалық даму процесіне ықпал ететін және тұлғааралық жағымды қарым-қатынасты қамтамасыз ететін мұғалім» деп түсіндіріледі [9].

Фасилитаторлық жұмыстарды ұйымдастырудағы психологиялық ерекшеліктер – бастауыш сынып оқушыларына жеңіл түрде білім берудің ең маңызды факторы. Мысалы, болашақ мұғалімнің тартымдылығын сипаттайтын бақылау бірліктерінің тобына «күлімсіреу, көңілді мимика», достық көріністе «қатаң – құрғақ көзқарас», «түсіну үшін жеткілікті сөйлеу қарқыны», «жылдам немесе тым баяу қарқын» т.б. мимикалардың мәнерлілігін тудыратын полярлық көрсеткіштер негізделеді.

Р.С. Димухамедов зерттеулері бойынша: «фасилитация – әкімшілдік басқаруға, оқытуға керісінше, құндылықтарды ашып көрсете алу. Ол мінез-құлықтағы икемділік, өзгере алушылық» деп беріледі. Р.С. Димухамедовтың нақтылауларымен келісе отырып, фасилитацияны адамның ойлауын дамытуды ынталандыру, мінез-құлқын түзеуге мүмкіндік деп түсінеміз. Бұл тұжырымдары фасилитаторлық жұмыстарды ұйымдастыруға байланысты психологиялық тұрғыдан біршама кеңейтуге көмек болар еді [10].

Фасилитатордың психологиялық ерекшеліктеріне білім беру ортасында тұрақсыздықты жеңуге ұмтылысы, оқушының қызығушылықтарын, жеке көзқарасты ынталандыру және дамыту мүмкіндіктеріне аса ден қоя білуі басты мәселе. Психологиядағы мұндай тәсілдің орталық гипотезасы – адам өзін-өзі тануы, өзіндік тұжырымдамасы мен мінез-құлқын өзгерту үшін үлкен ресурстарды таба алуы.

Талдаулардан көріп отырғанымыздай, ресурстарға қол жеткізу белгілі бір жеңілдетілген психологиялық атмосфераны құруға ықпал ететін бірнеше жағдайда мүмкін болады. Бұл шарттар: қарым-қатынаста конгруентті өзін-өзі көрсету, шынайылық, сөзсіз оң көзқарас пен басқаларды үкімсіз қабылдау, белсенді эмпатикалық тыңдау және түсіну. Болашақ бастауыш білім педагогі осы шарттарды негізге ала отырып, *траекториямен коммуникация құра алу, түсіну, тыңдау* арқылы болашақта оқушының білім алуын жеңілдетеді. Алайда бұл ретте фасилитацияның педагогикалық тұрғыдан талдануы қажеттігі туындайды.

Б.А.Тұрғынбаева болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуда фасилитацияның маңызды екендігін тұжырымдай келе: «фасилитациялау әр адамды білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді. Осыған орай фасилитатор: білім алушының *ынтасын(мотивтерін) оятуды фасилитациялау*, яғни білім алу үдерісіне саналы ене алуына ықпал ету; *мақсатты анықтауды фасилитациялау* (соңғы нәтижені модельдеу), *ізденісті фасилитациялау* – білім алудың алгоритмделген, регламентке бағынышты, оқытудың рецептік әдістеріне негізделген танымдық жолынан, интерактивті, ұжымдық ойлау арқылы, дамуды ынталандыратын тұрғыда ұйымдастыруға

көшіру; әрекет ету әдісін фасилитациялау; рефлексияны фасилитациялауды жүзеге асырады» деп тұжырым жасайды [6, 192б]. Б.А. Тұрғынбаеваның зерттеулерінен мынандай қорытынды шығады, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдері фасилитатор-педагогке тән шыдамдылық, төзімділік, эмпатия, ашықтық, энтузиазм, әдептілік, әртістік, ұйымдастырушылық қабілеттер, өзін-өзі жетілдірушілік қабілетті жатқызамыз.

Б.К.Оразова өзінің еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларын *өзін-өзі тануда*, оқу мәселелерін топта жұмыс істеу кезінде және жеке шешуде білім берудің фасилитаторлық әдіс-тәсілдерді қолдану керектігін басшылыққа алады. Автор ұйымдастырушылық формалардың әртүрлілігі ғана шығармашылық әлеуеттің, танымдық мотивтердің өсуін қамтамасыз етеді, оқушыға танымдық іс-әрекеттің құрдастарымен өзара әрекеттесуді үйренуге көмектеседі [11]. Себебі, мұғалім мен оқушының арасындағы коммуникациядан білім сапасын арттыруға негіз болатыны белгілі. Осындай сапаларды қалыптастыру болашақ мамандарды дайындау жағдайларына негізделеді.

Мұғалімнің толеранттылығын көрсететін бақылау бірліктерінің ең негізгісі – оқушылардың жауабын шыдамдылықпен тындай алуы. Фасилитатор-мұғалім «жоғарыдан» позициясын ұстанбайды, керісінше оқушысын жігерлендіреді, көтермелейді, бүгінгі тілмен айтқанда, мотивация береді. Педагогикалық іс-әрекеттің маңызды компоненттерінің бірі оның мотивациясы екендігін бірден аңғаруға болады. Өйткені, педагогикалық іс-әрекетте де оқу іс-әрекетіндегі сияқты мотивациялық бағдарланулар ажыратылады. Олар ішкі түрткілер, мысалы өз іс-әрекетінің үдерісі мен нәтижесіне бағдарлану. Сонымен қатар, бала мен ересек адамның өзара әрекеттесуінің ерекше формасы ретінде педагогикалық іс-әрекетте үстемдік немесе билік түрткілері сияқты бағдарланулар арқылы ықпал жасайды.

Н.А.Аминов педагогикалық қабілеттерді зерттеушілердің бірі ретінде фасилитаторлықтың педагогикалық іс-әрекетке ерекше қатысы бар екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, *«педагогикалық фасилитация – өзара әрекеттесу субъектілерінің (мұғалім мен студенттер) өзара әсер етуінің екі жақты процесі»* деп ұсынылады. Бұл тұста бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетінде бақылау бірліктерінің топтарын құрайтын элементтерді де бөліп көрсетуге болады [12]. Ғалымның зерттеуі бойынша, *қызығушылықты білдіру, белсенділік, бастама, материалды игеру, ойлауды жеделдету, шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру* сияқты сыртқы элементтер анықталды. Мысалы, белсенділік, бастамашылық көрсеткіштері: *«өз қалауы бойынша тақтаға шығу», «тапсырманы орындауға құштарлық», «үзіліс кезінде мұғалімге жақындауға ұмтылу»* және т.б. Оқушының фасилитатор-мұғалімге деген қызығушылығының сыртқы көрінісін мына көрсеткіштерден байқаймыз: *«мұғаліммен көз байланысы», «мұғалімнің сөзіне жауап ретінде мимиканың өзгеруі», «денесі мен басы мұғалімге тікелей бағытталуы»* және т.б.

Оқушылардың ойлау деңгейіне қатысты көрсеткіштер: *«мұғалімге қоятын сұрақтарды нақтылау», «кеңес сұрау, бағалау», «өз көзқарасын, пікірін білдіруге ұмтылу»* және т.б. Жоғарыда келтірілген оқушы көрсеткіштері оқушының сабақ уақытында өзін еркін сезіне алатындығын, яғни педагог-фасилитатордың тәрбиелік және тұлғааралық қарым-қатынасты конструктивті шеше алатындығының бірден-бір дәлелі. Педагог-фасилитатор тек өз пікірін дұрыс деп санамайды, басқалардың пікіріне де шын көңілмен қызығушылық танытады. Яғни, қарым-қатынастың әрбір субъектісі қайталанбас тұлға ретінде танылады. Педагог-фасилитатор ең белсенді оқушыларға ғана емес, барлық оқушыларға ілтипатпен қарайды, қарым-қатынас құралдарын, эмоционалдық күйлерді алмасуға мүмкіндік береді, кері байланыс пен өзара түсіністікті қамтамасыз етеді. Бастауыш білім беруде фасилитаторлық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді, әрі сапалы екендігін осы көрсеткіштерден байқауға болады.

А.К.Маркова: *«...мұғалімнің фасилитаторлық қасиетінің көрінісі оның кәсіби шеберлігінің көрсеткіші»* – деген көзқарасын білдіреді. Расымен де, мұғалім фасилитаторлық қабілетке ие болса, оқу үдерісін жеңілдете отырып, оқушы топтың білім деңгейімен қоса,

қарым-қатынас аспектілерін орната алады. Бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талаптар мен жауапкершілік орасан зор [13].


Scopus халықаралық ғылыми журналдарындағы зерттеулерге сүйенсек, F.Martin, Ch.Wang, A.Sadaf-тың еңбектерінде фасилитаторлықтың функцияларын төрт салада қарастырған. Атап айтқанда, *менеджерлік, әлеуметтік, педагогикалық және техникалық* салаларда бөліп талдайды.

Менеджерлік бойынша фасилитаторлықтың функциялары: фасилитатор өз саласы бойынша сұрақтарға уақтылы жауап беруші және апта сайынғы хабарландыруларды қамтамасыз етеді. Ал әлеуметтік бойынша көмектесу стратегияларын *орындаушы, пікірталас форумдарын ұйымдастырушы, бірнеше сұрақтар тұрғысынан байланыстырушы* қызметін атқарады. Келесі, педагогикалық фасилитаторлықтың тапсырмалар/жобалар бойынша оқытушылардың кері байланысы, түрлі жаңа әдістерді қолдану, оқытушының студенттің рефлексиясына жеке жауабының болуын көздесе, бұл ретте техникалық фасилитаторлықта ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде интерактивті визуалды бағдарламасы, тіпті фасилитатор медиа түрінде контенттер дайындайды (Мартин, Ванг және Садаф, 2018) [14].

Фасилитатордың маңызды функциясы – білім алушыға(мұғалім немесе педагог қызметкер) оның қызметінде қолдау көрсету: оқу ақпараты ағынында ілгері табысты жылжуына ықпал ету, түрлі ақпараттардың ауқымды көлемдерін меңгеруде көмектесу, туындаған мәселелердің шешімдерін жеңілдету, өзінің қабілеттерін, өзінің жеке қасиеттерін түсінуде, өз бетінше дамуына, өз бетінше жетілуіндегі қажеттіліктеріне қолдауды қамтамасыз ету. Дүниежүзілік білімділік қоғамдастығында осыған орай, болашақ педагогтердің бұл функциясын ерекше атап көрсететін – *facilitator – фасилитатор* деген атаумен жаңа термин пайда болды(білім алуына, тәжірибе алмасуына, шығармашылық жұмыстарын, ғылыми материалдарын жариялап көрсетуге ықпал етіп, жеңілдететін, көмектесетін тұлға).

А.Т. Тұралбаева өзінің зерттеулерінде: «фасилитациялау біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі» деген көзқарасты ұстанады. Автор: «біліктілікті арттыру жүйесінде жүргізілетін фасилитацияның мақсаты: *педагог қызметкерлердің білімін жетілдіру жағдайында топқа жасампаздықпен және нәтижелі жұмыс жасауға мүмкіндік беретін сенімді әдісті* іздеп табу. Басқа сөзбен айтқанда, бұл топтық жұмысты ұйымдастыруға бағытталған арнайы әрекеттер» деп түсіндіреді. Ғалымның пайымдауларымен келісе отырып, бастауыш білім беру жүйесінде педагогтерді фасилитаторлық жұмыстарды ұйымдастыруға кәсіби даярлау біліктілікті арттыра түседі. А.Т. Тұралбаева фасилитаторлық қызметтерге байланысты: «...нұсқаушы-тренер – бұл жүйеде жаңартылған немесе деңгейлік білім беру бағдарламасы бойынша сертификатталған маман. Жаңартылған білім мазмұны бойынша барлық инструкцияны түсіндіре алады. Ал, *жетекші-ұйымдастырушы* – бастауыш білім беру бойынша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырып, білім сапасына жауапты маман. *Идеялар генераторы* - жаңа идея тудыру және оны жүзеге асырушы, білім беру бағдарламаларын құрастырушы немесе өңдеуші. Білім беру үдерісінде қарапайым дүниені ойлау басқа да, идеяны жетілдіру басқа. Ендеше тың идея табу, сондай-ақ, идея генераторы болу үшін түрлі әдістерді өңдеп шығару жоғары кәсіби қабілеттілікті талап етеді. *Дәріскер* – білім қоры жоғары, кәсіби сөйлеу мәдениеті бар құзыретті маман. *Мұғалім-конструктивист* материалды баяндауға және дайын білімді беруге емес, жаңа білімді өз бетімен алу үшін білім беруші. *Фасилитатор* – ғылым мен практиканың арасындағы кәсіби мәні жоғары ақпаратты жарнамалаушы мотиватор, өзінің немесе өзге де педагогтердің шығармашылық жұмыстарын қандай да бір топтар арасында ұйымдастырушы» [15] деп көрсетеді.

Автордың пікірінен студенттерді кәсіби даярлауда фасилитаторлық қызметтің функционалдық құрылымы арқылы берілетін, кәсіби функцияларын орындау үшін өте қажетті деп саналатын теориялық және практикалық даялықтардың бірлігін фасилитация деп айтуға болады.



2-сурет. Фасилитацияның педагогикалық атрибуттары

Фасилитация саналы және мақсатты әрекеттерді реттеуді көздейді. Фасилитацияны педагогикалық қызмет ретінде қарастыруға атрибутивті талдау жүргізіп, оның келесі атрибуттарын бөліп көрсетуге және қарастыруға мүмкіндік берді: 1) әрекет; 2) субъект; 3) функция; 4) мотив; 5) мақсат; 6) амал; 7) пән; 8) әдіс; 9) құрал; 10) нәтиже. **Әрекет** – тұлғаның дамуының негізі, құралы және шарты. Білім берудің дәстүрлі білім моделінде адамның және оның психикасының сана, белсенділік, субъективтілік, көзқарас, фокус, мотивация сияқты атрибуттары талап етілмейді. **Субъект** – жеке тұлға (топ, ұжым), ол алдағы қызметтің себептері, мақсаттары мен тәсілдері туралы есеп береді және оны жүзеге асыруға дайындайды. **Функция** – субъектінің қызметіне оның ішкі ынталандыруы итермелейді де, қанағаттандыруға дайындықты көрсетеді. Бұл өз кезегінде мотивпен байланыста жүргізіледі, **мотив** – фасилитацияның ұйымдастырылуында өздігінен туындайтын білім күші. **Мақсат** – бұл іс-әрекеттер нәтижеге бағыттала отырып, керемет нәтижені көрсетуге жол деп айтамыз. **Амал** – семантикалық және функционалды мақсатқа ие болады: ол субъектінің санасында іс-әрекет үдерісінің жеткілікті дәрежеде көрінуін қамтамасыз етуге арналған. **Пән (тақырып)** – білім алушы бір уақытта оқу пәні ретінде де әрекет етеді. «Субъект, тағы да субъект және нәтиже» үштік ұғыммен бірге қызмет санатының мазмұнын ашады. Өз кезегінде «үдеріс» ұғымының мазмұны екі атрибут арқылы ашылады – «**әдіс**» және «**құрал**». **Нәтиже** – біріншіден, білім беру өнімі, екіншіден, өмір сүруде субъектілерде туындайтын қатынастар. Жалпы алғанда, фасилитацияның атрибуттық талдауы, оның атрибуттарын анықтауға және өзара сәйкестендіруге мүмкіндік берді, бұл қызмет әдіскер, оқытушы және ересектерге білім беру жүйесінде оқитын негізгі ұғымдар болуы мүмкін екені анықталды [16].

Болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудағы психологиялық және педагогикалық талдаулар бойынша контент-талдау әдісі орындалды (1-кестеде берілді).

Кесте 1 – «Фасилитация», «фасилитатор» ұғымдарының контент-талдауы

Зерттеуші ғалымдардың аты-жөні	Негізгі ұғымдарға берген анықтамалары	Комментарийлер
А.Маслоу	«...Өзін-өзі өзектендіретін адамдардың тұлғалық ерекшеліктерін: тәуелсіз болу, креативтілік, дүниені философиялық қабылдау, қарым-қатынастағы демократиялық, өнімділік т.б.»;	<i>Тәуелсіз болу</i>
К.Роджерс	«Педагогикалық фасилитация – оқытудың өнімділігін арттыру, қарым-қатынастың ерекше стилі мен мұғалімнің жеке басының арқасында кәсіптік-педагогикалық процестің субъектілерінің дамуы»;	<i>Қарым-қатынас стилі</i>
Е.Ф. Зеер	«Педагог-фасилитатор – өзінің ықпалымен	<i>Жағымды мұғалім</i>

А.Б. Орлов	оқушылардың бастамасының, дербестігінің көрінуіне әсер ететін, олардың психикалық даму процесіне ықпал ететін және тұлғааралық жағымды қарым-қатынасты қамтамасыз ететін мұғалім»;	
Р.С. Димухамедов	«фасилитация – әкімшілік басқаруға, оқытуға керісінше, құндылықтарды ашып көрсете алу. Ол мінез-құлықтағы икемділік, өзгере алушылық»;	Мінез-құлықтағы өзгерушілік
Б.А. Тұрғынбаева	«фасилитациялау әр адамды білім арудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді, олар: ынтасын(мотивтерін) ояуды фасилитациялау, яғни білім алу үдерісіне саналы ене алуына ықпал ету; мақсатты анықтауды фасилитациялау (соңғы нәтижені модельдеу), ізденісті фасилитациялау – білім арудың алгоритмделген; әрекет ету әдісін фасилитациялау; рефлексияны фасилитациялауды жүзеге асырады»;	Белсенді шығармашылық әрекет
Н.А. Аминов	«педагогикалық фасилитация – өзара әрекеттесу субъектілерінің (мұғалім мен студенттер) өзара әсер етуінің екі жақты процесі»;	Әрекеттесу үдерісі
А.Т. Тұралбаева	«фасилитатор – ғылым мен практиканың арасындағы кәсіби мәні жоғары ақпаратты жарнамалаушы мотиватор, өзінің немесе өзге де педагогтердің шығармашылық жұмыстарын қандай да бір топтар арасында ұйымдастырушы»;	Мотиватор, ұйымдастырушы
А.К.Маркова	«..мұғалімнің фасилитаторлық қасиетінің көрінісі оның кәсіби шеберлігінің көрсеткіші»;	Кәсіби шеберлігінің көрсеткіші
Г.С. Саволайнен	«фасилитация – оқушыға, оқушылар тобына эмоционалды қолайлы атмосфера құру, оқушылардың өз қабілеттеріне деген сенімділігін арттыру, олардың өзіндік өнімді қызметке деген қажеттілігін ынталандыру және қолдау мақсатында оң әсер ету қабілеті».	Ынталандыру қабілеті

Осы орайда талдаулардан байқағанымыздай, К.Р. Роджерстің тұлғалық орталықтандырылған тәсілінің тұжырымдамасына сүйене отырып, К.А. Морнов өзінің көзқарасын (ұстанымын) дәлелдейді, оған сәйкес маман-педагогтың *кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі жеке-кәсіби құзыреттіліктің* бөлігі бола отырып, *фасилитация (фасилитация) саласындағы міндеті, яғни фасилитациялық құзыреттілік* болып табылатыны айтылады [3, 1026].

Әдебиеттермен жүргізілген талдаулардың негізінде біз фасилитаторлықты меңгеру үшін эмпатия, рефлексия, көшбасшылық пен коммуникативтілік секілді қасиеттердің дамуындағы жеткілікті деңгей алғышарты болады деген қорытындыға келдік. Бірақ одан өзге, фасилитатор болу үшін болашақ маманға осы феномен туралы ғылыми, жүйелі білімдер қажет. Сол себепті біз, фасилитациялық тұғырды негізге аламыз.

**Фасилитациялық тұғырдың** қызметін қысқаша қарастырып өтейік:

– білім алушыны қандай болса да, кім болса да қабылдау және оның қалауындағы қызметті түсінуіне септігін тигізу;

– оқу бағдарламасы болашақ педагогтың қажеттіліктерін (*өзін еркін сезінуін, дүниетанымдық пікірін, ұстанымын, таңдауын*) қанағаттандыратын болуы керек;

– *оқу материалы және оны ұсыну* сипаты болашақ маманның алдыңғы алған біліміне сай жеке тәжірибесін қамтамасыз ету қажет;

– бакалаврды *белсенді түрде жеңілдету(стимулдау)* немесе өзін-өзі бағалай алатын, дамыта алатын, көрсете алатын деңгейде мүмкіндік беру;


– оның жеке тұлғалық қасиеттерінің құқығын қорғауды қамтамасыз ету, топтағы әр студент білім беру процесі кезінде жасы мен педагогикалық, өмірдік тәжірибесіне қарамас-тан өз пікірін білдіруіне, тақырыпты талқыға салуына қарсылық білдірмеу;

– білім беру жүйесі оны жүзеге асыру, рефлексия құру, оқытушының бағасын субъективті іс-әрекет ретінде қабылдау керек.

ЖОО-да педагогикалық үдерісін оның «жасушасы» арқылы сипаттау жүйенің жұмыс істеп тұрғанын тексеруге мүмкіндік береді. Фасилитация контекстіндегі оқу үдерісі бұл білім алу мен білім берудің арасындағы байланысты құру жүйесі болып табылады, ол болашақ маманның тұлға ретінде дамуын қамтамасыз етуге атсалысады.

Ендеше осы ретте жүйелік тұғырдың маңызы жоғары болмақ. Жүйелік тұғыр танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. Олай болатын себебі, болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыру ісі жүйе ретінде қарастырылады. Жүйе – біртұтас бүтіндік құрайтын өзара байланысты бөлшектердің ретке келтірілген жиынтығы мен олардың арасындағы қатынасы. «Жүйе» ұғымының грек тілінен аудармасы «ретпен құрастыру» деп түсіндіріледі, зерттеудің тұтастығын көрсетіп тұрғанымен, терең талдау барысында бөліктерден тұратындығы анықталады [17].

Жүйелік тұғыр бойынша болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыруға деген үдерістің жүзеге асырылуы керек логикалық тізбегін айқындаймыз. Олар: педагогикалық үдеріс кезінде (фасилитация уақытында) идеяның пайда болуы, өзгеріске түсуі, оның жаңаруы, түрлендірілуі (3-суретте сипатталады).



3-сурет. Фасилитациялық жұмысты ұйымдастыру логикасы

Бұл тізбекте болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыру логикасының сызбасы көрсетілген. Болашақ мұғалімнің фасилитациялық стилінің қалыптасу кезеңдерін жүзеге асыру үшін оның танымдық және кәсіби қызметін фасилитациялық әдістермен байытуға мүмкіндік беретін арнайы педагогикалық қолдау қажет. Фасилитациялық бағдарланған педагогикалық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды біз стратегиялық, шығармашылық сипаттағы, бағдарланған педагогикалық қызмет ретінде қарастырамыз және болашақ мұғалімнің фасилитаторлық әдістің мәні мен маңыздылығын түсінуі, педагогикалық қызметтің фасилитаторлық әдістерін игеруі, педагогикалық құндылықтар негізінде фасилитаторлық стильдің шығармашылық өзін-өзі түрлендіруге ұмтылуына қол жеткіземіз. Педагогикалық қызмет барлық кезеңдерде болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық стилін қалыптастырудың субъективті үдерісін сүйемелдейді. Сондықтан да келесі бөлімде болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикасын ұйымдастыру жолға қойылды.



Біз, *фасилитация* – анағұрлым жоғары сапалы және практиканың заманауи сұраныстарына сәйкес келетін барлық саладағы кәсіпқойларды оқытудың құралы деп анықтама береміз. Бастауыш сынып оқушылары субъектілігінің іске асырылмауы оның бірінші сыныптан бастап, оқуға қызығушылықтың жоғалтуына, ал келешекте өзінің тұтас білімділік әрекетіндегі мәнінің доғалуына, оқу әрекетіне жалпы теріс қатынастың туындауына жетелейді. Осы қарым-қатынастардың өзара шарттасуы болашақ бастауыш білім педагог субъектілігінің ерекшелігін құрайды.

Қорыта келгенде, «*фасилитатор – білім беру ісіне келгенде ішкі дүниесінің күрделілігі мен алуан түрлілігі, оның өзіне және басқа адамдарға деген қызығушылығы, өзі мен басқаларды оң көзқараспен қабылдауы педагог маманның кәсіби дамуына, білім сапасының артуына ықпалын тигізетін маман*» деп нақтылау жасаймыз. Іс жүзінде білім алушы онда туындаған сұрақтар санына сай келетін мөлшерінде ғана меңгереді, яғни оның оқу үдерісінде белсенділігіне қарай атқарылатын жұмыстар тыс қалып қоюы ықтимал. Сондықтан фасилитациясыз жүргізілетін жұмыстардың материалдық, эмоционалдық және қисынды құрылым тұрғысынан баяндалуы ешқандай да оң нәтижеге жеткізбейді деп санаймыз. Фасилитация ұстанымы арқылы білім алушылармен жұмыс жүргізуде олардың саналы түрде материалды меңгертіні анық деп тұжырымдауға болады.

**Зерттеу нәтижелері.** Білім беру саласындағы теориялық және практикалық әдістемелерде К.Роджерстің және де басқа гуманистік бағыттағы психологтардың тәжірибесі осындай орталықтандыруды педагог-фасилитатордың қызметі, оның шығармашылық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп, оның қалыптасу жолдары мен тәсілдерін ойлап шығарады.

К.Роджерс және басқа да психологтардың жүргізген зерттеулері фасилитаторлардың өмірі мен кәсібіндегі өзін-өзі белсендіру тенденциясының көріністерін беру маңызды екенін көрсетті. Сол зерттеулердің нәтижесінде К.Роджерс ұйымдық мәселелерді, педагог-фасилитатордың ішкі сезімдерін және тәжірибелерін сипаттауға және талдауға әрекет жасады. Мұғалімнің фасилитациясындағы даму мәселелерінің шешімі осындай бірнеше аспектілерді қажетті етіп қарастырады:

– *кәсіби-педагогтық қызметтегі фасилитацияны дамытудың теориялық негіздеулерінің қажеттілігі;*

– *кәсіби педагог маман болып қалыптасудың барысындағы тұлғалық-бағдарлы технологияларды анықтау;*

– *түрлі тренингтер, қарым-қатынас және өзін-өзі тану арқылы педагогтардың фасилитациясындағы әрекеттерді негіздеу.*

Болашақ мамандардың іскерлігін, дағдысын жетілдіру арқылы оқу үдерісіне жаңа эксперименттік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу білім берудің ең заманауи техникалық оқу құралдары болып саналатыны күмәнсіз. Сондықтан болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыруды диагностикалау негізінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде эксперименттік алаң құрылып өз жұмысын бастады.

*Эксперимент жүргізудің мақсаты:* жоғары оқу орнында білім беруде болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау болып табылады. Тәжірибелік жұмыс І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша студенттердің қатысуымен жүргізілді. Экспериментке 117 студент қатысып, 58 студент – бақылау тобында, 59 студент – тәжірибелік топта болды.

Тәжірибелік жұмыс төмендегі ретпен жүзеге асырылды:

– тәжірибелік жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындау;

– диагностикалық әдістемелер таңдау және жүргізу;

– тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін математикалық-статистикалық әдістері арқылы өңдеу, сипаттау.

Зерттеу жұмысымыздың айқындаушы эксперименті барысында болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудың деңгейін анықтау үшін әдістемелер кешені қолданылды. Атап айтсақ:

– білім алушылардың фасилитаторлық категориялар туралы түсінігінің деңгейін анықтауға арналған сауалнама;

– мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау мақсатында білім алушыларға арналып жасалған өзін-өзі дамыту бойынша іс-әрекеттегі білім алушылардың белсенділігін зерттеуге арналған «Менің жеке дамуым» әдістемесі (С. С. Кункевич).

Сыналушыға мамандық туралы 12 пікірден тұратын сұрақ-жауап ұсынылады. *Өзін-өзі дамыту бойынша іс-әрекеттегі білім алушылардың белсенділігін зерттеуге арналған «Менің жеке дамуым» әдістемесі (С. С. Кункевич).*

**Мақсаты:** білім алушылардың жеке басының өзін-өзі дамыту іс-әрекетіндегі белсенділік дәрежесін анықтау

**Өткізу барысы.** Әр студент мәлідемелерді тыңдауға (оқуға) және сұраққа өз бетінше жауап беруге шақырылады: «ол қаншалықты жиі жасайды?» Ол үшін студент әр тұжырымның немесе оның нөмірінің алдына сан жазуы керек, бұл оның көзқарасына сәйкес келетін жауапты білдіреді [18].

Сандар келесі жауаптарды білдіреді:

3-үнемі;

2-жиі;

1-сирек;


0-ешқашан.

**Нәтижелерді талдау.** Экспериментке 117 респондент қатысып, болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеуде мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау мақсатында білім алушыларға арналып жасалған С.С. Кункевичтің әдістемесін қолдандық. Әдістеме нақты сыналушының мамандық таңдаудағы қандай да бір мотивтерінің рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, білім алушылардың ішкі жан дүниесін түсінетін және оларды қалай бар, солай қабылдай алатын ұстаз өзінің ішкі сезімдеріне сайып келгенде, мейірімділік таныта алып, олардың мазмұнды оқуына және жалпы тұлғалық дамуына жағдай жасау үшін қажетті әдіс-тәсілді пайдаланады. Егер керісінше, боалшақ педагог өз шәкірттерінің ішкі әлемін, сезімдерін түсінбесе, оларды қабылдай алмаса, оқушыларға құрметсіздік танытып, салқындық танытса, педагогтың өзінің де жеке басына кері әсерін тигізетін болады.

*Кесте 2 - Өзін-өзі дамыту бойынша іс-әрекеттегі білім алушылардың белсенділігін зерттеуге арналған «Менің жеке дамуым» әдістемесіндегі (С. С. Кункевич) анықтау экспериментінің нәтижелері*

Белсенділік көрсеткіштері	А 2,2 балдан көп		А 2,2 балдан аз, А 1,5 балдан көп		А 1,5 балдан аз	
	п	%	п	%	п	%
Жауаптар саны	Белсенділігі жоғары (фасилитаторлыққа дайын)		Белсенділігі орташа (фасилитаторлық жұмыстарды атқаруға дайын емес)		Белсенділігі төмен (фасилитаторлық жұмыстарды атқаруға дайын емес)	
БТ-58	15	25,8	24	41,3	19	32,7
ЭТ-59	12	20,3	25	43,1	22	37,9
Барлығы-117 /199,9%	27	46,1	49	41,8	41	35
Орташа мәні	12,5		23		19	

Алынған нәтижелерді өңдеу. Студенттің өзін-өзі дамыту іс-әрекетіндегі белсенділігінің көрсеткіші (а) оның жауаптары балдарының қосындысын жауаптар санына бөлуден алынған жеке көрсеткіш болып табылады. Егер А 2,2 балдан көп болса, онда белсенділіктің жоғары дәрежесінде фасилитаторлыққа дайын деп айтуға болады; егер А 1,5 балдан көп болса, бірақ 2,2 балдан аз немесе 1,5 балдан аз болса, бұл сәйкесінше студенттің өзін-өзі дамыту жұмысындағы белсенділігінің орташа немесе төмен деңгейін көрсетеді, бұл өз кезегінде әлі фасилитаторлық жұмыстарды атқаруға дайын емес деген жауапты білдіреді.



4-сурет. Өзін-өзі дамыту бойынша іс-әрекеттегі білім алушылардың белсенділігін зерттеуге арналған «Менің жеке дамуым» әдістемесіндегі (С.С. Кункевич) анықтау экспериментінің нәтижелері

С.С. Кункевичтің әдістемесі бойынша анықтау экспериментінің нәтижелері А 2,2 ден жоғары, яғни белсенділігі жоғары фасилитаторлыққа дайын БТ-да 15 студент, ол 25,8 %-ды құрайды, ал ЭТ-да 12 студент, бұл дегеніміз 20,3 %-дық көрсеткіште болады. Екінші көрсеткіш А 2,2 балдан аз, А 1,5 балдан көп, белсенділігі орташа (фасилитаторлық жұмыстарды атқаруға дайын емес) БТ-да 24 адам жауап санымен белгілі болды, ал ЭТ-да 25 студент, яғни 41,3 %-ды беріп отыр. А 1,5 балдан аз, белсенділігі төмен (фасилитаторлық жұмыстарды атқаруға дайын емес) көрсеткішіндегі жауаптардан белгілі болғаны БТ-да -19, 32,7 %-ды, ал ЭТ-да 22 студент 37,9 %-ды көрсетеді. Диагностикалық әдістеменің орташа мәні: фасилитаторлыққа дайын – 12,5, фасилитаторлыққа дайын емес – 23 және 19 орташа мәнді көрсетті.


Келесі жүргізілетін сұрақ студенттерге арналады.

– Төменде көрсетілген қасиеттердің ішінен фасилитаторға қажет қасиеттерді белгілеңіз.

Кесте 3 – Фасилитаторға қажетті қасиеттер тізімі (сауалнама нәтижесі) нәтижелері

Қасиеттер тізімі	1	2	3
Эмпатия			+
Қаталдық	+		

Жауапкершілік		+	
Икемділік		+	
Қағидасыздық	+		
Сәйкестік		+	
Мазасыздық	+		
Тәуелділік		+	
Ашықтық		+	
Бағыныштылық	+		
Коммуникативтілік		+	
Сәйкестік	+		
Шығармашылық			+
Топтың көңіл-күйіне сезімталдық		+	
Тәуелсіздік	+		
Өзін-өзі қабылдау			+
Сезімталдық	+		
Рефлексивтілік		+	
Өз сезімдерін көрсету қабілеті және мінез-құлықтағы эмоциялар	+		
Дамуға ұмтылыс			+
Өз сезімдерін, эмоцияларын және қажеттіліктерін білуге ұмтылыс		+	



5-сурет. Анықтау кезеңіндегі фасилитаторға қажетті қасиеттер тізімі (2-кезеңі) нәтижелері

Екінші кезеңі студенттерге фасилитаторлыққа қажетті қасиеттер тізімі берілді. Жауап реті 1,2,3 сандарынан тұрады. Бұл дегеніміз, әр қасиеттің тұсына қойылатын жауап үшін ұсынылған сандар реті. Мысалы, эмпатия қасиеті үшін қай санды таңдауды қажет ететінін студент өзі жауап береді.

Педагогикадағы фасилитация оқытудың мазмұны мен әдістерін ғана емес, сонымен қатар балалардың білім беру нәтижелерін қамтамасыз ететін мұғалімнің жеке көзқарастарын да өзгертеді. Педагогикалық фасилитация оқу процесіне де, мұғалімнің жеке басына да бірқатар

талаптар қояды. Ол балалармен қарым-қатынас пен қарым-қатынастың ерекше стилін құра алуы керек. Фасилитация өнерімен айналысатын тәрбиешілер мотиваторлар болып табылады, олар оқушыларға білім алуға еркіндік пен мүмкіндік береді, ең бастысы олармен бірге оқиды. Фасилитациялық тәсілде жұмыс істеген кезде мұғалім білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, балалардың білім беру қызметін шебер басқарады, бағыттайды, қолдайды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысы анықтап отырғанындай, болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейі анықталды.

Жүргізілген әдістемелерге сай, болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін дайындау жайлы қорытындыға келдік. Осы орайда мақаламыздың қорытынды бөлімінде ұсыныстар беріледі.

**Қорытынды.** Фасилитатор тұлғасы – өз бетінше ықпал етудің, өздігінен ізденудің, өз шығармашылық жұмыстарын басқа әріптестеріне жариялап, ұтымды пікір алудың, озық тәжірибесін таратудың маманы. Білім беру мекемелері ретінде жалпы білім беретін мектептердегі педагог қызметкерлер өзінің білім алу үдерісін белсенділікпен құрып, білімділік ортасында өзінің белгілі бір даму траекториясын таңдайды. Ендеше білім берудегі бірқатар міндеттерді шешудегі негізгі субъективтік идеялардың бірі болашақ бастауыш білім педагогтерін фасилитаторлық қызметтерді ұйымдастыруға кәсіби даярлау болашақ маманның өзіндік дамуы, кәсіби-тұлғалық дамуында маңызды болады. Сәйкесінше, болашақ бастауыш білім педагогтерін фасилитаторлық жұмыстарды ұйымдастыруға кәсіби даярлау өте тиімді. Егер Қазақстанда әр мектеп фасилитаторлық жұмыстарды ұйымдастырып, жүзеге асыратын болса, білім беру жүйесі реттеледі, білім сапасы жоғарылайды. Себебі, фасилитаторлық жұмыстың негізгі функциясы – топтың қарым-қатынасының табысты болуын қамтамасыз етеді. Демек, болашақ педагог-фасилитатор оқушылардан құралған топпен жақсы коммуникацияға ие болса, білім берудің де күші жоғарылайды.

Болашақ бастауыш білім педагогтерінің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық негіздеуде және диагностикасын ұйымдастыруда келесідей ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды беруге болады. Олар:

– ЖОО-дағы болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау ісінде білім беру бағдарламаларының мазмұнына «Студенттердің фасилитациялық құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курсты кіріктіру;

– «Фасилитатор-педагог» инновациялық орталық бағдарламасын дайындау, жүзеге асыру.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III Заңы. [\(http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000633\(10.11.2019\)\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000633(10.11.2019)) (дата обращения 28.03.2023 )

2. Национальный план развития Республики Казахстан до 2025 года. Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года № 636 URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>

3. Роджерс К.Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Издательская группа Прогресс; Универс, 1994. - 480 с.

4. Альмухамбетов Б.А. История становления и тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане: Дис. д-ра пед. наук: 13.00.01 – Алматы, 2002. – 250 с.

5. Қараев Ж.А. Оценка деятельности учащихся в условиях применения педагогической технологии. // Вестник высшей школы Казахстана. -1998. -№-.С. 82-88.

6. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. - Алматы: «Полиграфия – сервис К0», 2012. – 316 б.

7. Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2008. –352 с.

8. Майевтика // [Электронный ресурс] <http://ru.wikipedia.org/wiki/>

9. Зеер Э.Ф., Орлов А.Б. *Личностно-развивающие технологии начального профессионального образования : учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведени. / Э.Ф. Зеер. – М.: Издательский центр «Академия», 2010. - 176 с.*
10. Димухамедов Р.С. *Обновление научных основ педагогики повышения квалификации. Челябинск. Изд. ЧПГУ, 2005.*
11. Оразова Б.К. *Мектепке психологиялық даярлық диагностикасының ғылыми негіздері. - Алматы, 2002. – 80 б.*
12. Аминов Н.А. *Компетентностный подход в образовании. – М.: АПК и ППРО, 2005. - 101 с.*
13. Маркова А.К. *Психология труда учителя: Кн. для учителя / А.К. Маркова. – М.: Просвещение, 1993. -126 с.*
14. <https://olj.onlinelearningconsortium.org/index.php/olj/index>
15. B.Aidarbekov, G.Utupova. *The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles International Journal Web of Science Vol. 73.No. 4 Apr 2017*
16. Тұралбаева А.Т. *Жаңартылған білім мазмұнының әдістемелік ережеліктері. - Алматы, 2017. – 112б.*
17. Issakova G.O., Kaltayeva G.K., Bakhtiyarova G.R. et al. *Formation of professional competence of students in higher educational institutions based on a systematic approach: feasibility and effectiveness // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). – 2021. – Vol. 16, №10. – P. 163-178.*
18. [http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Psihol/freydjer/index.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Psihol/freydjer/index.php)

Reference:

1. *Bilim týraly Qazaqstan Respýblikasynyń 2007 jylǵy 27 shildedegi, №319-III Zańy. -<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000633> (10.11.2019) (data obrasheniya 28.03.2023 )*
2. *Nasionalnyi plan razvitiya Respýbliki Kazahstan do 2025 goda. Ýtverjden Ýkazom Prezidenta Respýbliki Kazahstan ot 15 fevralá 2018 goda № 636 URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>*
3. *Rodjers K.R. Vzglád na psihoterapiý. Stanovlenie cheloveka. - M.: Izdatelskaia grýppa Progres; Ýnivers, 1994. - 480 s.*
4. *Almýhambetov B.A. Istoria stanovlenia i tendensu razvitiya sistemy povysheniya kvalifikasu pedagogicheskikh kadrov v Kazahstane: Dis. d-ra ped. naýk: 13.00.01 – Almaty, 2002. – 250 s.*
5. *Qaraev J.A.Osenka deiatelnosti ýchashihsá v ýsloviah primeniya pedagogicheskoi tehnologu. // Vestnik vysshei shkoly Kazahstana.-1998. -№-.S. 82-88.*
6. *Turǵynbaeva B.A. Bolashaq muǵalimderdiń áleyetin damytý: kásibi shyǵarmashylyq jolynda.- Almaty: "Poligrafia – servis K0", 2012. – 316 b.*
7. *Masloý A. Motivasiya i lichnos. - Spb.: Piter, 2008. -352 s.*
8. *Maievtika // [Elektronnyi resýrs] <http://ru.wikipedia.org/wiki/>*
9. *Зеер Е. Ф., Орлов А.Б. Личностно-развивающие технологии начального профессионального образования : учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведени. / Е.Ф. Зеер. – М.: Издателски сентр "Академия", 2010. - 176 с.*
10. *Dimýhamedov R.S. Obnovlenie naýchnykh osnov pedagogiki povysheniya kvalifikasu. Chelábinsk. Izd. CHPGÝ, 2005.*
11. *Orazova B.K. Mektepke psihologialyq dаяrlyq diagnostikasynyń ғылыми негіздері. Almaty, 2002. – 80 b.*
12. *Aminov N.A. Kompetentnostnyi podhod v obrazovanii. – M.: APK i PPRO, 2005. - 101 s.*
13. *Markova A.K. Psihologia trýda ýchetelá: Kn. dlá ýchetelá / A.K. Markova. – M.: Prosvesheniye, 1993. -126 s.*
14. <https://olj.onlinelearningconsortium.org/index.php/olj/index>
15. *B.Aidarbekov, G.Utupova. The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles International Journal Web of Science Vol. 73.No. 4 Apr 2017*
16. *Turalbaeva A.T. Jańartylǵan bilim mazmunynyń ádistemelik erekshelikteri. - Almaty, 2017. – 112b.*
17. *Issakova G.O., Kaltayeva G.K., Bakhtiyarova G.R. et al. Formation of professional competence of students in higher educational institutions based on a systematic approach: feasibility and effectiveness // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). – 2021. – Vol. 16, №10. – R. 163-178.*
18. [http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Psihol/freydjer/index.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Psihol/freydjer/index.php)

М.А. Тавасаров\*<sup>1</sup>, П.Б. Сейітқазы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан

## БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ ГНОСТИКАЛЫҚ ІСКЕРЛІГІН МЕДИАБІЛІМ ҮДЕРІСІНДЕ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

*Андатпа*

Мақалада, болашақ әлеуметтік педагогтің медиабілім беру үдерісіндегі гностикалық іскерлігін жетілдіру мәселесінің бағыттары қарастырылған. Заманауи білім беруді дамытуда медианың мүмкіндіктерін белсенді пайдалану негізгі трендке айналуға айналуда. Қазіргі таңда, педагогикалық мамандарды даярлауға арналған әлеуметтік тапсырыс пен заманауи білім беру жүйесі негізінде, медиа және ақпараттық кеңістіктің өзгеруі жағдайында педагогикалық қызметін тиімді ұйымдастыра алатын және оның нәтижелерін бағалай білетін болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін медиабілім үдерісінде жетілдіру өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Заманауи қоғам медиа мен цифрлық технологиялар әлемінде өмір сүруде. Әлеуметтік педагогті даярлаудың тәжірибесі білім берудегі адам мен қоғам арасындағы өзара байланыстың даму заңдылықтары мен деңгейін көрсетеді. Медиабілім адамның әлеуметтік өмірін қамтамасыз ету үдерісін бағалау өлшемдері тұрғысынан өзіндік ерекше жүйе. Білім берудің заманауи мәселелері педагогикадағы теориялық-практикалық зерттеулердің әдіснамалық негіздемесін талап етеді. Қазіргі ғылымда әдіснама күрделі теориялық және практикалық мәселелерді шешуде оларды қолданудағы ең алдымен дүниетанымдық қағидалардың жиынтығы ретінде қарастырылады: бұл зерттеушінің дүниетанымдық ұстанымы, сонымен бірге бұл таным әдістері туралы білім, оларды нақты қолданудың бастапқы қағидалары мен тәсілдерін негіздейтін практикалық қызмет. Әдіснаманың жоғары философиялық деңгейінің мазмұны білімнің жалпы қағидаларын және жалпы ғылымның категориялық жүйесін құрайды. Демек, ғылымдар – фактілер, құбылыстар, тілдер, әдістерге; іс-әрекет-білімді меңгеру, міндеттерді шешу, тәжірибе жүргізу, шығармашылық жұмыстарға; білім-анықтау, түсініктер, заңдар, теорияларға негізделеді. Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді зерделеу барысында әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдар, медиабілім үдерісінде болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерлігін жетілдіру бағыттары негізінде қарастырылды. Зерттеу мақсаты – медиабілім және цифрлық мәселелер бойынша отандық және шетелдік жұмыстарды талдау мен зерделеу, медиабілім мен цифрлық технологияларды білім беруде пайдалану, болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерлігін медиабілім үдерісінде жетілдірудің жолдары мен құрылымдық мазмұндық моделін айқындау. Нәтижесінде, болашақ әлеуметтік педагогтің оқу міндеттерінің құрамы, технологияларды пайдалану мүмкіндіктері және қажетті іскерліктер құрамы анықталды.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік педагог, гностикалық іскерліктер, педагогикалық іскерлік, медиабілім, медиабілім іскерліктері, медиа-технология, ақпараттық технология, цифрлық технология.

Тавасаров М.А., \*<sup>1</sup> Сейітқазы П.Б. <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан

## ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ГНОСТИЧЕСКИХ УМЕНИЙ БУДУЩЕГО СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА В ПРОЦЕССЕ МЕДИАОБРАЗОВАНИЯ

### Аннотация

В статье рассмотрены направления проблемы совершенствования гностических умений будущего социального педагога в процессе медиаобразования. В развитии современного образования основным трендом становится активное использование возможностей медиа. В настоящее время одной из актуальных проблем в процессе медиаобразования становится совершенствование гностических умений будущего социального педагога, способного эффективно организовывать педагогическую деятельность и оценивать ее результаты в условиях трансформации меди и информационного пространства на основе социального заказа на подготовку педагогических кадров и современной системы образования. Современное общество живет в мире меди и цифровых технологий. Опыт подготовки социального педагога отражает закономерности и уровень развития взаимосвязи человека и общества в образовании. Следовательно, медиаобразование это своеобразная система с точки зрения критериев оценки процесса обеспечения социальной жизни человека. Современные проблемы образования требуют методологического обоснования теоретико-практических исследований в педагогике. В современной науке методология рассматривается, прежде всего, как совокупность мировоззренческих принципов в их применении при решении сложных теоретических и практических задач: это мировоззренческая позиция исследователя, в то же время это знание методов познания, практическая деятельность, обосновывающая первоначальные принципы и способы их реального применения. Содержание высокого философского уровня методологии составляет общие принципы знания и категориальную систему науки в целом. Наука – факты, явления, языки, методы; действие-овладение знаниями, решение задач, проведение экспериментов, творческая работа; знание-определение, понятия, законы, теории. В ходе изучения научно-педагогической литературы были рассмотрены методологические подходы и позиции, направления совершенствования гностических умений будущего социального педагога в процессе медиаобразования. Цель исследования – анализ и изучение отечественных и зарубежных работ по медиаобразованию и цифровым вопросам, использование медиа-образования и цифровых технологий в образовании, определение структурно-содержательной модели и путей совершенствования гностических умений будущего социального педагога в процессе медиаобразования. В результате был определен состав учебных задач будущего социального педагога, возможности использования технологий и необходимые умения.

**Ключевые слова:** социальный педагог, гностические умения, педагогические умения, медиаобразование, медиаобразовательные умения, медиа-технологии, информационные технологии, цифровые технологии.

*Tavasarov M., \*<sup>1</sup> Seiitkazy P.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nursultan, Kazakhstan*

## WAYS TO IMPROVE THE Gnostic SKILLS OF A FUTURE SOCIAL PEDAGOGUE IN THE PROCESS OF MEDIA EDUCATION

### Abstract

The article considers the directions of the problem of improving the gnostic skills of the future social pedagogue in the process of media education. In the development of modern education, the main trend is the active use of media opportunities. Currently, one of the urgent problems in the process of media education is the improvement of the gnostic skills of the future social pedagogue,



who is able to effectively organize pedagogical activity and evaluate its results in the conditions of transformation of the media and information space on the basis of a social order for the training of teaching staff and the modern education system. Modern society lives in a world of copper and digital technologies. In modern science, methodology is considered, first of all, as a set of ideological principles in their application in solving complex theoretical and practical problems: it is the ideological position of the researcher, at the same time it is knowledge of the methods of cognition, practical activity that substantiates the original principles and ways of their real application. The content of the high philosophical level of methodology constitutes the general principles of knowledge and the categorical system of science as a whole. Science-facts, phenomena, languages, methods; action-mastering knowledge, solving problems, conducting experiments, creative work; knowledge-definition, concepts, laws, theories. The purpose of the research is to analyze and study domestic and foreign works on media education and digital issues, the use of media education and digital technologies in education, to determine the structural and content model and ways to improve the gnostic skills of the future social pedagogue in the process of media education. As a result, the composition of the educational tasks of the future social pedagogue, the possibilities of using technologies and the necessary skills were determined.

**Keywords:** social pedagogue, gnostic skills, pedagogical skills, media education, media education skills, media technology, information technology, digital technology

**Негізгі ережелер.** Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық және психологиялық ғылыми еңбектер негізге алынды. Болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерлігін медиабілім үдерісінде жетілдірудің жолдары мен құрылымдық мазмұндық моделін айқындау мәселелері қарастырылды.

Медиабілім-бұқаралық байланыс заңдылықтарын оқып білуге бағытталған білім саласы. Медиабілім беру мәселесін дұрыс шешудің бірден-бір жолы-бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерімен сауатты жұмыс жасай алатын болашақ әлеуметтік педагогті дайындау болып табылады. Медиабілім бағыттарын жүзеге асыру цифрландыруға сәйкес білім берудің барлық жүйесін қайта құруға алып келуде. Медиабілім берудің әдіснамалық негіздері арнайы білім беру үдерісін жаңарту мен қайта құру қағидаларына сәйкес келеді.

**Кіріспе.** Мемлекет басшысының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы, сонымен қатар, білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажетігінің маңызына тоқтала келіп, «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасын жүзеге асыру тапсырылды[1]. Демек, түрлі салаларға цифрлық технологияларды енгізу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық міндеті болып табылады.

Медиабілім беруді жүзеге асыру педагогтар мен білім алушылар үшін, сондай-ақ жалпы заманауи білім беру үшін жаңа перспективаларды ашады: онлайн-курстар, оқыту платформалары, қашықтықтан оқыту, жеке тұлғалардың білімге қол жетімділігін кеңейту; жеке білім беру траекториялары мен оқытуды дербестендіру; педагогикалық тәжірибемен алмасу мүмкіндігі, вебинарлар мен ашық дәрістерге қатысу, әлеуметтік желілерде үздік білім беру тәжірибесін пайдалану; білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, студенттерге жеке модульдер мен курстарды оқу арқылы академиялық ұтқырлықты кеңейтуді көздейді. Сонымен қатар, үздіксіз білім беру байланысын жоғары деңгейде қамтамасыз ету, жаңа білім беру ақпаратын визуализациялауға, оны қол жетімді етуге мүмкіндік беретін педагогикалық практиканы қабылдау, студенттердің өзін-өзі жетілдіруін ұйымдастыру, білім жетістіктерін бағалаудың жаңа технологияларын қамтамасыз ету, педагогтің орындауындағы бірқатар функцияларды оңтайландыру және жеңілдету қарастырылған.

Осы ретте, медиабілім беру үдерісінде болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерлігін жетілдіру бойынша төмендегідей сипатамаларды келтіреміз.

Әлеуметтік педагогті даярлау-педагогиканың жаңа бір бағыты. Білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогті даярлау жоғары оқу орындарының әлемдік тәжірибеге назар аударуына байланысты болды. Әлеуметтік білім беру мемлекеттің саясатын жүзеге асыруға, құндылықтарының қалыптасуына, азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін, инновациялық іскерліктерін, белсенділігін арттыруға ықпалын тигізуде ұлттық мүддеге сәйкес екендігін көрсетті.

Әлеуметтік педагогика әдіснамасы негізінде (грек тілінде *methods*-әдіс, және *logos*-ғылым) бір тұтас әлеуметтік педагогиканың ғылыми бағыттарының, құрылымдық компоненттерімен теория және практикалық негіздері анықталады.

Бұл тәжірибелердің негізін С.И. Григорьев, А.М. Егорычев, В.И. Жуков, Л.В. Мардахаев, М.А. Галагузова, И.А. Липский, А.В. Мудрик және басқалар салған және олар әлеуметтік педагогикалық білім беру жүйелеріне талдау жасап, белгілі бір тұжырымдарды қарастырған.

Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері В.Г. Бочарова, В.И. Загвязинский, И.А. Липский, Л.В. Мардахаев, А.В. Мудрик, Г.Н. Филонов, Л.И. Новикова, Ю.С. Мануйлов т.б. еңбектерінде жарияланған.

– Л.В. Мардахаев, - әлеуметтік нормаларды сақтауға, әлеуметтік өзін өзі жетілдіруге бағытталған түрлі санаттардағы адамдармен тікелей әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру [2].

– В.В. Краевский, - әлеуметтік-педагогикалық ақиқатты кескіндейтін білімдерді алу тәсілдері мен тұғырларының принциптері, әлеуметтік-педагогикалық теорияның негіздері мен құрылымы туралы жүйе және ғылыми әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердің сапасын бағалау әдістері мен логикасын, бағдарламаларын негіздеу және білімдерді алу бойынша іс-әрекет жүйесі [3].

Қазақстанда, әлеуметтік тәрбие мәселесі Р.Ж. Иржанова, К.Қ. Құнантаева, Б.Ы. Мұқанова, М.Н. Кузьмина, Н.Н. Тригубова, ал болшақ педагогтарды әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа даярлау Ш.Ж. Колумбаева, Г.Ж. Меңлібекова, И.Б. Сикымбаева, С.С. Досанова, Р.И. Бурганова т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстарында қарастырылған [4]. Әлеуметтік-педагогиканың теориясы танымдық қызметті іске асырады және теориялық білімнің шынайылығы әлеуметтік-педагогикалық практикалық мәселелерін зерттеуді қамтамасыз етеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтің медиабілім үдерісіндегі гностикалық іскерлігі-бұл болашақ кәсіби қызметіндегі іскерліктерді жеке тұлғалық құндылық ретінде тану, гностикалық іскерліктердің теориясы мен технологиясын меңгеру, әлеуметтік педагогикалық үдеріске қажет іскерліктерді қолдана алу және нәтижелерін кеңістікке шығару сияқты қабілеттерінің жиынтығы.

ЮНЕСКО мәліметтерінде медиабілім-бұқаралық коммуникацияны меңгерудің теориялық және практикалық іскерліктеріне бағытталған педагогикалық білімнің бір жүйесі [5].

Британ медиапедагогтары R.Kubey, W.J.Potter, W.E.Weber және A.Fedorov медиабілімнің негізгі ұғымдарына: медиа агенттігі-медиа мэтіндерді жасаушылардың жұмысын, функциялары мен мақсаттарын зерттеу; медиа категориясы-медиа мэтіндердің типологиясын – түрлері мен жанрларын зерттеу; медиа технологиялары – медиа мэтіндерді жасау тәсілдерін технологияларын зерттеу; медиа тілдері – медиа мэтіннің вербалды, аудиовизуалды, монтаж-дау қатарларын зерттеу; медиа репрезентациясы – медиа мэтіндегі ақиқатты, авторлық тұжырымдамаларды көрсету, түсіну; медиа аудиториялары-аудитория типологиясын зерттеуді жатқызады [6].

Л.Мастерман медиабілімнің бірқатар қағидаларын тұжырымдаған: қоғамның көптеген әлеуметтік құрылымдарының маңызды саласы; қайта түсіну, қайта таныстыру тұжырымдамасы; жалпы адамның өмірінде жалғаса беретін үдеріс; сыни ойлауды дамыту мен

тәрбиелеу; зерттеу үдерісі; сараптамалық құрал; өз ойын жаңа жағдайларда қолдану қабілеті; ойлау және диалог мүмкіндігі [7].

А.Silverblatt медиасауаттылық элементтері бұл – жалпы коммуникация үдерісі және медианың тұлға мен қоғамға ықпал етуін жетілдіруге мүмкіндік беретін сыни ойлау қабілеттілігі деп көрсетеді [8].

А.В. Федоров медиабілім-медиамәтінді әртүрлі формада жанрларды таңдауға, пайдалануға, сыни талдауға, медианың социумда әрекет етуінің үдерістерін талдауға ықпал ететін білімдері мен іскерліктері деген пікірді қолдайды [9].

И.А. Фатееваның пікірінше медиабілім-тұрақты бақылау жағдайында, табысты кәсібі мен әлеуметтік қызметі үшін, сәйкес білім, іскерлік, мақсаттар мен белгілі бір тұлғалық қасиеттерді қолдану қабілетідеген пікірде [10].

Ал Н.В. Кузьминаның еңбектеріндегі педагогикалық іс-әрекет пен мұғалімнің іс-әрекеттік құрылымдарын зерделей келе төмендегі мәселелені көрсетуге болады [11]:

*Гностикалық іскерлік-педагогтің білім саласына жатады. Бұл тек өз пәнін білу туралы ғана емес, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас тәсілдерін, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін, өзін-өзі тану және жеке тұлға және іс-әрекеттері туралы білімдер жиынтығы.*

Жоғарыда берілген анықтамаларға сәйкес, медиабілім негізінде гностикалық іскерліктерді жетілдіру-дербес шығармашыл және әлеуметтік жауапты іскерлікке қабілеттілік.

**Материалдар мен әдістері.** Бұқаралық ақпарат құралдары жыл өткен сайын адамдардың өмірінде және білім беру үдерісінде үлкен рөл атқарып келеді. Сондықтан, бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдарының негізі болып табылатын медиабілімнің жүйелі дамуының маңыздылығы туындайды [12].

Ғылыми әдебиеттерге талдау жасай келе білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтің медиабілім беру үдерісіндегі гностикалық іскерлігін жетілдіру мәселесінің толық зерттелмегені айқындалды. Болашақ әлеуметтік педагогтің медиабілім беру үдеісінде гностикалық іскерліктерін жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық педагогикалық жағдайды анықтау, негіздеу, жүзеге асыру, гностикалық іскерлік деңгейлерін анықтауға арналған диагностикалық бағалау және жетілдіру жолдары мен әдіс-тәсілдерін айқындау жүзеге асырылды. Зерттеуде қойылған мақсатқа жету үшін теориялық-эксперименттік әдістер мен әдіснамалар қолданылды. Ғылыми еңбектерде көрініс тапқан зерттеу мәселесі бойынша әртүрлі ғылыми көзқарастарды кешенді зерттеуде, сонымен қатар практикалық тәжірибені ұғынуда қолданылған теориялық талдау, синтезду, жалпылау әдістері қарастырылды.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет әлеуметтену дағдарысы көрініс бергенде пайда болады. Әлеуметтік білім беру екі міндетті атқарады:

- қоғам және қоғамдық қатынастар, адамның әлеуметтік өзара әректесуі және қарым-қатынасы туралы тұтас білімдер жүйесі;
- әлеуметтік араласуға, қарым-қатынасқа психологиялық даярлыққа қажет практикалық іскерліктерді меңгеру [13].

Медиабілім-бұқаралық байланыс заңдылықтарын оқып білуге бағытталған білім саласы. Медиабілімнің міндеті жас ұрпақты қазіргі ақпараттық заман талаптарына, түрлі ақпаратты қабылдау мен талдауға дайындау, адамды оны түсінуге, оның психикаға әсерін білуге үйрету, байланыстың вербальдық емес формалары негізінде, техника құралдары мен қазіргі ақпараттық технологиялар көмегімен қарым-қатынас жасау тәсілдеріне үйрету.

Төменде медиабілімді қолдана отырып, педагогикалық міндеттерді жүзеге асырудағы қажетті гностикалық іскерліктер ұсынылады:

*Медиабілім негізінде педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру:* медиа жаңа білімді іздеу мен әдістеріне сәйкес педагогикада қолдану; білім беру мен тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді

шешуде, жаңа медиалық технологияларды іздеу; медиа технологияларды пайдаланудағы педагогикалық іскерлігін жетілдіру.

*Педагогикалық іскерліктер:* медианың жаңа білім көздерін табудағы педагогикалық мүмкіндіктері; педагогикалық тұрғыдан маңызды медиалық ақпараттарды табу және құру қабілеті; медиабілім беру салаларындағы іскерліктері.

Медиабілім беру мәселесін дұрыс шешудің бірден-бір жолы-бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерімен сауатты жұмыс жасай алатын болашақ әлеуметтік педагогті дайындау болып табылады.

Медиабілім берудің бағыттары:

- қазіргі ақпарат жағдайында ұрпақты өмірге дайындау;
- ақпаратты қабылдау, түсіну және талдай білу;
- техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау қабілеті.

Медиабілім бағыттарын жүзеге асыру цифрландыруға сәйкес білім берудің барлық жүйесін қайта құруға алып келуде. Медиабілім беру мен цифрлық ақпарат көздерін пайдалануда педагогтің көз-қарасы мен оның функцияларын кеңейту (электронды білім беру мазмұнын дамыту, онлайн курстар құру, медиа технологияларды таңдау және пайдалану, әлеуметтік желілерде студенттермен және ата-аналармен қарым-қатынас жасау т.б.), білім беру ұйымын басқаруға цифрлық құралдар құру, электрондық білім беру ортасын енгізу. Мұндай түбегейлі өзгерістер медиабілім сапасына бірқатар мәселелер туғызады. Аталған мәліметтер медиабілім берудегі іскерліктер мен әдіс-тәсілдерге негізделеді.

Медиабілім беру үдерісіндегі іскерліктердің түрлері мен әдіс-тәсілдері:

*Дескриптивті:* мазмұндап айту, медиамәтін оқиғасын сипаттау.

*Жіктемелік:* медиамәтіннің тарихи және социомәдени контекстегі орнын анықтау.

*Сараптамалық:* медиамәтін құрылымы, медиамәтін тілі, авторлық тұжырымдама және т.б. талдау.

*Тұлғалық:* медиамәтіннен туындаған қарым-қатынас, қобалжу, еске түсіру, сезімдер, байланыстарды сипаттау.

*Түсіндірмелі-бағалау:* медиамәтін туралы эстетикалық, моральдық және т.б. өлшемдерге сәйкес оның қасиет-тері туралы пайымдауларды қалыптастыру.

**Нәтижелер және талқылау.** Әлемдік медиабілімдік көзқарас бойынша, бұқаралық ақпарат және байланыс құралдары хабарлар мен медиамәтіндерді тарату міндетінен бөлек әртүрлі маңызды қызметтерді атқарады [14].

Жаңа бұқаралық ақпараттық құралдардың революциясы «new media revolution» қарым-қатынастың мәтіндік, жазбаша формаларының басымдығы түбегейлі өзгерістерді көрсетуде. Бұл әртүрлі мәтіндік және сандық ақпаратты өңдеу мен сыни ойлауға, сонымен қатар қоғамдастық пен жалпы қоғам үшін қызметтік, практикалық мәні бар жаңа білім құруға мүмкіндік беретін аналитикалық бірліктер кешенін қамтиды. Цифрлық сауаттылық «digital literacy» тұлғаның өмір сүруімен дамуы барысында қалыптасатыны анық көрінеді. Цифрлық-технологияларды қолдану іскерліктерін меңгермей, ХХІ ғасыр қоғамындағы сәтті әлеуметтенуге қабілетсіз болатыныда анық байқалады.


Елімізде ақпараттық технологиялардың рөлі мен білім беру туралы тұрақталған көзқарастарды ойластыру бойынша жұмыс қарқынды жүргізілді. PISA сияқты көлемді халықаралық зерттеу жобасы білім беру жүйесінің құрылымын өзгертуге және жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарға қосуда. Қазіргі таңдағы зерттеулер мен жобалар білім беру сапасына, қазақстандық білім беру бағдарламаларының халықаралық талаптарға сәйкес келуі мен жаңа стандарттарды ендіруге бағытталуда.

Біздің жүргізген зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі бойынша болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерлігін медиабілім үдерісінде жетілдірудің моделі дайындалды. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтің

гностикалық іскерлігін медиабілім үдерісінде жетілдіру бағыттары бойынша олардың білімдерін арттыру, дағдыларымен іскерліктерін жетілдіруқазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі екендігін көрсетіп отыр.Бұл жағдай әлеуметтік педагогтің медианы пайдалану әлеуетін ғылыми тұрғыдан зерделеуді қажет етеді. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:


- медиа білім мен цифрлық технологияларды білім беруде пайдалану бағыттарын айқындау;
- медиабілімменцифрлық технологияларды пайдаланудаәлеуметтік педагогтің функциялары мен міндеттерін іріктеу және жіктеу, қажеттііскерліктер және оларды пайдаланудың тиімді тәсілдері мен шешімдерін анықтау;
- білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде медиа мен цифрлық технологияларды пайдаланудағы негізгі мәселелерді анықтау мақсатында студенттерге медиабілім беру;
- медиа және цифрлық технологияларды пайдалану бойынша әлеуметтік педагогтің әлеуетін толық іске асыру үшін педагогикалық жағдайлар жасау.

Зерттеу жұмысымыздың модельдік мақсаты – медиабілім беру үдерісінде болашақ әлеуметтік педагогтың гностикалық іскерлігін жетілдіру болып табылады.Бұл бағыттарды жүзеге асыруда қоғам сұранысы мен ұсынысына сәйкес зерделеу және болашақ әлеуметтік педагогтің білімі, іскерлігі мен дағдысын әдіснамалық тұрғыдан негіздеу мақсаты қарастырылды.



Сурет 1 - Әлеуметтік тапсырыс қоғам талабы

Болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлаудатөмендегідей бағыттары анықталды, олар болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлауда мынадай факторлармен байланысты:



Сурет 2 - Болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлаудың бағыттар

Медиабілім берудің әдіснамалық негіздері арнайы білім беру үдерісін жаңарту мен қайта құру қағидаларына сәйкес келеді.

Әдіснамалық тәсілдердің нәтижесі:

- әлеуметтік педагогтің медиа және цифрлық технологияларды қолдануы мен білім берудегі әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық, аспектілерді зерттеуге бағыттау;
- теориялық-практикалық тұрғыда, медиа және цифрлық технологияларды пайдалану бойынша жеке және кәсіби бағытталуы тиіс, осыған сәйкес, болашақ әлеуметтік педагогтің әлеуетін іске асыру мен педагогикалық қызметін жетілдіруге назар аудару.



Сурет 3 - Болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлаудың әдіснамалық тәсілдері

Медиабілім беру мен цифрлық технологияларды пайдаланудағы әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық негізі анықталды, олар:

- медиа және цифрлық технологияларды пайдалану бағытындағы ұйымдастыру әдістері, цифрландыру құралдары, олардың медиабілім салаласындағы мүмкіндіктері;
- медиа білім беру және цифрландырудың жалпы қоғамға, жеке тұлғаны дамытуға және әлеуметтік педагогикалық-психологиялық тұрғыда байланысы.

Аталған мәліметтерге сәйкес, іскерлік, нәтижелік-бағалу компоненті мен болашақ әлеуметтік педагогтің кәсіби қызмет жағдайына бейімделуі қарастырылды.

*Педагогикалық қызметтегі гностикалық іскерлік компоненттері:* әдістемелерді қолдану-тәрбиелеу, оқыту, зерттеу; педагогикалық іс-әрекеттің әдістері мен тәсілдерін меңгеру; жаңа технологияларды меңгеру; инновациялық және шығармашылық іс-әрекеттерді меңгеру; педагогикалық тәжірибені ұтымды пайдалану; педагогикалық жағдайларды шешу.

*Нәтижелік-бағалу компоненті:* Білімділік; конструктивтік; ұйымдастырушылық; коммуникативтік; зерттеушілік; жобалық.

*Болашақ әлеуметтік педагогтің кәсіби қызмет жағдайына бейімделуі:* гностикалық іскерліктері; кәсіби әдістемелік; технологиялық; психологиялық; интеллектуальдық қызмет; интегралдық үдерістерге бағдарлылық.

**Қорытынды.** Медиабілім беру үдерісінде болашақ әлеуметтік педагогтің «гностикалық іскерлігін жетілдіру» ұғымын талдау бізге медиа және цифрлық технологияларды пайдаланудағы педагогтің әлеуетін түсіну мен іске асырудың теориялық негіздерін жасауға мүмкіндік берді:

- медиабілім берудегі гностикалық іскерліктерді жетілдіру болашақ әлеуметтік педагогтерге білім беру және оқыту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді;
- медиа және цифрлық технологияларды пайдаланудағы болашақ әлеуметтік педагогтің әлеуеті анықталады, білім беру мен тәрбиелеу мәселелерін шешудегі кәсібилігі, кәсіби құзыреттілігі, жеке қасиеттері, көзқарасы, құндылықтары, қарым-қатынасы және оларды пайдалану мүмкіндіктері артады.

Сондықтан, болашақ әлеуметтік педагогтердің гностикалық іскерліктерін медиабілім үдерісінде жетілдіруде қоғам тапсырысымен болашақ мамандардың қажеттіліктерін ескеру маңызды деп ойлаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Тоқаев Қ.К. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік тәртібі: <https://akorda.kz/>.
2. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика [Текст]. - Гардарика, 2005. - 269с.
3. Краевский В. В. Основы учебно-исследовательской деятельности [Текст]. - Издательство: Академия, 2012. - 255с.

4. Жексембинова А.К. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация (6D012300 –Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану) [Мәтін]. Алматы: 2017.
5. UNESCO. The Seville Recommendation [Text] // Youth Media Education. -Paris: UNESCO, 2002.
6. Fedorov A. Media Education in Russia: A Brief History Текст. /A.Fedorov [Текст] // Marcus Leaning. Issues in Information and Media Literacy: Criticism, History and Policy. Santa Rosa, California: Informing Science Press, 2009. -P. 167- 188.
7. Мастерман Л. Обучение языку средств массовой информации [Текст] // Специалист. - 1993. - № 5. - С.31-32.
8. Silverblatt A.A. and Enright Eliceiri, E.M. Dictionary of Media Literacy. Westport, Connecticut [Text]. - London: Greenwood Press, 1997. - 234 p.
9. Федоров А.В. Медиаобразование, медиаграмотность, медиакритика и медиакультура [Текст] // Высшее образование в России. - 2005. - № 6. - С.134-138.
10. Фатеева И.А. Медиаобразование: теоретические основы и опыт реализации: монография /И.А.Фатеева. [Текст]. - Челябинск: Изд-во Челяб. гос. ун-та, 2007. - 270 с.
11. Кузьмина Н.В. Исследования гуманитарных систем [Текст]. - Краснодар: Парабеллум, 2013. - 90 с.
12. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау. Монография [Мәтін]. - Астана, 2009. - 311 б.
13. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы [Мәтін]. - Алматы: Қарасай, 2016. - 432 б.
14. Rakisheva G., Abdirkenova A., Abibulayeva A., Seiitkazy P., Tazhetov A. Tools of Adaptation in the Context of Globalization of Future Teachers: Transcultural Competence [Text] // Entomology and Applied Science Letters. Volume 5. - Issue 3. - 106- 112 p

#### References:

1. Токаев К.К. «Halyk birligi zhәне zhyeli reformalar –el orkendeui berik negizi» atty Kazakstan halkyna Zholdauy [The unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the countrys prosperity]. Retrieved from <https://akorda.kz/>.
2. Mardahaev L.V. Socialnai pedagogika [Social pedagogy] [Text]. -Gardariki, 2005. -269 p.
3. Kraevskij V.V. Osnovy uchebno-issledovatel'skoi deiatelnosti [Fundamentals of educational and research activities] [Text]. -Publishing house: Academy 2012. -255p.
4. Zhekseminova A. K. Universitettik bilim beru zhyesinde bolashak aleumettik pedagogtardyn zerteushilik kuzrettiligin kalyptastyru [Formation of research competencies of future social teachers in the university education system] Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) (6d012300 – social pedagogy and self-knowledge) [Text]. -Almaty: 2017.
5. UNESCO. The Seville Recommendation [Text] // Youth Media Education. -Paris: UNESCO, 2002.
6. Fedorov A. Media Education in Russia: A Brief History. /A.Fedorov [Text] // Marcus Leaning (Ed.). Issues in Information and Media Literacy: Criticism, History and Policy. Santa Rosa, California: Informing Science Press, 2009. -P. 167- 188p.
7. Masterman L. Obuchenie yazykusredstv massovoi informatsii [Teaching the language of mass media] [Text] // Specialist. -1993. -№ 5. - P.31-32.
8. Silverblatt A. A and Enright Eliceiri, E.M. Dictionary of Media Literacy. Westport, Connecticut [Text]. -London: Greenwood Press, 1997. -234 p.
9. Fedorov A.V. Mediaobrazovanie, mediagramotnost', mediakritika i mediakultura [Media education, media literacy, media criticism and media culture] [Text]. -Higher education in Russia. 2005. № 6. P. 134-138.
10. Fateeva I.A. Mediaobrazovanie teoreticheskie osnovy i opyt realizatsii [Media education theoretical foundations and implementation experience] Monograph [Text]. -Chelyabinsk, 2007. -270 p.
11. Kuzmina N. V., Zharinova E. N. Metody issledovaniya obrazovatelnykh sistem, monograph [Methods of research of educational systems, monograph] [Text]. - Publishing Center NU «Center for Strategic Studies», 2018. -162p.
12. Seiitkazy P.B. Bolashak mugalimderdi BAK arkyly tarbie urdisine dajyndau [Preparing future teachers for the educational process through the media] Monograph [Text]. -Astana: L. N. Gumilyov Eurasian National University, 2019. - 311p.
13. Taubaeva S.T. Pedagogika adisnamasy [Methodology of pedagogy] [Text]. -Almaty: Karasay, 2016. - 432 p.
14. Rakisheva G., Abdirkenova A., Abibulayeva A., Seiitkazy P., Tazhetov A. Tools of Adaptation in the Context of Globalization of Future Teachers: Transcultural Competence [Text] // Entomology and Applied Science Letters. Volume 5. - Issue 3. - 106- 112 p

Ш.А. Битемирова,<sup>1\*</sup> М.С. Каратаева,<sup>2</sup> С.А. Жолдасбекова,<sup>2</sup> Б.Т. Махметова<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ, Қазақстан

<sup>2</sup> М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ, Қазақстан

<sup>3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматық, Қазақстан

## БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГЫНЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

*Аңдатпа*

Мақалада жоғары білім беру жүйесінде әлемдік кеңестігінде бәсекеге қабілетті болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың мәні ашып көрсетілді. «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымының айырмашылығы мен олардың қолданылуына мән берілді. Әлеуметтік құзыреттіліктер мен өзара кәсіби құзыреттер. Кәсіби білім беру ұғымының мазмұнын анықтау үшін оның құрылымы мен зерттеуші авторлардың ой пікіріне талдау жасалды.

Сондай-ақ мақалада «Компьютерлік графика» терминін зерделеу жолдары қарастырылған. Компьютерлік графикалық құзыреттілік деп атауға болатын арнайы құзыреттілікті қалыптастыру міндеттері анықталып, болашақ кәсіптік оқыту педагогының құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі нақтыланды. Компьютерлік графика құралдары арқылы болашақ кәсіптік оқыту педагогының құзыреттілігін дамытудағы мотивациялық компоненттің даму деңгейі көрсетілді.

Кәсіптік оқыту пәндерін өтуде, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану болашақ кәсіптік оқыту педагогының оқыту формасын толықтай өзгертуін талап етеді, сондықтан компьютерлік графикалық құралдары арқылы болашақ кәсіптік оқыту педагогының құзыреттілігін дамытудағы мотивациялық компоненттің даму деңгейі, қарастырылып, анкеттік сұрақтар арқылы анықталды. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін оқыту үдерісінде тиімді пайдалану және олардың компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін шешу стратегиялары қарастырылды. Зерттеу жүргізу нәтижесінде алынған нәтижелер компьютерлік графика құралдары арқылы болашақ кәсіптік оқыту педагогының құзыреттілігін дамыту қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың өзіндік құралы ретінде қолданылуы тиіс.

**Түйін сөздер:** Кәсіптік оқыту педагогы, құзыреттілік, компьютерлік графика, қалыптастыру, қалыптастырудың мәні.

Битемирова Ш.А.,<sup>1\*</sup> Каратаева М.С.,<sup>2</sup> Жолдасбекова С.А.,<sup>2</sup> Махметова Б.Т.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
г. Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup> Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, г. Шымкент, Казахстан

<sup>3</sup> Казахский Национальный университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## СУЩНОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНОЙ ГРАФИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

*Аннотация*

В статье раскрыто сущность формирования компьютерно-графической компетентности будущего педагога профессионального образования, конкурентоспособного в системе



высшего образования. Акцент был сделан на различии понятий «компетенция», «компетентность» их употреблении. Социальные компетенции и межпрофессиональные компетенции, с целью определения содержания понятия профессионального образования были проанализированы его структура и мнения авторов исследования.

Также, в статье раскрывается понятие «Компьютерная графика», определяется задача формирования специальной компетенции, которую можно назвать компетенцией компьютерной графики и уточняется уровень сформированности компетенции будущего педагога профессионального образования. С помощью средств компьютерной графики уточнено уровень развития мотивационного компонента в развитии компетентности будущего профессионального педагога.

Использование информационных и коммуникационных технологий при прохождении предметов профессиональной подготовки требует полной смены формы обучения будущего педагога профессиональной подготовки. С помощью анкетирования рассмотрен и определен уровень развития мотивационного компонента в развитии компьютерно-графической компетентности будущего профессионального педагога средствами компьютерной графики.

Рассмотрены вопросы эффективного использования компетенций компьютерной графики в учебном процессе и стратегии решения проблемы формирования компетенций компьютерной графики будущего профессионального педагога. Полученные в результате исследования результаты следует использовать как самостоятельный инструмент при необходимости развития компетентности будущего педагога профессионального образования средствами компьютерной графики.

**Ключевые слова:** Педагог профессионального образования, компетенция, компьютерная графика, формирование, сущность формирования.

*Bitemirova Sh.,<sup>1\*</sup> Karataeva M.,<sup>2</sup> Zholdasbekova S.,<sup>2</sup> Makhmetova B.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> South Kazakhstan University named after M.Auezova, Shymkent, Kazakhstan*

*<sup>3</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## **THE ESSENCE OF FORMATION OF COMPUTER GRAPHIC COMPETENCE OF THE FUTURE TEACHER OF PROFESSIONAL TRAINING**

### *Abstract*

The article reveals the significance of the formation of computer-graphic competence of a teacher of future professional education, competitive in the system of higher education. Emphasis was placed on the difference between the concepts of "competence" and "competence" and their use. Social competencies and interprofessional competencies. In order to determine the content of the concept of vocational education, its structure and opinions of the authors of the study were analyzed.

The article also discusses the term "computer graphics", defines the task of forming a special competence, which can be called the competence of computer graphics, and specifies the level of formation of the competence of the future teacher of vocational education. With the help of computer graphics, the level of development of the motivational component in the development of the competence of the future professional teacher is shown.

The use of information and communication technologies in the course of professional training requires a complete change in the form of education of the future teacher of professional training. With the help of a survey, the level of development of the motivational component in the development of the competence of a future professional teacher by means of computer graphics was considered and determined.

The issues of effective use of computer graphics competencies in the educational process and strategies for solving the problem of forming computer graphics competencies of a future professional teacher are considered. The results obtained as a result of the study should be used as an independent tool if it is necessary to develop the competence of a future teacher of vocational education by means of computer graphics.

**Keywords:** Professional education teacher, competence, computer graphics, formation, meaning of formation

**Негізгі ережелер.** Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың мәні нақтыланды. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының графикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру сыни тұрғыдан ұғынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға, өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға, ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға, логикалық операцияларды қолдана отырып, ақпараттарды өңдеуге, өзінің оқу қызметін жоспарлауға және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Құзыреттілік жеке тұлғаның игерген білімі, іскерлігі мен дағдысын әлеуметтік ортада қолдана білу қабілеті болып табылады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтары үшін арнайы кәсіби құзыреттілік құрылымына *графикалық* құзыреттілік енеді. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігі: мотивациялық; танымдық, операциялық, шығармашылық компоненттерді қамтиды. Әрі олар бастауыш, базалық, алгоритмдік, шығармашылық деңгейлер бойынша қалыптасады.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңдағы ғаламдық ақпараттық-коммуникациялық деңгейдің шарықтауы компьютерлік білім беру сапасын көтеру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Білім беру бағытында білікті маман даярлау жоғары оқу орындарының басты-мақсаты-ол мамандықты игерту болса, қазіргі мақсат бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда маманның құзыреттілік қабілетіне бағытталған білім беру жүйесін ұсыну.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар, компьютерлік дизайн, графика автоматтандырылған жобалау жүйелерін меңгерген түлектерге сұраныс артуда, осыған орай кәсіптік оқыту мазмұны мен оқыту технологиясын қайта қарау және оқыту принциптерін дамытуды талап етеді.

Әсіресе, болашақ кәсіптік оқыту педагогтары үшін компьютерлік графикалық құзыреттілік маңызды кәсіби құзыреттіліктердің бірі болып табылады, ол арнайы практикалық мәселелерді шешуде графикалық білімді, дағдыларды және іскерліктерді тиімді қолдану мүмкіндігін білдіреді.

Зерттеу барысында біз кәсіптік оқыту бакалаврының кәсіби құзыреттілігін сондай-ақ, компьютерлік графикалық құзыреттіліктің маңызы мен мәнін анықтау мәселесіне тоқталамыз.

Жоғары оқу орындарының бітіруші түлектерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мыналарға басты назар аударылады:

- заманауи компьютерлік бағдарламаларда ақпарат көздерімен жұмыс жасай алу, аналитикалық ақпараттық жүйеде компьютерлік тапсырмаларды пайдалану және қажеттісін іріктеу;
- ақпараттық технологияларды қайта өңдей алуы;
- қажеттілік туындағанда ақпараттық жүйемен өндірісті басқара алу, электрондық құжаттарды алмастыра білу;
- мәтіндерді компьютерде даярлау, компьютерлік сауатты болу, ақпаратты мәдениеті болу, ақпараттық жабдықтау құралдарын кеңінен пайдалана алу.

Түрлі ғылым салаларында пайдалану мүмкіндіктеріне орай «құзырет», «құзыреттілік», «құзыретті» ұғымдары түрлі мәнге ие. Мақалада, болашақ кәсіптік оқыту педагогының

компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен осы ұғымдарға түсінік береміз.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін сабақ барысында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолданып, графикалық бағдарламалар құралдары арқылы болашақ кәсіптік оқыту педагогының құзыреттілігін дамытудағы мотивациялық компоненттің даму деңгейі, қарастырылып, анкеттік сұрақтар арқылы анықталды. Компьютерлік графикалық құзыреттілігін оқыту үдерісінде тиімді пайдалану мен болашақ кәсіптік оқыту педагогының, компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін шешу стратегиялары қарастырылды.

«Құзырет» пен «Құзыреттілік» ұғымының айырмашылығы анықтамалық мәселесі, олардың қолданыстағы терминдік түсініктің көптеп кездесуінде. Сондықтан мақала аясында көптеген ғылым саласының қызметкерлерінің пікірі мен тұжырымдамаларын қарастырайық.

Білім беру саласында құзырет пен құзыреттілік ұғымдарын қолдануда бірнеше пікір қалыптасқан.

Ең алдымен, «құзыреттілік» терминінің мәнін ашып алайық. Ол үшін құзыр (компетенция) және құзыреттілік (компетенттілік) ұғымына тоқтала кетуді жөн көрдік. Себебі педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде бұл ұғымдардың мағынасы ұқсас, ал негізінен көбіне түрлі категориялар үшін қарастырылады. Сонымен құзыреттілік және құзырет терминдері нені білдіреді? Олардың арасындағы айырмашылықтарды түсініп білуге бірнеше анықтамалар көмектеседі.

Қазақ тіліндегі салалық – ғылыми терминдердің түсіндірмелік сөздіктерде құзыр ұғымын «қандай да бір тапсырманы орындауға қабілетті немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілген [1].

Айта кететін жайт кейбір мақалада, әдебиет жазбаларда *құзырет* сөзі *құзірет* деп жазылып кездесіп жатады. Алайда терминдік сөздіктерде құзырет болып жазылған, сондықтан да, ғылыми түсіндірме сөздіктегі жазылуды құптаймыз.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде С.И. Ожеговтың ойынша «құзыреттілік – белгілі бір мәселені жан-жақты білу» [2]. Ресей ғалымы Н.Кузминаның көзқарасы бойынша, құзыреттілік дегеніміз «педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абройлығы» делінген [3]. Сол сияқты, Ю.Н. Емельновтың еңбектерінде құзыреттілік ұғымы ауқымды көлемде қарастырылған онда: «Құзыреттілік – жеке тұлғаның қабілеттері мен әлеуметтік белсенділігі, қоғамдағы, мәртебесі, сәтті жұмыс істеуге мүмкіндік беретін оқытудың жеке формалары» анықтамасынан жеке тұлғаның білімі, іскерлігі және тәжірибесі анық байқалады [4].

Құзыреттілік ұстанымның шығуына себепші болған мәселе, бүгінгі таңда білім беру мазмұнында қазіргі заманғы экономика мен өркениеттің сұранысына сай болмауынан туындап отыр дейді И.Д. Фруммин [5].

Шет тіліндегі сөздіктерде құзыреттілік дегеніміз бұл «жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыратын, жақсартатын көрсетілетін сипаттамалар мен дағдылардың жиынтығы» ретінде анықтама береді [6].

Ал Дж. Равен «Құзыреттілік» терминіне «жеке тұлғаның қасиеттерін топтайтын ұғым» деген анықтама береді [7].

Соңғы 5-7 жылда пайда болған шетелдік зерттеулердің көпшілігінде (С.I.Beelisle, М.Linard, В.Rey, G.Le Booterrf, L.Turkal, N.Guignon, M.Joras және т.б.), «құзыреттілік» ұғымы қабілеттер, білім мен дағдылардың жиынтығы ретінде емес, белгілі бір жағдайға сәйкес келетін жоғары деңгейдегі тапсырманы орындау үшін қажетті барлық ресурстарды (білім мен дағдылар, қабілеттер мен психикалық қасиеттер жүйесіне ұйымдастырылған) жұмылдыру қабілеті немесе дайындығы ретінде түсіндірілетін мақсаттары мен шарттарына сәйкес іс-әрекет деп санайды.

Осы орайда, Ф.Эрпенберг құзыреттілік қызмет жағдайындағы тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру көзқарастарына жатқызады [8].

Б.Брегман кәсіпқойдың құзыреттілігін маңызды жеке ресурс деп санайды [9].

«Құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымын отандық ғалым зерттеушілер Қ.С. Құдайбергенова құзыреттіліктен білім, іскерлік, дағдының айырмашылықтарын былай түсіндіреді:

– білімнен айырмасы қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады;

– дағдыдан айырмашылығы оқыған материалды топтастырып, шығармашылықты пайдалана отырып, құбылыстар мен заңдылықтарды өзгерте алатын саналы іс-әрекет;

– іскерліктен ерекшелігі дағдыға автоматты түрде жету немесе оны алмастыру емес, керісінше, бірнеше пән бойынша дағдыларын біріктіру, жалпы қызмет негізін сезіну.

Автор «құзырет» ол әр түрлі кенеттен пайда болған жағдайда мәслені шешу үшін қажетті білімді немесе іс-әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік жағдайлар арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі, ал «құзыреттілікті» адамның өзіндік деңгейіне даралық қасиеттеріне тікелей байланысты, тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыруды ұсынады [10].

Бұл жайында Б.Тұрғанбаева «өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзырлылықтар деп айтамыз» деп анықтама берсе [11].

Ғалым, педагог Ш.Таубаева «Құзыреттілік – бұл тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке дайындығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті», деп қарастырады [12].

Кәсіби құзыреттілікті түсіндірудің заманауи тәсілдері әртүрлі. Көбінесе ол сапаның сипаттамасы мен біліктілік деңгейін анықтау үшін маманды кәсіби даярлау ретінде қарастырылады. Кәсіби құзыреттілік ұғымының мазмұнын анықтау мақсатында оның құрылымын қарастырайық. Кәсіби құзыреттілік ұғымын зерттеген ғалымдар: Н.С Розова, Б.С. Гершунский, В.В. Сериков, Е.В. Бондарев, А.И. Пискунов, Н.В. Кузьмина, Е.В. Арцишев, М.К. Кабардов, А.К. Маркова, Н.В. Матяш, А.Д. Щекатунова және т.б. Кәсіпке баулу мәселесіне арналған әдебиеттерді талдау арқылы құзыреттіліктің мазмұны, құрылымы және қызметі бойынша бөлуге мүмкіндік берді.

Бірінші бағытты Е.В. Бондаревская, А.И. Пискунов ұсынды, Н.С. Розова, Н.Б. Крылов, құзыреттілік пен мәдениеттің байланысы адамның дамуы, оның білім мен тәрбиесінің нәтижесі [13,14,15].

Н.С. Розованың еңбектерінде құзыреттілік үш комбинациямен ұсынылған аспектілері: семантикалық, проблемалық практикалық және коммуникативті. Онда маманды даярлау моделінің бір кезеңі, дамуы және ұсынылған жалпы мәдени құзыреттілікті қалыптастыру коммуникативтік аспектімен, ал кәсіби құзыреттілік проблемалық практикалық аспектімен анықталған Н.Б. Крыловтың айтуынша, кәсіби мәдениет бұл жүйе еңбек деңгейін тікелей қамтамасыз ететін әлеуметтік, кәсіби қызмет және оның жеке мазмұнын анықтау, еңбекке деген көзқарас. Кәсіби қызмет арқылы әрбір адам мамандықты анықтауға тырысып, өзі үшін максималды нәтижелерге қол жеткізетін қабілеттері байқалады. Сөйтіп, еңбек етуде өз қарым-қатынасын анықтайды, материалдандырады. Оның жеке мәдениеті еңбек мәдениетіне енеді [15,56б].

Өндірісте, әлеуметтік тәжірибедегі өзгерістер кезінде өз маңызы мен мәнін жоғалтпайтын маманға кәсібінен тысқары жерде қажетті құзыреттіліктің кейбір жалпы түрлері айқындалған. Б.Т. Кенжебековтың құзыреттіліктің әр түріне кәсіпаралық жалпы компоненттердің мына түрлерін енгізеді:

– *кәсіби құзыреттілік* – компьютермен жұмыс жасай алу, кеңсе жабдықтарымен жұмыс істей білу, өндірістегі жүйелі жұмыс барысын жоспарлаудағы қабілеттілік, қол машықтығы, техникалық құжаттарды түсіну оқи алу;

– *жеке тұлға құзыреттілігіне* – өз бетімен шешім қабылдауда үйреншікті емес, стандарты емес шешімдердің шешімін таба білу, теориялық және практикалық ойлау алу, еңбекті жоспарлауға және реттеуге қабілеттілік, проблеманы көре білу, өз бетімен жаңа білім мен іскерлікті игеру қабілеті;

– *дара құзыреттілікке* – өз жұмысының сапалы болуына ұмтылу, жетістік мотивациясы мен табыс қоры, өз-өзін мотивациялауға қабілеттілігі, оптимист және өзіне деген сенім болып табылады [16].

Аталған құзыреттіліктер кәсіби-іс-әрекетте, кәсіби қарым-қатынаста, жеке тұлға ретінде қалыптасуында, оның жеке дара кемелденуінде байқалады. Жоғары оқу орынының түлегі кәсіби қызметтегі біліктілігі мен іс-әрекетті атқаруда теориялық және практикалық дайындағы мен қабілетінің бірлігі. Бұл ұғымның мәні кәсіби икемділіктердің жиынтығы арқылы ашылады деп автор жоғары білімді маманның құзыреттілігін атап өтеді.

Кәсіби құзыреттілік пен әлеуметтік құзыреттілік өзара тығыз байланысты. Т.Е Исаева кәсіби құзыреттілікті – пәннің ерекшеліктерімен қамтылған және оқытушының ұстанымымен, педагогикалық жүйеге сәйкес таңдалатын оқыту әдісі, кәсіби тәжірибенің тәсілі, білім мен іскерлік жиынтығы ретінде түсіндіреді [17].

Маманның кәсіби құзыреттілігіне көп ғалымдардың пікірі бойынша төмендегі құзыреттіліктер жататының атап көрсетеді:

– ақпараттық құзыреттілік – ол ақпараттық технологияларды меңгеруін қарастырады;

– коммуникативтік құзыреттілік – ол мәдени сөйлеу деңгейінің жоғары болуы, шет тілдерді білу;

– практикалық құзыреттілік – ол арнайы кәсібінде қолданылатын техника мен технологияларды білу;

– әлеуметтік құзыреттілік – ол жауапкершілік ала білу және шешім қабылдау қабілеттілігі бірлесе топпен шешім қабылдауға қатысу, туындаған мәселелерді реттеу;

– психологиялық құзыреттілік – психологиялық жағдайда сипатына лайық тәлім алушыға психологиялық әсер етуге әдістерді дұрыс таңдай алу біліктілігі;

– экологиялық құзыреттілік – табиғаттың даму заңдылықтарын білу, кәсіби іс-әрекеттегі экологиялық жауапкершілік;

– валеологиялық құзыреттілік – денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын ұстануда білім мен іскерлігі;

Кәсіби құзыреттілік мазмұнына қарай жалпы және арнайы болуы мүмкін. Жоғары оқу орны түлектерінің жалпы кәсіби құзыреттілігі түрлі жоғары оқу орындарының барлық түлектеріне ортақ болып табылады және білім, іскерлік, дағдылар мен өмірлік тәжірибені меңгеру ретінде айқындалады. Арнайы кәсіби құзыреттілік – түлектің кәсіби даярлығының дәрежесі мен түрі, оның белгелі бір кәсіби қызметті орындау үшін қажетті кәсіби құзыреттілігінің болуы. Бұл белгілі бір мамандық үшін қажет, біздің зерттеуімізде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін негіз болады.

Н.В. Федотова графикалық құзыреттілік ұғымына былайша сипаттама береді, қоғамды ақпараттандыру жағдайында болашақ техникалық маманның кәсіби дамуына бағытталатын және конструкторлық-жобалық қызметте жаңа технологияларды игеруге дайындығы, тұрақты тұлғалық және кәсіби өсуіне ие бәсекеге қабілетті маманның одан әрі қызметі үшін қажетті арнайы білімді, графикалық пікірлер мен практикалық дағдыларды меңгеруді көздейтін тұлғалық сипаттамасы ретінде көрсетеді [18].

Графикалық құзыреттілік – бұл арнайы құзыреттілікке кіретін пәндік-мамандандырылған түрі. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ол болашақ кәсіптік оқыту педагогтары-

ның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, оның ішінде бірқатар компоненттер бар олардың арасында:

– графикалық сауаттылық – сызбаларды, графикалық құжаттарды оқи білуі, қарапайым геометриялық фигуралардың бейнесін, олардың негізгі құрылымын бейнелеу;

– графикалық ақпараттандыру – графикалық тапсырмаларды орындау үшін ақпараттар мен деректерді табу мүмкіндігі;

– графикалық білім – негізгі компьютерлік графика элементтері мен есептерді шешу әдістері, графикалық кескіндерді құру туралы білімді меңгеруі;

– графикалық іскерліктер – түрлі компьютерлік графикалық бағдарламаларды қолданып, жасалаған студенттің кеңістіктік бейнелермен жұмыс істеуге дайындығы;

– графикалық дағдылар – абстрактілі ойлау іс-әрекетін, кеңістіктік қиялды, графикалық бейнелеу арқылы техникалық идеяларды ұсыну, әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, өз бетінше шығармашылық жұмысқа дайын болу [19].

Компьютерлік графика – бұл жобалаушылар, конструкторлар мен зерттеушілер үшін жаңа тиімді техникалық құралдар, бағдарламалық жүйелер мен машиналық тілдер, аналитикалық қолданбалы және сызба геометриясы, компьютерлік бағдарламалау, есептеу математикасының әдістері және т.б. сияқты ғылымдардың синтезі негізінде туған жаңа ғылыми, оқу пәндері. Машина бұрын ешкім бейнелеуге тырыспаған осындай күрделі геометриялық нысандарды нақты бейнелейді.

Компьютерлік графиканы оқыту – бүгінгі таңдағы инженерлік білім берудің маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады.

Компьютерлік графика саласын болашақ мамандардың кәсіби даярлығында қарқынды дамып келе жатқан бағдарламалық, зияткерлік өнімдер жағдайында тиісті, кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған болу қажет.

Компьютерлік графиканың өнімдері – суреттер мен кескіндер. Техникалық сурет, диаграммалар, киім үлгілері мен сызбалары, архитектурадағы жоспар көрінісі, иллюстрациялық жарнама, мультфильмдік кадры болуы мүмкін.

Компьютерде кескіндерді өңдеуде, арнайы графикалық редакторлық бағдарламалар қолданылады.

Графикалық редакторлар екі санатқа бөлінеді: *растрлық* және *векторлық*.


Растрлық графика – бұл графиканың элементі – нүкте немес пискель суреттердің элементтері. Растрлық графика редакторларының арасында қарапайым жүйелер бар, мысалы: Стандартты *Adobe Photoshop* және *Paint* сияқты қуатты кәсіби графикалық қосымша.

Векторлық графика - мұндағы графиканың жалғыз элементі – сызықтар мен қисықтар.

Кәсіби векторлық графикалық жүйелердің арасында *Corel Draw*, *Abode Illustrator* және *AutoCaD* ең көп таралған. Графикалық редакторлар графикалық кескіндерді жасау және өңдеу құралдары, оларды құралдар тактасына біріктіру арқылы таңдауға мүмкіндік береді. Растрлық графикалық редакторлар мен векторлық құралдар такталарында көптеген ұқсас құралдар бар. Мысалыға алсақ: қарапайым графикалық нысандарды салуға арналған құралдар жиынтығы: түзу сызық, қисық сызық, тіктөртбұрыштар, эллипс, көпбұрыш тағы басқалар. Бірақ олармен жұмыс істеу принциптері біршама ерекшеленеді (сурет-1).

Векторлық графикадағы кескіннің негізгі элементі – сызық. Әр нысанды экранға шығармас бұрын, бағдарлама объектінің кескініндегі экран нүктелерінің координаталарын есептейді, сондықтан векторлық графиканы кейде есептелген графика немесе объектіге бағытталған болады. Векторлық графиканың объектілері параметрлер жиынтығы ретінде жадыда сақталады.

Сонымен, болашақ кәсіптік оқыту педагогының графикалық құзыреттілігі – оның графикалық білімді, түсініктерді, іс-қимыл алгоритмдерін, құндылықтар мен қатынастар жүйесін және олардың қоғамдағы қауіпсіз жұмысын анықтайтын объектілерді жобалаудың барлық деңгейлері мен кезеңдерінде рефлексиясын қолдану мүмкіндігі болып табылады.



Сурет 1. Компьютерлік графикалық редактордың санаты

Іс-әрекет ұстанымының әдіснамасына сүйене отырып, біз болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық іс-әрекетінде *аспаптық* және *мазмұнды* деңгейлерді анықтадық. *Аспаптық деңгей* – бұл қарапайым графикалық құралдарды және компьютерлік графикалық әрекеттерді орындау тәсілдерін білу деңгейі. *Мазмұндық деңгей*-графикалық құзыреттіліктің мазмұндық деңгейінің екі ішкі деңгейін бөлуге негіз болатын нақты инженерлік жүйелер мен әлеуметтік-техникалық жобалардың логикасында компьютерлік графикалық қызметті жүзеге асыруды қамтиды.

Жүйелі – техникалық кіші деңгейде күрделі адам-машина жүйелерін жобалауды, техникалық құжаттамалар жүйесін және оны дайындау технологияларын білуді қамтиды. Әлеуметтік-техникалық деңгейде білім алушы студенттің шығармашылық компьютерлік графикалық қабілеттері жүзеге асырылады, объектілерге гуманитарлық сараптама жүргізіледі, аралас стильдегі графикалық жұмыстар қолданылады.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтары үшін арнайы кәсіби құзыреттілік құрылымына бірқатар құзыреттер кіреді (ақпараттық, коммуникативті тағы басқа). Бұл тізімге *графикалық құзыреттілікті* қосу орынды деп санаймыз. Өз кезегінде *графикалық құзыреттілік* келесі компоненттерден тұрады: мотивациялық; танымдық; операциялық, шығармашылық және олар бастауыш, базалық, алгоритмдік, шығармашылық төрт деңгей бойынша қалыптасады.

Құрылымдық компоненттерден басқа болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігінің функционалды компоненттерінен *мотивациялық компонентін* қарастырамыз.

*Мотивациялық компонент* өзінің графикалық құзыреттілігі, оның ішінде объектілерде жұмыс істеу қауіпсіздігі үшін әлеуметтік жауапкершілікті дамыту қажеттілігін қамтиды. Графикалық құзыреттілік деңгейлерін интерпретациялау кезінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық шешімдерді жедел қабылдауы үшін қажетті, оның ақпараттық – аналитикалық компоненті күшейтіледі.

Біз университетің бірінші курс студенттерінің графикалық құзыреттілігінің белгілі бір деңгейіне ие екендігін аксиома деп санаймыз, яғни олар университетке түскенге дейін суреттер салуды, сыбалар сызуды біледі, сондықтан біз назарымызды болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының заманауи графикалық бағдарламалармен жұмыс жасауға үйретіп, компьютерлік графикалық құзыреттілігін дамытуға басты назар аударамыз.

Зерттеу барысында келесі графикалық құзыреттіліктер ең маңызды болып табылатындығы анықталды.

Танымдық компонент бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлауда, олар сызу, сызба геометрия курсының теориялық ережелерін, қажетті нормативтік құжаттарды (мемлекеттік стандарттарды, ЕСКД), техникалық сызбаларды оқу және орындай алу қажет,

конструкторлық және техникалық өндіріс құжаттамасын, автоматтандырылған жобалау жүйесі мен принциптерін білуі керек. Сонымен қатар, 3D модельдеу негіздерін, 2D дизайн негіздерін компьютерде эксперимент жасау ережелерін, білімдерін игеруі қажет.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогы операциялық компоненттер бойынша бөлшектер, жинақтар конфигурациясын талдау, олардың тәсілдерін жоспарлау мүмкіндігін құру, әр түрлі бұйымдардың виртуальды бейнелерін көрінісін модельдеу және өңдеу тәсілдерін, модельденетін объектілердің ассоциативті сызбаларын сызу мен жобалау әдістерін, анықтамалық жүйелер мен электронды кітапханаларда сақталатын мәліметтерді және дерек-терді пайдалана білу, өз бетінше және ұжымда компьютерде эксперимент ұйымдастыруға білімі мен іскерлігі, дағдысы болуы тиіс.

Шығармашылық компонент бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогында аналитикалық және логикалық ойлау қабілеті, кеңістіктік ойлау мен шығармашылық, жүйелік ойлау қабілетін көрсете білуі керек.

**Нәтижелері.** Сонымен, құзыреттілік – нақты бір сала бойынша жан-жақты жоғары білімге ие адам. Осының арқасында оның пікірі салмақты және беделді болып табылады. Өмірде нақты іс-әрекеттерді, шынай жүзеге асыруға қабілетті.

Жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, құзыреттілік ұғымына келесідей анықтама берілді: құзыреттілік алған білімін пайдалана білу қабілеті, кәсіби мамандығына қатысты қабілеттер мен шеберліктерін меңгере білу, әлеуметтік даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларына төтеп бере алатын тұлғаның интегративті қасиеттер жиынтығы.

Құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білім, іскерлік, дағдыны және қызметтің әмбебеп тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім берудің нәтижесі болса, «Кәсіптік оқыту» пәнінің білім беру бағдарламасының басты міндеттерінің бірі пән мазмұнын меңгере отырып, болашақ педагогтың қосымша ақпарат негізінде жұмыс істеуге дағдыландыру болып табылады. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін, кәсіби құзыреттілік негіздерін қалыптастыру болашақ педагогтың түрлі ақпарат көздерімен тиімді әрі пайдалы жұмыс істеуді игерумен тығыз байланысты.

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушы студенттің шығармашылығы мен қабілеттілігіне жағдай жасай алатын, тұғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың заманауи технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен оқу саласында қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Кәсіптік оқыту пәндерін өтуде, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану болашақ кәсіптік оқыту педагогының оқыту формасын толықтай өзгертуін талап етеді. Яғни дәріс оқушыдан, практикалық жұмыс орындаушы маманға айналады. Педагог сабаққа қажетті ресурстарды алдын-ала дайындап компьютерге жүктейді. Білім беруде жаңа оқыту әдістерін қолдануы қажет. Компьютерлік графикалық жұмыстарды орындау барысында педагог бағдарламаларды жүктеп алғаны жөн.

Компьютерлік графика – кескіндерді, диаграммаларды, суреттерді, сызбалар мен мультипликацияларды компьютер көмегімен алуды қарастыратын информатиканың негізгі саласының бірі болып табылады. Компьютерді пайдаланушылардың қатарында, компьютерлік графикамен айналысатындардың саны күн санап артып келеді. Газеттер мен журналдардағы жарнамаларға тапсырыс беру немесе жарнамалық парақшалармен буклеттерді басып шығару компьютерлік графиканың қажеттілігін көрсетеді.

Олардың кейбіреулері осындай жұмыстарды компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасайтын дизайнерлік кеңселермен, жарнама агенттіктеріне тапсырыс берсе, кейбіреулері компьютерлік бағдарламалар құралын пайдаланып, өз күштерімен жасауға тырысады.



Қазіргі танымал бағдарламалардың бірде-бірі компьютерлік графикасыз жұмыс жасамайды. Статистикалық көрсеткішке сүйенетін болсақ, жаппай қолданыста жүрген бағдарламаларды жасап шығарушы бағдарлама жасаушы ұжым қызметкерлері өз жұмыстарының 90% уақытын осы графикамен шұғылдануға жұмсайды екен.

Компьютерлік графикалық бағдарламаларды қолданып сабақ беретін оқытушының алдында компьютерлік графикалық құзыреттілік деп атауға болатын *арнайы құзыреттілікті* қалыптастыру міндеті тұр бұл құзыреттілікте:

– білім алушыға модельденетін нысандарды талдаудың практикалық дағдылары үйретіледі;

– графикалық ақпаратты құрылымдау дағдыларын қалыптастырады;

– дизайн негізі ретінде кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді;

– алгоритмдік және комбинаторикалық ойлаудың дамуына ықпал етеді, қабілетін дамытуға мүмкіндік береді;

Айта кететін жайт, компьютерлік графиканы кәсіби игеру оны сауатты пайдалану үшін жеткілікті шарт емес, өйткені бұл жағдайда композициялық идеяны білу мүмкіндігі қажет.

Компьютерлік графика бағдарламасымен жұмыс жасау кезінде композициялық туындыны салуға, объектілерді кескіндеуге, жалпы заңдылықтарын ескере мазмұнын білдіретін органикалық тұтастығын құрастырып, идеяны анықтауға болады.

Зерттеліп отырған жұмысымызда болашақ кәсіптік оқыту педагогының қызығушылығын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

Компьютерлік графика құралдары арқылы болашақ кәсіптік оқыту педагогының құзыреттілігін дамытудағы *мотивациялық компоненттің даму деңгейі төмендегідей сауалнама сұрақтар арқылы анықталды:*

1. Компьютерлік графиканы жеке пән ретінде өту қажет деп түсінесіз бе? (ия, жоқ, білмеймін);

2. Компьютерлік графикамен жұмыс істеуге қызығасыз ба?

3. Компьютерлік графиканың қандай тапсырмалар сізді қызықтырады?

4. Компьютерлік графиканы үйренуге нендей себептер болды?

5. Компьютерлік графикамен әуестенесің бе? (ия, жоқ, ішінара)

6. Компьютерлік графикада қандай тапсырмаларды орындадыңыз?

7. Компьютерлік графика бағдарламаларымен қашаннан бері әуестенесіз?

8. Компьютерлік графикамен жұмыс жасау сенің болашақ мамандығыңа қажетті деп ойлайсың ба?(ия, жоқ, білмеймін);

9. Компьютерлік графика туралы біліміңізді толықтырып отырасың ба? (ұдайы, мүмкіндігінше, онша талпынбаймын);

10. Сабақтан тыс уақыттарда компьютерлік графика бағдарламасын пайдаланасыз ба?

11. Компьютерлік графиканы пайдалануға сұраныс бар ма?

12. Компьютерлік графиканы пайдалану адамның ой-өрісін жетілдіреді ме? (ия, жоқ, білмеймін);

13. Компьютерлік графика тапсырмаларын орындауда «интернет» материалдарына қызығушылық танытасыз ба? (ия, жоқ, уақыт жетпейді);

14. Компьютерлік графиканың қай бағыттарын ұнатасыз?

15. Компьютерлік графика бағдарламаларында педагогикалық процестің сапасын көтеруге болады деп ойлайсыз ба?

16. Үйде компьютеріңіз бар ма? (ия, жоқ, жатаханада тұрамын). Бар болса, оның көмегімен компьютерлік графика бағдарламаларында тапсырмаларды орындауға талпынасыз ба?


Студенттердің сұраққа берген жауаптары түрлі болды. Оларға қысқаша тоқталатын болсақ, мынадай көріністі байқауға болады. 12-ші сұраққа эксперимент тобының 62 оушының 67,2% компьютерлік графиканы пайдалану адамның ой-өрісін жетілдіреді деп жауап берсе 32,8% жоқ білмеймін деумен шектеледі. 1-ші сұраққа-57,9% оқышу жоқ десе,

24,2%-иә, 17,9%-білмеймін деп жауап берді. 16-шы сұраққа -73,8%-студент жатақанада тұрамын, онда компьютер жоқ деп жауап берсе-19%-иә,7,2%-үйде компьютер жоқ деп жауап берді.

*Кесте1*

*Мотивациялық компоненттің даму деңгейінің көрсеткіштері*

Компоненттер	Эксперимен тобы 62				Бақылау тобы 71			
	шығармашылық		алгоритмдік		базалық		бастауыш	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	БТ	БТ
Мотивациялық	-	-	14,51	14,08	30,64	32,39	54,83	53,52



*Сурет 2. Мотивациялық компонент негізінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігінің деңгейі*

**Талқылау.** Қазіргі компьютерлік графика тек көркемдеу мен безендендіру үшін ғана емес, ғылым мен медицинаның барлық саласында, коммерциялық және әкімшілік қызмет орындарында алуан түрлі ақпаратты көрнекі түрде көрсету үшін сызбалар, графиктер, диаграммалар жасау үшін қолданылады.

Автокөліктің немесе ұшақтардың жаңа үлгілерін құрастырған кезде, конструктор олардың соңғы көрінісін алу мақсатында 3D өлшемдік графикалық объектілерді қолданады.

Монитор экранында архитектор болашақ ғимараттың кең көлемді кескінін жасап, оны жер бедерімен қалай жанасатынын алдын-ала болжам жасай алады.

Ал болашақ кәсіптік оқыту педагогы мамандану бағыты бойынша мысалы: тігін бұйымдарын конструкциялау мен модельдеу бағытында киімнің сызбасын сызу, көркемдеп сәндеу, модельдеу, мата бетіне үлгіні орналастыру, мата шығынын есептеуді тағы басқа операцияларды орындайды.

Осыған орай, болашақ кәсіптік оқыту педагогының, яғни білім алушы студенттердің компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін шешу үшін келесідей стратегиялар қолдану керектігін көрсеткіміз келіп отыр ол:

- 1) шығармашылық қабілеттілік;
- 2) мәселені қоя білу тәсілі;
- 3) ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- 4) ақпаратты жинақтау тәсілі;
- 5) ақпараттық қажеттілікті анықтау;

Олардың әрқайсысына жекелей тоқталсақ.

**Шығармашылық қабілеттілік:** өз бетінше жаңа, бір бейне құрумен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ашу арқылы өзіндік дара дамуының бір көрінісі.

*Мәселені қоя білу тәсілі:* мәселенің негізгі мәнін іздеу, түйінін шешетін сұрақ қоя білу, дәл тұжырымдау, жалпылау, топтастыру, т.б. шарттарды орындау керек.

*Ақпараттық қажеттіліктерін анықтау:* ақпараттандыру-ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде білім алушының ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету, ақпараттық ресурсты іздеуге жол көрсету, қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілгендігін анықтау.

*Ақпаратты жинау тәсілі:* ақпаратты зерттеу қосымша деректерді іздеу мен жинаудың бастапқы нүктесі болуы керек. Интернет ресурстарында жинақталған ішкі ақпараттың едәуір бөлігі бар, олардың кейбіреулері дайын және тез пайдалануға дайын, мысалы киім үлгілерін сызбасын алуға және өлшемдердің техникалық эскизі туралы мәліметтер.

*Ақпарат көздерімен жұмыс жасау:* ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беру.

**Қорытынды.** Мақалада зерделенген зерттеу нәтижелері оқу және оқытуға қатысты тараптар арасында сауалнама ұйымдастыру нәтижесінде анықталған факторлар болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін арттыруға, оны дамытуға тікелей әсер ететіндігін және бұл факторлардың әсері кейбір жағдайларда кедергі келтірумен анықталғандығын көрсетті.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогын даярлауда ақпараттық коммуникациялық технологияда, компьютерлік графикалық жұмыстарды, оның ішінде жаңа бағдарламаларды көптеп орындау мүмкіндіктерін болашақ маман ұтымды пайдалана білсе, білім сапасы қажетті деңгейде артады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология/ жалпы ред. Басқ. А.Құсайынов.-Алматы: Мектеп, 2007.-256 б.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М.: «Оникс 21 век»,2004.
3. Кузьмин Н.В Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения [текст]-Н.В Кузьмина; ВНИИ проф.-тех. Обр.-М.: Высшая школа, 1990.-117с
4. Емельянов Юрий Николаевич. Теория формирования и практика совершенствования коммуникативной компетентности: автореферат дис.... доктора психологических наук: 19.00.05/ЛГУ.-Ленинград,1991.-38с.
5. Фрумин И.Д. Компетентностный подход как эстетический этап обновления содержания образования Педагогика развития: ключевые компетентности и их становление: материалы 9-й научно-практической конференции.-Красноярск, 2003.-С.36
6. [https://en.wikipedia.org/wiki/competence\\_\(human\\_resource\)](https://en.wikipedia.org/wiki/competence_(human_resource))
7. Джон Равен «Компетентность в современном обществе краткое содержание» Литагент «Когито-Центр»881f530e-013a-102c-99a-0288a49f2f10год 2002
8. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі //Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізгі және практикалық нәтижесі: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. Материалдары. –Алматы: ББЖ КБАРИ, 2008.-30-36б.
9. Тұрғынбаева Б. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары. // Бастауыш мектеп. №3.-2009-13б.
10. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Оспанова Б.Ә. Педагогтың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің мәні мен мазмұны. // Білім әлемінде.-2013.№3.-3-5б.
11. Бондаревская Е.В. Прогностическая роль концепции личности-ориентированного образования в развитии целостной теории [текст]: Рукопись/ Е.В.Бондаревская-М.,1999.
12. Пискунов А.И. Педагогическое образование: цель, задачи и содержание [текст]/А.И.Пискунова//Педагогика.-1995.№4-С.59-63
13. Розов Н.С Ценности гуманитарного образования [текст]/Н.С Розов//Высшее образование в России.-1996.-№1.-С.85-89с

14. Кенжебеков Б.Т Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы.-Астана: Л.Н Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, 2001.-275б.

15. Исаева Т.Е. Классификация профессионально-личностных компетенций вузовского преподавателя//Педагогика.-2006.-№2

16. Федотова Н.В Тестовый контроль уровня знаний студентов по дисциплине «Начертательная геометрия» (Электронный ресурс): учебно-методическое пособие для студентов очно-заочной форм обучения- Волгоград: ВолГТУ, 2021.-92с.

17. Вязанкова В.В Формирование графической компетенции бакалавров технических направлений подготовки в условиях информационно-образовательной среды//Современные проблемы науки и образования 2021.№ 2.С. 1-55. <https://doi.org/10.17513/spno.30663>

#### References:

1. Qazaq tili terminderiniñ salalyq ğylymi túsindirme sózdıǵı: Pedagogika jáne psihologia/ jalpy red. Basq. A. Qūsainov.-Almaty: Mektep, 2007.-256 b.

2. Ojegov S.İ. Slovar ruskogo iazyka. M.: «Oniks 21 vek», 2004

3. Kuzmin N.V Profesionalizm lichnosti prepodavatelä i mastera proizvodstvennogo obuchenia [teks]-N.V Kuzmina; VNİ prof.-teh. Obr.-M.: Vyssaia škola, 1990.-117s

4. Emelänov İuri Nikolaevich. Teoria formirovania i praktika soveršen stvo van ia komuni kativnoi kompetentnosti: avtoreferat dis.... doktora psihologicheskikh nauk: 19.00.05/LGU.-Leningrad, 1991.-38s.

5. Frumin İ.D. Kompetentnostnyi pohod kak estesvennyi etap obnovlenia soderjania obrazovania Pedagogika razvitiia: klüchevye kompetentnosti i ih stanovlenie: materialy 9-i nauchno-prakticheskoi konferensii.-Krasnoïarsk, 2003.-S.36

6. [https://en.wikipedia.org/wiki/competence\\_\(human\\_resource\)](https://en.wikipedia.org/wiki/competence_(human_resource))

7. Jon Raven «Kompetentnost v sovremennom obşestve kratkoe soderjanie» Litagent «Kogito-Sentr»881f530e-013a-102s-99a-0288a49f2f10god 2002

8. Qūdaibergenova K.S. Qūzyrlylyq tūlǵa damuynyñ sapalyq kriteriü //Bilim sapasyn baǵaladyñ mäseleleri: ädisnamalyq negizgi jáne praktikalyq nätiyesi: Halyqaralyq ğylymi-praktikalyq konf. Materialdary. –Almaty: BBJ KBARİ, 2008.-30-36b.

9. Tūrǵynbaeva B. Bastauyş synyp oquşylaryny şyǵarmaşylyq qabileterin damytudyñ pedagogikalıq şarttary. // Bastauyş mektep. №3.-2009-13b.

10. Taubaeva Ş.T., Barsai B.T., Ospanova B.Ä. Pedagogtyñ käsibi-didaktikalıq qūzyrettiliginin mäni men mazmūny. // Bilim äleminde.-2013.№3.-3-5b.

11. Piskunov A.İ. Pedagogicheskoe obrazovanie: sel, zadachi i soderjanie [teks]/A.İ.Piskunova//Pedagogika.-1995.№4-S.59-63

12. Piskunov A.İ. Pedagogicheskoe obrazovanie: sel, zadachi i soderjanie [teks]/A.İ. Piskunova//Pedagogika.-1995.№4-S.59-63

13. Rozov N.S Senosti gumanitarnogo obrazovania [teks]/N.S Rozov//Vysşee obrazovanie v Rosii.-1996.-№1.-S.85-89s

14. Kenjebekov B.T Universitet studentteriniñ käsibi qūzyrettiligin qalyptastyruyñ teoriasy men praktikasy.-Astana: L.N Gumilev atyndaǵy Eurazialyq ũlttyq universiteti, 2001.-275b.

15. İsaeva T.E. Klasifikasiia profesionälno-lichnostnyh kompetensi vuzovskogo prepodavatelä//Pedagogika.-2006.-№2

16. Fedotova N.V Testovyi kontrol urovnä znani studentov po disipline «Nachertatelnaia geometria» (Elektronnyi resurs): uchebno-metodicheskoe posobie dlä studentov ochno-zaochnoi form obuchenia-Volgograd: VolGTU, 2021.-92s.

17. Väzankova V.V Formirovanie graficheskoi kompetensii bakalavrov tehniceskikh napravleniı podgotovki v usloviiah informasionno-obrazovatelnoi sredy//Sovremennye problemy nauki i obrazovaniiaiu 2021.№ 2.S. 1-55. <https://doi.org/10.17513/spno.30663>

МРНТИ: 14.01.07  
УДК: 378.4

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.015>

Г.Т. Мамбетова,<sup>1\*</sup> С.Т. Томарбаева,<sup>2</sup> М.С. Байдабекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

<sup>2</sup> М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент қ., Қазақстан

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТІЛДІК САБАҚТАРЫН ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### Аңдатпа

Бұл мақалада тілдік мәселесі көп қырлы, теориялық, педагогикалық бағыттағы тұрғыдан зерттеуді қажет етеді практикалық деңгейлерде жүзеге асыру үшін педагогтар мен психологтардың ғылыми ізденістері, ең алдымен, жаңа әдістер мен тәсілдерді іздеуге, гипотезаларды ұсынуға және оларды эксперименттік тексеруге бағытталған. Инновация білім беру қызметінің жаңа құралы, жаңа әдісі, педагогикалық қызметтің әдістемесі, жаңа бағдарламалары, олардың жаңа технологиясы ретінде қарастырылған. Педагогикалық инновацияда тілдік оқу-әдістемелікті қамтамасыз етуде қолданылатын практикалық педагогикалық инновациялық қызметте қолдануға болатын сабақтарда оқу-әдістемелік инновациялық әдістер. Жоғары оқу орындарында оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етуде оқу мүмкіндіктерін кеңейту. Педагогикалық инновациялар оқытудың жаңа әдістемелерін, оқытудың электрондық платформаларын және басқа технологияларды қамтиды. Тілдік дағдыларды біріктіру: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу сияқты тілдік дағдылар. Оқытудың барлық жаңа әдістері жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми-әдістемелік материалдарында зерттеледі және сипатталады. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда білім алушылар әртүрлі жағдайларды түсінеді және оларды шешу жолдарын қарастырады. Тәжірибелі білім беру мазмұнында – стандарттарда, бағдарламаларда, оқу кешендерінде жүзеге асырылады.

**Түйін сөздер:** Оқу-әдістемелік, педагогикалық инновация, жоғары оқу орындары, тілдік сабақтар, білім алушы, педагог.

Мамбетова Г.Т.,<sup>1\*</sup> Томарбаева С.Т.,<sup>2</sup> Байдабекова М.С.,<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Южно-Казахстанского государственного педагогического университет,  
г. Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup> Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова,  
г. Шымкент, Казахстан

## УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЯЗЫКОВЫХ ЗАНЯТИЙ ВУЗОВ НА ОСНОВЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИННОВАЦИЙ

### Аннотация

В данной статье рассматривается проблема языка с многогранной, теоретической, педагогической направленностью для реализации на практических уровнях научные поиски педагогов и психологов направлены, прежде всего, на поиск новых методов и подходов, выдвижение гипотез и их экспериментальную проверку. Инновация рассматривается как

новый инструмент, новый метод образовательной деятельности, методика педагогической деятельности, новые программы, их новая технология. Учебно-методические инновационные методы на уроках, которые могут быть использованы в практической педагогической инновационной деятельности, применяемые в педагогическом инновационном обеспечении языковой учебно-методической деятельности. Расширение возможностей обучения в учебно-методическом обеспечении в высших учебных заведениях. Педагогические инновации включают новые методики обучения, электронные платформы обучения и другие технологии. Интеграция языковых навыков: языковые навыки, такие как аудирование, речь, чтение и письмо. Все новые методы обучения изучаются и описываются в научно-исследовательских институтах и научно-методических материалах вузов. На уроках с помощью грамматических игр обучающиеся понимают различные ситуации и рассматривают пути их решения. Практикуется в содержании образования-стандартах, программах, учебных комплексах.

**Ключевые слова:** Учебно-методические, педагогические инновации, вузы, языковые занятия, обучающийся, педагог.

*Mambetova G.T.,\*,<sup>1</sup> Omarbayeva S.,<sup>2</sup> Baidabekova M.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Doctoral student of the South Kazakhstan State Pedagogical University,  
Shymkent, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> M. Auezov South Kazakhstan University,  
Shymkent, Kazakhstan*

## **EDUCATIONAL AND METHODOLOGICAL SUPPORT OF LANGUAGE CLASSES OF UNIVERSITIES BASED ON PEDAGOGICAL INNOVATIONS**

### *Abstract*

This article discusses the problem of language with a multifaceted, theoretical, pedagogical orientation. To be implemented at practical levels, the scientific searches of teachers and psychologists are primarily aimed at finding new methods and approaches, putting forward hypotheses and their experimental verification. Innovation is considered as a new tool, a new method of educational activity, methods of pedagogical activity, new programs, their new technology. Educational and methodological innovative methods in the classroom, which can be used in practical pedagogical innovation activities, used in pedagogical innovative support of language teaching and methodological activities. Expansion of learning opportunities in educational and methodological support in higher educational institutions. Pedagogical innovations include new teaching methods, electronic learning platforms and other technologies. Integration of language skills: language skills such as listening, speaking, reading and writing. All new teaching methods are studied and described in research institutes and scientific and methodological materials of universities. In the classroom, with the help of grammar games, students understand various situations and consider ways to solve them. It is practiced in the content of education-standards, programs, educational complexes.

**Keywords:** Educational and methodological, pedagogical innovations, universities, language classes, student, teacher.

**Негізгі ережелер.** Тілдік мәселесі көп қырлы, теориялық, педагогикалық бағыттағы тұрғыдан зерттеуді қажет етеді практикалық деңгейлерде жүзеге асыру үшін педагогтар мен психологтардың ғылыми ізденістері, ең алдымен, жаңа әдістер мен тәсілдерді іздеуге, гипотезаларды ұсынуға және оларды эксперименттік тексеруге бағытталған. Осы уақытқа жоғары оқу орындарындағы тілдік тұлғасын қалыптастыру мәселесі билингвизм мен

көптілділік саласындағы үлкен ілгерілеулерге қарамастан аз зерттелген күйінде қалып отыр [1].

Тілдік оқытуда педагогтердің кәсіби даярлау жүйесін оқытудың практикалық бағытын күшейтуге бағытталған тілдерді өзара әрекеттесуін ұйымдастыру және болашақ мамандардан тек білімді талап етпейді тілді оқу-әдістемелікпен, сонымен қатар жоғары оқу орындары мен оқу-тәрбие процесін оңтайландыру дағдылары интерактивті сипаттағы педагогикалық инновацияларды пайдалану. Педагогикалық инновациялық тілдік білім берудегі оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етуде жоғары оқу орнының білім алушысы оқытудың мазмұнын, яғни оқытылатын тілдік материалды, игерілуі керек тілдік дағдыларды оқу-әдістемеліктің көмегімен игеруі; жоғары оқу орнының педагогі білім алушыларға материалды іріктеу және «беру», олардың оқу еңбегін ұйымдастыру, білім алушылардың білімі мен дағдыларын анықтау жөніндегі қызметін ұйымдастыру болып табылады. Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға инновациялық технология тілді меңгеруде оқу-әдістемеліктің қамтамасыз етілуінде құрылымын арттыруға және оны қарым-қатынаста кеңінен қолдануға жағдай туғызады. Педагогикалық инновациялық әдістерді қолдануда тілдік білім беруді қамтамасыз етілуде, танымдық және дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктердің деңгейін қалыптастырады.

Сонымен, тілдерді оқытуда оқу процесін ұйымдастырудың маңызды сәттері және оның нәтижелерін оңтайландыру-жаңа әдістер мен педагогикалық технологияларды енгізу. Осы зерттеу аясында «оқытудың педагогикалық инновациясы» ұғымы нақтыланады, жүйелік категория ретінде түсінеміз ғылыми білімді қолдану, оқу процесін талдау мен ұйымдастырудың ғылыми тәсілдері эмпирикалық педагогикалық инновациялар және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған білім алушының жеке басының білімі мен дамуы. Өз зерттеуінде «процесті оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі инновациялық технологиялармен студенттерді оқытуда» Е.В. Крапивник келесі тиімді әдістерді ұсынады оқу-тәрбие процесінде қолдануға болатын оқытудың инновациялық технологиялары жоғары оқу орындарында қолданудағы: ынтымақтастықта оқыту; жобалап оқыту технологиясы; білім алушыға бағытталған оқыту; қашықтықтан оқыту; интерактивті оқыту; тіл портфелі және басқаларын қамту.

Мәселен, педагогика ғылымында процесс жеткілікті терең және жан-жақты зерттелмеген жоғары оқу орындарындағы мамандарды даярлау құралы ретінде тілдің қалыптасуының артуы және оның ішінде тілдік тұлғаны қалыптастырудың шығармашылық және зерттеу қызметімен бірлестіктерінде көрініс табады. Тілдік тұлғаны қалыптастыруға арналған заманауи зерттеу жұмыстары жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың тілдік тұлғасын қалыптастыру тұжырымдамасының негізі бола алмайды, өйткені олардың барлығы тым қарама-қайшы және әртүрлі болып келеді. Шетелдік ғалымдардың ішінде Aitchison J., Carroll D.W., Chomsky N. және т. б. тілдік мәселесінің зерттелуіне өз үлестерін қосса, ал педагогтар мен психологтардың тілдік мәселесіне маңызды үлес қосқан ғалымдарды атап өтсек: В.И. Андреев, В.П. Беспалько, М.И. Богомолова және т.б. тілдік мәселенің педагогикалық инновациялық тұрғысынан кеңінен зерттеулер жүргізген [2]. Оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етуде ең алдымен гипотезаны жасаушылар американдық лингвистер Эдвард Сепир мен Бенджамин Ли Уорф «дүниетаным» және «тілдік дүниетаным» ұғымдарын ажыратуға айтарлықтай үлес қосты деп айтуға болады. Оның негізгі тезисі-әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдар әлемді басқаша қабылдайды және басқаша ойлайды деген тұжырым келтірген. Тұжырымдаманың түпнұсқа авторы американдық әуесқой этнолингвист Б.Л. Уорф болды [3, б.179].

Педагогикалық инновациялық үдерістің білімге, ғылымға зерттеу пәніне ХІХ 50-ші жылдарының аяғында ене бастады. Қазіргі педагогикалық білім беруде «инновация» ерекшеленеді. Инновация білім беру қызметінің жаңа құралы, жаңа әдісі, педагогикалық қызметтің әдістемесі, жаңа бағдарламалары, олардың жаңа технологиясы ретінде

қарастырылып жүзеге асырылып келеді. М.М. Поташник, В.А. Сластенин, Л.С. Подымова, Р.Н. Юсуфбекова, В.И. Загвязинский және басқалар инновациялық педагогикалық процесс күрделі, көп деңгейлі құбылыс деп қарастырса Р.Н. Юсуфбекова инновацияда үш блокты бөліп көрсетеді. Бірінші блок педагогикалық әдістемесінде жаңаның құрылуын көрсетеді. Ұғымдар жүйесі: инновацияларды жіктеудегі «жаңа», жаңаны құру шарттары мен критерийлері, жаңасын құру кезеңдері деп көрсетілсе. Екінші блок – жаңаны қабылдау, оны игеру және бағалау блогы деп қарастырған. Үшінші блок жаңасын қолданумен, педагогикалық жаңашылдықты енгізумен байланысты жүзеге асыруда [4].

**Кіріспе.** Елімізде спалы білім беру және тілдік мәдениетті дамытумен қатар инновациялық технологияларды қолдану күн санап артып келеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет», «Біртұтас ұлт», «Берекелі қоғам» жолдауында қоғамды құрудың өзі инновациялар мен өзгерістерден тұратынын атап өткендей. Педагогикалық инновацияларды тілдік сабақтарда кеңінен қолданудың мақсаты оқу-әдістемеліктерде педагогикалық технология, инновациялық жаңартулар мен тәжірибелерді енгізу. Сондай-ақ, жоғары оқу орында тілдік сабақтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі педагогикалық инновацияларды қолдануда, оқыту бағдарламасын әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс негізгі аспект болып табылады. Бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан отандық шетелдік ортада педагогтер дәстүрлі тәсілді қолданбай білімді озық тәжірибелі беруге дайын болуы керек. Білім алушылардың табысты нәтижелеріне қол жеткізу үшін әртүрлі инновациялар мен әдістерді қолдануы қажет екені мәлім. Педагогикалық инновациялар оқытудың жаңа әдістемелерін, оқытудың электрондық платформаларын және технологияларды қамтиды. Жоғары оқу орындарында тілдерді оқытудың қазіргі даму тенденцияларын түсіну үшін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету тиісті нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтеме болып, ғылыми-техникалық прогрестің өзгеруіне сондай-ақ, әлеуметтік ортаның сұраныстарына жауап беруде. Қазіргі білім беруде педагогика өз теориясын нақты бағдарлай отырып қайта құруда: білім алушының жеке басын, бағдарлауға, дамытуға арналған білім беру жүйесін құруда. Педагогикалық үдерісте ішкі жүйелердің құрамындағы жүйе, компоненттері мен элементтерін іске асыруда. Педагогикалық үдерісте бұл қоғамның да, жеке тұлғаның да дамуы мен өзін-өзі дамытудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім беру міндеттерін шешу мақсатында педагогикалық құралдарды қолдана отырып, білім беру мазмұны бойынша педагогтер мен білім алушылардың арнайы ұйымдастырылған өзара әрекетесуінде. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында тілдік тұлғасын дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді.


**Зерттеу материалдары және әдістері.** Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ тілді оқытудың негізгі әдістерін түсіндірмелі оқу, грамматикалық оқыту, жазбаша жаттығулар жүргізу, білім алушылардың сөйлеуін дамыту, тілдік даму заңдылықтарын мағыналы қабылдау деп санады. Жоғары оқу орнында оқитын тілдік өзіндік зерттеу әдістері мен тілдік ерекшеліктері бар. Тілді оқытудың кемшіліктері ретінде әдіскер формальды-грамматикалық оқытудың үстемдігін, оқытудың дедуктивті жолын, тілдік оқулықтарының жоқтығын, педагогтердің сапасының төмендігі деп атайды. Ф.И. Буслаевтың зерттеулерінде тек тілді ғана емес, өз тілін де үйренетін бағыттың негізін қалады. Ғалым тілді оқытудың екі әдістемелік тұжырымдамасын ұсынды: лингвоцентрлік және антропоцентрлік. Лингвоцентрлік тұжырымдаманың зерттеу пәні бұл бірнеше деңгейден тұратын жүйе ретінде тілдік: фонетикалық, морфологиялық және т. б. Антропоцентрлік зерттеу пәнінің тұжырым-дамалар болып табылатын тілдік тұлға, сөйлеу сөздерін шығаруға және қабылдауға қабілетті адамдар деп есептеді. Л.В. Байбородова, Н.М. Борытко, Н.В. Журавская, А.В. Круглий, Е.И. Козырева, А.О. Малихин, М.И. Рожкова, С.Н. Павлова, А.В. Криккова және т. б. зерттеулерде жоғары білім беру жүйесіндегі білім беру кеңістігі мен үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі педагогикалық шарттары ұсынылғанын атап өту маңызды т.б. авторларды



негізінен білім беру процесін ұйымдастыруға педагогикалық жағдай жасау мәселесі қызықтырды [ 5].

Заманауи инновациялық технологиялар мен тұжырымдамалар үшін өзіндік анықтамалығы болуы керек. Көптеген педагогикалық инновациялар ғылым мен білімнің әртүрлі салаларында сәтті қолданылып келеді. Бірақ практикалық сабақтарда жүзеге асыру барысында нәтижеге жету үшін педагогтерден талап пен білімді қажет етеді. Педагог жаңа талаптарға тез бейімделіп, таңдалған инновацияларды оқу процесінде қолдануды үйренуі керек. Оқытудың барлық жаңа әдістері жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми-әдістемелік материалдарында зерттеледі және сипатталады. Педагогтер жергілікті және халықаралық білім беру институттарында қолданылатын әдістер мен технологиялардың жаңартылуын белсенді түрде қадағалап отыруын қажет етеді. Әдістемелік материалдарда білім алушылар үшін де, педагогтер үшін де оқытудың жаңа әдістері туралы толық ақпарат болуы керек. Қамтамасыз етілу жүйесі мен ғылыми-әдістемелік материалдардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру ерекше жағдай болып табылады. Өйткені, бұл педагогикалық инновацияларды қамтамасыз етуде педагог жұмысының маңызды элементі болып табылатын ғылыми-әдістемелік материалдар екені мәлім. Ол жаңа технологиялық құралдарды, білім беру бағдарламалары мен материалдарын пайдалануды, оқу орындарына талдау мен зерттеу жүргізуді және табысты нәтижелерге әкелетін басқа принциптерді қамтуы керек деп түсіндіріледі. Өзекті және практикалық материалдар оқытылатын тілдер саласында жұмыс істеуі керек, грамматиканы оқытуға, оқуға, тыңдауға және сөйлесуге қатысты нақты оқыту әдістеріне жүгінуі. Олар аналитикалық шолуларды, жаттығуларды және практикалық қолдануда пайдалы болуы мүмкін барлық мүмкін вариациялары бар мысалдарды қамтуы керек. Белгілі бір оқыту әдістемесі негізінде оқу процесін таңдау және құру мүмкіндігі бар. Бүгінгі таңда оқыту әдісінің көптеген түрлері мен анықтамалары бар. Алайда, анықтамалардың әртүрлілігімен әдісті оқыту моделінің оқыту түрі, оқу бағыты ретінде түсіну қажет. Әдістің жұмыс анықтамасы келесідей болады: оқыту әдісі педагогтер мен білім алушының өзара әрекеттесу тәсілі, білімдерді, дағдыларды игеруге қол жеткізіледі, білім алушының дүниетанымы қалыптасады, қабілеттері дамиды. Оқыту бұл педагогтің жоғары оқу орнындағы білім алушысына қоғамның әлеуметтік тәжірибесін игеруге көмектесетін мақсатты үдеріс деп көрсетеді. Әдістер үдерістің өте маңызды элементі болып табылады. Тәжірибелі білім беру мазмұнында – стандарттарда, бағдарламаларда, оқу кешендерінде жүзеге асырылады. Білім беру мазмұнын игерудегі оқытудың мақсаты, әдістері мақсатқа жетудің тәсілі. Суретте. 1 Білім алушының танымдық және практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыратын педагогтің дәйекті іс-қимыл жүйесі ұсынылған. Дәл осы іс-әрекет білім алушылардың білім мазмұнын игеруіне әкеледі. Оқу процесінде үдерісінде білім алушы бір жағынан оқу объектісі, екінші жағынан оқу пәнін игереді. Педагогтің жетістікке жетуі үшін білім алушының қалауы қажет, оның мақсаты педагогтің мақсатына сәйкес келуі керек.

Сонымен қатар, педагог белгілі бір дәрежеде білім алушының жеке қасиеттерін. Объектінің мақсатқа жету механизмі ретінде көрсетілген материалды игеру процесінің жалпы ерекшеліктерін білсе, мақсатты қойып, қажетті іс-әрекет тәсілдерін қажетті мазмұн-мен толтыра алады.



*Сурет 1- Білім алушының танымдық және практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыратын педагогтің дәйекті іс-қимыл жүйесі*

Материалды игеру үдерісінің мақсаты мен ерекшеліктерін біле отырып, педагог өзінің пәндік, практикалық, интеллектуалды және эмоционалды құралдарын қолдана отырып, іс-әрекетті белгілейді және жүзеге асырады, білім алушының тиісті мақсатын жетелейді, нәтижесінде ол өз әрекеттерін өзіне қол жетімді құралдарды қолдана отырып жасайды. Білім алушының қызметі механизмді қозғалысқа келтіреді материалды игеру, соның арқасында білім алушы өзі өзгереді және оқу мақсатына жету үшін азды-көпті жақын болады. Мақсатқа жетпей, қалыптасқан әдіс туралы айту мүмкін емес. Оқыту әдісінің дұрыстығы мен толықтығының критерийі бір. Бұл аз күш жұмсай отырып, оңтайлы мерзімде мақсатқа тұрақты қол жеткізу. Әдіс мақсатқа жетуге бағытталған дәйекті әрекеттерден тұрады. Білім алушының білім алу бойынша әдістердің жіктеуі (1-кестеде берілді)

*Кесте 1- Білім алу бойынша әдістердің жіктеуі*

<b>Ауызша әдістер</b>	<b>Практикалық әдістер</b>	<b>Көрнекі әдістер</b>
Өңгіме; түсіндіру; пікірталас дәріс; кітаппен жұмыс.	Жаттығу; Практикалық жұмыстар.	Иллюстрация әдісі; Демонстрация әдісі.

Білім алу көзі бойынша жіктеу педагогикалық әдебиеттерде бірнеше рет және жеткілікті түрде сынға алынды. Бұл жіктеудің басты кемшілігі білім алушының оқудағы танымдық іс-әрекетінің сипатын көрсетпейді, олардың оқу жұмысындағы тәуелсіздік дәрежесін көрсетпейді [6].

Педагогикалық инновацияда тілдік оқу-әдістемелікті қамтамасыз етуде қолданылатын практикалық педагогикалық инновациялық қызметте қолдануға болатын сабақтарда оқу-әдістемелік инновациялық әдістерге: миға шабуыл әдісі, фундаменталистік әдіс, кейс-стади әдісі, кластер әдісі, текше әдісі және т. б. әдістерді қолдануға болады. «Миға шабул» немес «Брейн-торминг» әдісі ұжымдық талқылау әдісі, шешімді іздеу барлық қатысушылардың пікірін еркін білдіру арқылы жүзеге асырылады. Педагог пікірталас тақырыбын таңдайды, білім алушыларға тапсырманы түсіндіріп беруін талап етеді миға шабуыл ережесінде. «миға шабуылдың» мақсаты-мәселені шешудің көптеген нұсқаларын ұсыну. Өз қиялыңызды іске қосыңыз; кез-келген идеяны қабылдамаңыз, себебі ол әдеттегі пікірге қайшы келеді. Басқа қатысушылардың идеяларын дамытыңыз; - ұсынылған идеяларды бағалауға тырыспаңыз-мұны сәл кейінірек жасайсыз. Педагог барлық пайда болған идеяларды жазатын хатшыны тағайындайды. Іргетас-талистік әдіс: Іргетас идеялардың негіздерімен жасалады. Сондықтан фундаменталистік көзқарас зерттелетін идеяның ғылыми немесе басқа да күшті негіздерін іздеуден тұрады. Бұл оның болмысына деген сенімділікті арттырады, күштілермен байланыстырады, қалыптасқан идеялармен, белгілі білімді жұмылдырады, студенттерді идеялардың кемелдігін түсінуде нығайтады. Негіздер шешімдер мен әрекеттерді негіздеу процесінде құрылады. Аргумент деңгейлері әртүрлі болуы мүмкін: мазмұнды, логикалық, коммуникативті. Инновацияларды енгізу білім берудің тиімділігін арттырудың маңызды жолына айналуға болады. Білім беруде инновацияларды қолдануға деген ұмтылыс жаппай сипатқа ие болады. Инновация бұл ғылымның, техниканың, қоғамдық практиканың, инновациялар туралы ғылымның әртүрлі салаларындағы инновациялық процестердің теориясы мен практикасы. Инновацияның негізгі категориялары инновация, инновациялық қызмет, инновациялық процесс ұғымдары болып табылады. Зерттеу логикасы келесі әрекеттер тізбегіне негізделген: жұмыс ұғымдарын зерттеу

(педагогикалық жүйе және тілдік білім беру) және олардың мазмұнын талдау; - инвариантты (тілдік оқытудың мақсаты мен міндеттерін нақтылауға негіз болатын құзыреттілік және коммуникативтік тәсілдер мен оларды қолдайтын оқыту қағидаттарына) және вариативті (тілді оқытудың мазмұны, өзекті әдістері, іске асырылатын стандарттарға сәйкес оқыту нәтижелерінің мониторингі) қысқаша шолу жүргізу. Әрі қарай, біз шартты түрде бөлген осы жүйенің негізгі компоненттерін қысқаша қарастыру қисынды болып көрінеді: 1) инвариантты (тілдік оқытудың мақсаттары мен міндеттерін нақтылайтын, оқытудың іріктелген қағидаттарына сүйенетін құзыреттілік және коммуникативтік тәсілдерге); 2) вариативті (тілді оқытудың мазмұны, әдістері, іске асырылатын стандартқа сәйкес оқыту нәтижелерінің мониторингі). Өзгермелі компоненттер өзгеріп, нақты оқу жағдайларына бейімделуі мүмкін.

**Зерттеудің нәтижелері.** Қазіргі уақытта егемен ел әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесін әзірледі. Бұл білім беру үдерісіндегі жаңартылған әрі қолайлы, елеулі өзгерістерге байланысты. Бұл білім беру парадигмасындағы өзгерістерге байланысты, білім беру мазмұны жаңартылады, жаңа әдістер мен жаңа қатынастар пайда болады. Жоғары оқу орындарында оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етуде оқу мүмкіндіктерін кеңейту: оқу-әдістемелікті пайдаланыңыз және қажетті өзгерістерді енгізіңіз. Білім алушының тәуелсіздігін ынталандыру: педагогтер мен білім алушыларға өзін-өзі басқаруды үйренуге және насихаттауға көмектесуі. Тілдік хабардарлықты арттыру: педагогтер керек тілдік хабардарлыққа ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу, өзін-өзі тануды белсендіру, педагогтер білім алушыға негізгі ережелерді шығара алатындай сыртқы деректерге қолдау жасау. Контекстуализациялық лингвистикалық: педагогтер лингвистикалық ішінде көрініс мәтіндердің өрнекті тілді қолдану. Оқу-әдістемелік оқу процесінде оқытудың инновациялық технологияларын қарқынды пайдалану бағытында дамиды, олар оқытудың қойылған мақсатына осындай оқытуға бөлінген уақытта барынша тиімділікпен қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы, сондай-ақ оқытушының еңбегін ұйымдастырудың неғұрлым ұтымды тәсілдері. Тілдік дағдыларды біріктіру: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу сияқты тілдік дағдылар [7]. Тілдікті оқып үйрету барысында педагогикалық инновациядағы ойындардың алатын орны ерекше. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру білім алушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат ойын әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесу әрекетіне жетелеу.

Тілдік сабақтарында рөлдік ойындардың маңызы зор. Ойын білім алушының сол орындалатын іс-әрекеттер арқылы тіл үйренуге деген сенімін қалыптастырады. тілдерге ғана тән дыбыстарды дұрыс айтуға, жазуға жаттықтыруға; білім алушының тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын дамытуға; жағдаяттар туғызып, іс-әрекеттер арқылы сөйлетіп үйренуге үйретеді. Белгілі педагог А.С.Макаренко баланың ойын үстінде түрлі таным-түсініктері, қасиеттері дамып, қабілеті мен белсенділігі артатынын атап көрсеткен. Сабақта ойналатын дидактикалық ойындардың пайдасы өте зор. Ол ойындарды тақырып бойынша өзгертіп тұруға ыңғайлы болады. Ойынның мақсаты, шарты балаларға түсіндіріледі. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда білім алушылар әртүрлі жағдайларды түсінеді және оларды шешу жолдарын қарастырады. Балалар жақсы ойынға құлшыныспен еніп, оны игеруге, әртүрлі дағдыларды, бөлшектерді игеруге және шеберліктерін шыңдауға тырысады. Сабақта алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және оқуды жандандыру мақсатын көздейді [8].

Ойында грамматикалық анықтамалар мен тілдік сипаттамаларды үйренуге көптеген мүмкіндіктер болады. Оқу бағдарламасында педагогтердің авторитарлық рөлі жойылып, білім алушының серіктестікке, ынтымақтастыққа және бірлесіп жұмыс істеуге деген қызығушылығы артады. Адамның жасына қарамастан, бала кезінен бастап адам қартайғанға дейін ойынды қажет етеді. Балалардың ойлауы ойындар арқылы дамиды.

«Дыбысты таңдау ойыны». Сөйлем жазыңыз және тек ойын шарттарына сәйкес таңдаған дауысыңыздан бастаңыз. Мысалы: қойлар қалдырған қозылар қанатты сарайға қамалады.

Жұмыстың келесі кезеңі және мәтін. Бұл кезеңде тілдік материалдар мен мәтіндердің құрылымы орындалады. Мәтіннен қажетті ақпаратты бөлектеңіз және сараланған жаттығуларды әртүрлі тәсілдермен орындаңыз. Мәтінмен жұмысты ұйымдастыру келесідей: оқығаныңызды көрсетіңіз, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз, жоспар құрыңыз және тренинг бірнеше бөлікке бөлінеді, негізінен идеяларды топтастырады және қорытындылайды. Мәтінді оқи және түсіне білу, сондай - ақ үшінші кезеңде дәптердегі негізгі идеяларды нақты түсіндіре білу-сіз үйреніп алу. Мәтінді оқығаннан кейін жұмыс істейді: Логикалық тапсырма; сөздік жұмыс істейді; дауыстық тәжірибе; ұсыныс жасаңыз; мәтін жоспарын жасаңыз; аталған мәтін; әңгімелер мен жағдайларды жасаңыз; жоспарға сәйкес мәтіннің мазмұнын жазу және айту.

11. Kudysheva A.A., Mukhataev A.A., Pshembayeva E.S., Khaimuldina A.Yu. The content and components of students' early professional self-determination in the system of secondary education // Vestnik Toraigrov universiteta – 2023. – № 2. S. 323-333

12. Zeer E.F. Osnovy proforientologii/ E.F. Zeer, A.M. Pavlova, N.O. Sadovnikova - M.:Vysshiaia shkola, 2005. – 158 s.

МРНТИ 14.07.05  
ӘОЖ 371.485

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.025>

Г.К. Шолпанқұлова<sup>1\*</sup>, М.П. Асылбекова<sup>1</sup>, Қ.Қ. Шалғынбаева<sup>1</sup>, С.С. Жубакова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.  
Астана, Қазақстан

## ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

*Аңдатпа*

Мақалада Павлодар облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердегі балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және оларға қатысушылардың рөлдерін анықтау және оның алдын алудың қажеттілігі сипатталады. Буллинг – бұл білім беру ұйымында оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін барлық факторлардың өзара әрекеттесуінің күрделі нәтижесі. Буллингтің алдын алу жолындағы маңызды қадам – бұл мектептегі орын алып жатқан барлық нақты факторларды анықтау және олардың ықпалын түсіну. Осыдан балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алуда буллингтің мазмұнын және құрылымын, оның қалыптасу кезеңдерін білу қажет. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты буллингтің табиғатын түсіну, оның құрылымын және оқушылар арасындағы буллингтің әсерін анықтау болып табылады. Білім беру ұйымдарында көбінесе буллинг жағдайында бастамашы жалғыз емес, негізінен оның айналасында жақтаушылар тобы құрылады, зорлық-зомбылықтың түрі ретінде буллинг бір оқушыға емес, бірнеше адамға да бағытталуы мүмкін. Буллер өз әрекеттерін құпия ұстауға тырыспайды, керісінше, ол көпшілік алдында агрессивті түрде әрекет етеді. Егер зорлық-зомбылық тұрақты бола бастаса, онда оның бірнеше адамнан бастап бүкіл сыныпқа дейін куәгерлері болуы мүмкін. Зерттеу барысында буллинг пен кибербуллинг мәселесіне қатысты психологиялық әдістемелер таңдалып алынды, соның ішінде Е.Г. Норкинаның «Буллинг құрылымын» анықтауға арналған әдістемесі қолданылды.

**Түйін сөздер:** буллинг, балалар, жасөспірімдер, буллер, агрессор, құрбан, жәбірлеуші, бақылаушы, қорғаушы.

Шолпанқұлова Г.К., <sup>1\*</sup> Асылбекова М.П., <sup>1</sup> Шалғынбаева К.К., <sup>1</sup> Жубакова С.С. <sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана Казахстан

## ОПЫТ ПРОФИЛАКТИКИ БУЛЛИНГА СРЕДИ ШКОЛЬНИКОВ ПО ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

*Аннотация*

В статье описывается необходимость профилактики буллинга и кибербуллинга среди детей и подростков в общеобразовательных школах Павлодарской области и определения ролей их участников и их профилактики. Буллинг – сложный результат взаимодействия всех факторов, влияющих на формирование личности учащегося в образовательной организации. Важным шагом на пути к предотвращению буллинга является выявление всех конкретных факторов,

происходящих в школе, и понимание их влияния. Отсюда следует, что в профилактике буллинга среди детей и подростков необходимо знать содержание и структуру буллинга, этапы его формирования. Основная цель этого исследования – это понимание природы буллинга, определение его структуры и влияние буллинга среди учащихся. В образовательных организациях в случае буллинга часто инициатор не одинок, в основном вокруг него создается группа сторонников, буллинг как форма насилия может быть нацелен не на одного ученика, а на нескольких. Буллер не пытается держать свои действия в секрете, вместо этого он ведет себя агрессивно на публике. Если насилие становится постоянным, у него могут быть свидетели от нескольких человек до всего класса. В ходе исследования были выбраны психологические методики, касающиеся проблемы буллинга и кибербуллинга, в том числе применена методика Е.Г. Норкиной для определения «структуры буллинга».

**Ключевые слова:** буллинг, дети, подростки, буллер, агрессор, жертва, обидчик, наблюдатель, защитник.

*Sholpankulova G.,<sup>1\*</sup> Assylbekova M.<sup>1</sup>, Shalgynbayeva K.,<sup>1</sup> Zhubakova S.<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana Kazakhstan*

## **EXPERIENCE OF PREVENTION OF BULLYING AMONG SCHOOLCHILDREN IN PAVLODAR REGION**

### *Abstract*

The article describes the need to prevent bullying and cyberbullying among children and adolescents in secondary schools in the Pavlodar region and determine the roles of their participants and their prevention. Bullying is a complex result of the interaction of all factors influencing the formation of a student's personality in an educational organization. An important step towards preventing bullying is to identify all the specific factors that occur in the school and understand their impact. It follows that in the prevention of bullying among children and adolescents, it is necessary to know the content and structure of bullying, the stages of its formation. The main goal of this study is to understand the nature of bullying, to determine its structure and the impact of bullying among students. In educational organizations in the case of bullying, the initiator is often not alone, mainly a group of supporters is created around him, bullying as a form of violence can be aimed not at one student, but at several. Buller does not try to keep his actions a secret, instead he behaves aggressively in public. If violence becomes constant, it can have witnesses from a few people to the entire class. In the course of the study, psychological methods were chosen regarding the problem of bullying and cyberbullying, including the method of E.G. Norkina to determine the «structure of bullying».

**Keywords:** bullying, children, teenagers, buller, aggressor, victim, offender, observer, defender.

**Негізгі ережелер.** Буллинг мектеп оқушыларының өміріндегі шешімін таппаған әлемдік денсаулық сақтау мәселесіне де айналуға. Буллинг оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, құрдас-тарымен және ересектермен қарым-қатынасына, сондай-ақ мектеп немесе қоғамдық нормаларға байланысты күрделі факторлардың өзара әрекеттесуінен туындайды. Көптеген себеп-салдар мен факторларға байланысты мектепте буллингтің кең таралуы әдіснамалық тұрғыдан негізделген. Зерттеуде буллинг құбылысын қарастырған сапалы зерттеулердің де деректері түсіндіріледі. Деректерді талдау үшін теориялық және статистикалық әдістер қолданылады. Мақалада Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, ғылым комитетінің мақсатты бағдарламалық қаржыландыру гранттық жобасы аясында BR 185744152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы орындалған зерттеу нәтижелері мазмұндалады. Мақаланың мақсаты Павлодар облысы бойынша оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу тәжірибесін жариялау. Эксперимент барысында буллинг және кибербуллингтің мәні мен құрылымын, стресстік

жағдайлардан шығу стратегиясын, кибербуллингке ұшырау дәрежесін бағалау мақсатында психодиагностикалық зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде, Е.Г. Норкинаның «Буллинг құрылымын» анықтауға арналған әдістемесі бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыстарға жасалған талдау нәтижелері ұсынылады.

**Кіріспе.** Бүгінде буллинг балалар ұжымына мектепке тән әлеуметтік құбылыс ретінде қарқынды дамып келеді. Бұл буллингке қатысушыларға (жәбірлеуші мен жәбірленуші (құрбан) және тұлғааралық зорлық-зомбылыққа куә болғандар) әсер етеді. Буллинг ауызша және физикалық қорлауды, қоқан-лоққыны, «әзілдерді» немесе көріністерді, мазақтау және сынға алуды, қорлайтын мінез-құлық пен мимиканы қамтуы мүмкін. Буллинг топтағы адамдардың өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне және оның құрылымына әсер етеді. Жалпы, XX ғасырдың аяғында шетел әдебиеттерінде кейбір оқушылардың басқалар тарапынан қудалануын білдіретін ұғым «буллинг» пайда болғаны белгілі. Буллинг мектеп ортасындағы психологиялық әлеуметтік зорлық-зомбылықтың ашық түрі болып табылады. Зерттеу барысында алыс және жақын шетелдік, сонымен қатар отандық ғалымдар еңбектеріне жан-жақты талдау жасалды.

Буллингті жәбірленуші өзін қорғай алмайтын, біркелкі емес күш қатынастары аясында бір тараптың басқа біреуді қайта-қайта ренжіту немесе зиян келтіру ниеті бар физикалық, ауызша және қарым-қатынастық мінез-құлық деп түсіну керек. Буллинг жағдайында бала әртүрлі позицияларда әрекет ете алады: жәбірленуші, агрессор (булли), сондай-ақ куәгер, оның мінез-құлық таңдау мүмкіндігі бар: максималды тоқтата тұру, жанама немесе тікелей буллиді қолдау, жәбірленушіні қорғау (Olweus, 2013) [1].

Буллингті күштердің теңгерімсіздігі жағдайында агрессорлардың жәбірленушілерге жасаған агрессивті әрекеттері ретінде анықтайды (Gladden et al., 2014) [2].

*«Мектептегі қорлауды» (school bullying) әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелердің жиынтығын қамтитын, өзін қорғай алмайтын адамға қатысты жеке адамның немесе топтың ұзақ мерзімді физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық процесі деп қарастырады (Маланцева, 2007) [3].*

*Буллингті «бір адам зорлық-зомбылық жасаушы, ал екіншісі физикалық және/немесе психологиялық зорлық-зомбылыққа ұзақ және жүйелі түрде ұшырайтын жәбірленуші ретінде әрекет ететін тұлғааралық қарым-қатынас формасы», - деп анықтайды (Мерцалова, 2000) [4].*

Отандық зерттеушілер (Р.У. Ұзақбаева, Т.М. Илюхина, С.О. Амантаева және т.б.) буллингтің себептері мен салдарын анықтайды, зорлық-зомбылық жағдайларын шешу бойынша профилактикалық іс-шараларды, сондай-ақ буллингке қатысушыларға көмек көрсету жөніндегі шараларды және мектептің педагогикалық ұжымы мен психологиялық қызметіне буллингтің алдын алу бойынша нақты әдістемелік ұсыныстарды ұсынады [5].

Д.Лейн «буллингтің құрылымын» әлеуметтік жүйе ретінде зерттей отырып, оның құрамына құқық бұзушыларды (агрессор, бұзақы, буллер) және олардың құрбандары мен куәгерлерін енгізіп, сипаттайды [6].

О.Л. Глазман «буллинг құрылымының» төмендегідей жіктемесін ұсынып, қысқаша сипаттама береді: буллингті басқарушылар (жәбірлеушілер) жалпы агрессивтіліктің жоғары әлеуеті бар адамдар ретінде сипатталады. Олар өз құрбандарына ғана емес, мұғалімдер мен туыстарына да «шабуыл жасайды». Буллингті басқарушылардың көмекшілері «жәбірлеушіге» көмектесуге және еліктеуге ұмтылуымен сипатталады. Олар тікелей қорқытуды пайдаланады. «Жәбірленушінің» қорғаушылары, әдетте, бұлар сыныптастары арасында ең үлкен беделге ие. Олар тікелей қорқытуды пайдаланады, ұрады. Жәбірленушілер. Мұндай балалар психологиялық зорлық-зомбылықты, оқшаулануды және жалғыздықты, қауіп пен мазасыздықты сезінеді. Буллингтің «құрбандары» депрессия белгілерінің көрінісімен, мазасыздықтың жоғары деңгейімен және басқа да жағымсыз эмоционалдық көріністермен сипатталады. Бақылаушылар (куәгерлер). Буллинг жағдайында «куәгер» рөлінде кез-келген сипаттамадағы балалар болуы мүмкін [7].



К.Лоренц құрылым мен зорлық-зомбылық арасындағы байланысты атай отырып, «әрбір индивидтің кім күшті екенін, ал кім әлсіз екенін білетінін, сондықтан ол күшті алдында шегінуге бейім және оның алдында әлсіз шегінетінін күтеді», деп тұжырымдайды [8]. Демек, буллинг басқалар «ренжіткен» жағдайды білдіруі мүмкін. Бұл бірнеше рет қайталанатын қоқан-лоққылардың, қудалаудың, зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің және құрбандықтың түрлерінде көрініс табады. Егер зорлық-зомбылықтың алғашқы көріністерінің жолын кеспесе, онда бастамашы өзінің жазасыздығына көз жеткізеді, бұл оның жақтаушылар арасындағы беделіне әсер етеді, «ренжіткіштер тобы» нығаяды. Бақылаушылар мен мұғалімдердің балаға қорлау үдерісіне араласпауы және немқұрайлығы құрбанның агрессивті мінез-құлқының жиі қайталануына ықпал етеді және зардап шеккен адам қарсыласу қабілетін жоғалтады. Қорлау және қысым көрсету осы топтағы қалыпты жағдай деп қабыланатын болады. Зардап шеккен адам құрбанның бекітілген мәртебесіне ие болады. Бақылаушылар оқушыны қорлауға үйреніп, оны кез келген жағдайда айыптай бастайды. Ол өз бетінше жағдайды шеше алмайды. Зардап шеккен оқушы «ренжіткіштермен» кездесуден және жарақаттанудан аулақ болу үшін сабақты босата бастайды, ол шектен тыс уайымдауға дейін жеткізіледі және өзін жалғыз сезінеді. Осылайша, буллингтің пайда болу себептері жеке және топтық факторларының жиынтығы буллинг құрылымына байланысты болады [9, 10, 11]. Сонымен зерттеушілердің буллингке қатысушыларға әртүрлі сипаттама беруі оның құрылымын зерделеуге, олардың рөлдерін анықтауға мүмкіндік береді.

**Материалдар және әдістер.** Зерттеу барысында буллинг пен кибербуллинг мәселесіне қатысты таңдап алынған психологиялық әдістемелердің бірі – Е.Г. Норкинаның «Буллинг құрылымы» әдістемесінің мақсаты жеткіншектерді буллинг жағдайында атқаратын рөлдері мен ұстанымдарын анықтау болып табылады. Оқушыларға арналған тест 25 сұрақтан тұрады:

1. «Менде сыныптастарымның арасында достарым көп».
2. «Маған қоршаған адамдардың сыртқы бейнесі маңызды».
3. «Менің сыныбымда маған ұнамайтындар бар».
4. «Маған сыныптастарымның барлығы менен жақсы көрінеді».
5. Егер менің сыныптасым көзілдірікпен келсе.
6. Менің сыныбым өте тату.
7. Мен жалғыздық пен мазасыздық сезімін жиі сезінемін.
8. Егер менің көзімше сыныптасымды ренжітсе, менің сезімім.
9. Мен сыныптастарыммен көбірек уақыт өткізгім келеді.
10. Сыныптастарым менімен араласқысы келмейтін сияқты.
11. Біздің сыныпта барлығына ұнайтын бір-екі оқушы бар.
12. Маған ұрысқанда, мен ашуланамын.
13. Біздің сыныпта барлығы қорқатын бірнеше бала бар.
14. Мен басқа сыныпта немесе мектепте оқығым келеді.
15. Менің ойымша, кез-келген мәселені күшпен шешуге болады.
16. Менің сыныбымда ешкім дос емес бір (бірнеше) адам бар.
17. Маған біздің сыныпта қорлық көрсету актілері жиі болып тұратын сияқты (басқа аттар қою, мазақтау, ренжітетін ым-ишаралар немесе әрекеттер).
18. Егер мен сыныптастарымның төбелесіп жатқанын көрсем, онда мен.
19. Менің ойымша, ұжымда мені бағаламайды.
20. Менің ойымша, мектептегі мұғалімдер оқушыларды қорлайды.
21. Егер менің сыныбым кемеде болса, онда мен болар едім:
22. Егер адамның сыртқы бейнесінде ақауы болса (сүйелдер, қыпилық, семіздік т.с.с.).
23. Егер менің көзімше біреуді мазақтап, келекелеп жатса.
24. Сыныпта жетістікке жете алмаған кезде мен жиі ренжимін.
25. Маған сыныптастарымның қолдауы қажет [12]


Осы сұрақтардың ішінде үшеуі (13, 17, 20) сыныпта оқушыларға мұғалімдер тарапынан буллингтің болуы немесе болмауы туралы білуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге Е.Г. Норкинаның «Буллинг құрылымын» анықтауға арналған әдістемесі бойынша нәтижелерді талдауда 1-кестегі жауап кілттері де басшылыққа алынады.

Кесте 1. Нәтижелерді өңдеуге арналған жауаптар кілттері

Сұрақтар реті №	Басқарушы	Көмекші	Қорғаушы	Жәбірленуші	Бақылаушы
1	А	Б	А	Б	Г
2	Г	А	Б	В	Б
3	Г	Г	Б	А	В
4	В	Г	В	Б	В
5	В	Б	А	А	Г
6	А	Б	Г	Г	Г
7	Б	В	Б	А	В
8	Г	В	Б	Г	А
9	Б	В	А	В	Г
10	Б	Г	Б	В	А
11	А	В	А	Б	Б
12	А	Г	В	В	Б
14	Б	Б	В	Г	А
15	Г	А	Б	В	Г
16	Б	В	А	Г	В
18	Б	В	Г	А	Б
19	Б	А	Б	Г	В
21	А	Б	А	Г	В
22	Г	А	В	В	Г
23	А	В	Б	Г	В
24	В	А	Б	Г	Б
25	В	Г	Б	В	А

Сондықтан мақалада Павлодар қаласындағы Мәшһүр Жүсіп атындағы №19 жалпы орта білім беру мектебінің 5-6 сынып оқушыларымен жүргізілген эксперименттік тәжірибе нәтижелеріне талдау жасалады. Оқушылар Google.com форматтағы сауалнама сұрақтарына жауап берді.

**Нәтижелер және талқылау.** Әдістеме бойынша алынған зерттеу нәтижелерін талдайтын болсақ, сауалнамаға қатысқан 5 «а» сыныбы оқушыларының (барлығы 29 оқушы) ішінен 16 оқушы жауап берген. 1-диаграммада көрсетілгендей, сыныптағы 10-11-12 жастағы оқушылардың ішінде, 1 қыз бала 10 жаста, 6 қыз бала 11 жаста, 1 ұл бала 11 жаста, қалған 7 қыз бала 12 жаста. Сауалнама сұрақтарына жауап беруге талаптанған 16 оқушының 2 оқушысы ұл бала (12,5%) болса, ал қалған 14 оқушы қыз бала (87,5% ) болды (Сурет 1).



Сурет 1. Экспериментке қатысушылардың өзі туралы мәліметтері

«Менде сыныптастарымның арасында достарым көп» деген сұраққа оқушылардың 75% (12 оқушы) ия, мен барлығымен доспын деп жауап берсе, ал 25% (4 оқушы) менің бірнеше досым бар деп жауап береді (Сурет 2).



Сурет 2. Е.Г.Норкинаның «Буллинг құрылымын» анықтауға арналған әдістемесі сұрақтарына оқушылар жауаптары

Бұл сұрақтың нәтижесі сыныптың ұйымшылдығын көрсетеді, оқушылардың басым бөлігі «қорғаушылар», яғни бірін-бірі дұрыс қабылдай алатынын, бір-біріне қолдау көрсете алуын көрсетеді. Дегенменде сыныпта басқаларға қарағанда бір-біріне жақын достар тобы да бар екенін білуге болады (көмекшілер). «Жоқ, мен ешкіммен дос емеспін» жауап нұсқасын ешкім таңдамаған, ол сыныпта буллингтің «құрбандар» жоқ екенін білдіреді.

«Маған қоршаған адамдардың сыртқы бейнесі маңызды» сұрақта жауап берген оқушылардың ішінен 1 оқушы 6% ия, егер адамды мен ұнатпсам, онымен араласпаймын деген жауапты таңдаған, 94% (15 оқушы) жоқ, маңыздысы, адам қызық болу керек деген жауапты таңдаған. Бұл сұрақ жауаптарының нәтижесі оқушылардың өмірдің басты құндылығы – адам екені туралы түсініктерінің бар екенін көрсетеді. Адам қызық болу керек деген сөздің мән-мағынасы бір-біріне айтатын әңгімелерінен ортақ көзқарастары, қызығушылықтары, білімді

менгерудегі мақсаттары, болашаққа деген идеялары оларды жақындастыра түсетінінен байқалады (Сурет 3).



Сурет 3. Әдістеме бойынша адамдардың сыртқы бейнесінің маңыздылығы туралы пікірлері


«Менің сыныбымда маған ұнамайтындар бар» деген сұраққа берілген жауаптары жоғары 2-сұраққа берген жауаппен салыстырғанда (қарама-қайшылық) тудырады, өйткені оқушылардың басым бөлігі 62,5%(10 оқушы)ия, біреу немесе екеу деген нұсқаны таңдаса, 31,3% (5 оқушы) жоқ, маған барлығы ұнайды деген жауап нұсқасын таңдайды, 6,2% (1 оқушы) маған барлығы ұнамайды деген жауап нұсқасын таңдауы сынып оқушыларына деген жағымсыз көзқарасын білдіреді, яғни «жәбірленуші» ме деген ойды тудырады (Сурет 4).



Сурет 4. Әдістеме бойынша «Менің сыныбымда маған ұнамайтындар бар» деген сұраққа берілген жауаптар деңгейі


«Маған сыныптастарымның барлығы менен жақсы көрінеді» деген сұраққа оқушылар таңдаған нұсқалар көрсеткіші:ия, барлық жағынан (4 оқушы) 25%; ешқашан (5 оқушы) 31,3%; жоқ, барлығы маған теңеседі (2 оқушы) 12,5%; жоқ, мен өзімді басқалардан кеммін, деп сезінбеймін (5 оқушы) 31,3%. Жауаптар нәтижесі 62,6% барлығы бірін-бірі тең ұстайтыны туралы көзқарастың басымдылығын көрсетеді. Сонымен бірге «Егер менің сыныптасым көзілдірікпен келсе»: онымен бұрынғыдай қарым-қатынасымды өзгертпеймін (13 оқушы) 82%; оны күлкіге айналдырамын (1 оқушы) 6%; сөйлесуді, қарым-қатынасты тоқтатамын (1 оқушы) 6%; басқалар көрмеген уақытта ғана араласамын (1 оқушы) 6%. Жалпы берілген жауаптың нәтижесі оқушылар арасындағы қарым-қатынастың шынайылы-

ғын сипаттайды. Балалар үшін бірлесіп белгілі бір іс-әрекетті орындау, бір-бірімен танымдық немесе эмоционалдық ақпарат алмасу маңызды (Сурет 5).




Сурет 5. Оқушылар арасындағы қарым-қатынас деңгейі

«Мен жалғыздық пен мазасыздық сезімін жиі сезінемін» деген сұраққа 1 оқушы ия деп жауап береді (6,2%); 9 оқушы жоқ (56,3%); 4 оқушы кейде (25%); 2 оқушы жиі (12,5%) деп жауап береді. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 56,3% «жоқ» деп жауап бергенімен, 47,3% мазасыздық сезімін сезінуі алаңдатарлық жағдай болып табылады (Сурет 6).




Сурет 6. Оқушылардың жалғыздық пен мазасыздық сезімнің деңгейі

«Егер менің көзімше сыныптасымды ренжітсе, менің сезімім» деген сұраққа 1 оқушының (6%) жеңілдік, маған қатысы жоқ болғанының өзі жақсы; 10 оқушының (62%) әділетсіздік, сыныптасыма арашаға түсемін; 2 оқушының (13%) ештеме сезінбеймін, өзінің де кінәсі болар; 3 оқушының (19%) менің ешқандай шаруам болмайды деген жауабының өзі немқұрайлылықпен қарауы сыныптың ортасына әсер ету мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен бірге «Мен сыныптастарыммен көбірек уақыт өткізгім келеді» деген сұрақтың жауаптарына назар аударсақ, ия, бірақ өте сирек болады (8 оқушы) 50%; біз бос уақытымызды үнемі бірге өткіземіз (3 оқушы) 19%; жоқ, кейбіреулер барлығын бүлдіреді (5 оқушы) 31%, бұл сыныпта ауызбірліктің жоқтығын көрсетеді (Сурет 7).




Сурет 7. Сынып оқушыларының ұйымшылдық деңгейі

«Сыныптастарым менімен араласқысы келмейтін сияқты» деген сұраққа берілген жауаптар: ия, бұл мен үшін өте жағымсыз (3 оқушы) 19%; жоқ, менімен барлығы араласады (10 оқушы) 62%;) мен өзім олармен араласқым келмейді (3 оқушы) 19% болса, ал «Біздің сыныпта барлығына ұнайтын бір-екі оқушы бар» деген сұраққа ия, менің ойымша олардың бірі мен (4 оқушы) 25%; ия, бірақ олар оған жетпейді (1 оқушы) 6%; жоқ, бізде ондайлар жоқ (10 оқушы) 63%; ия, мен оларға теңесемін (1 оқушы) 6% (Сурет 8).




Сурет 8. Оқушылардың бірін-бірі қабылдау деңгейі

«Біздің сыныпта барлығы қорқатын бірнеше бала бар» деген сұраққа 1 оқушының (6,2%) ия, олар барлығын кемсітеді, кей уақыттары соғады; 13 оқушының (81,3%) жоқ, бізде ондайлар жоқ деп, ал 2 оқушының (12,5%) «мен өзім олардың бірімін – менен барлығы қорқады» деген жауабы, сонымен бірге «Мен басқа сыныпта немесе мектепте оқығым келеді» деген сұраққа берілген жауаптар «ия, маған біздің ұжым ұнамайды (2 оқушы) 12,5%; жоқ, мен үшін бәрі жақсы (7 оқушы) 43%; кейде, сыныптастарыммен кетісіп қалған кезде (5 оқушы) 31,3%; жоқ, мүмкін ол жақта бұдан да жаман болар (2 оқушы) 12,5%» «буллинг құрылымындағы» рөлдерін, яғни 2-оқушының буллингті басқарушылар, 1-оқушының бақылаушы-куәгер, 2-оқушының жәбірленушілер екенін, сондықтан олармен алдын алу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігін көрсетеді (Сурет 9).




Сурет 9. Сыныптағы буллинг құрылымы (рөлдердің бөліну деңгейі)

«Менің ойымша, кез-келген мәселені күшпен шешуге болады»: ия, бұл ең тиімді әрекет тәсілі (4 оқушы) 25%; жоқ, "бейбіт" жолмен шешкен дұрыс (7 оқушы) 50%; кейде онсыз болмайды (2 оқушы) 12,5%; барлығы жағдаймен адамдарға байланысты болады (2 оқушы) 12,5% жауап берсе, «Менің сыныбымда ешкім дос емес бір (бірнеше) адам бар» деген сұрақтың жауаптары да ия, мен оларды аяймын (2 оқушы) 12,5%; жоқ, біз барлығымыз өте татумыз (12 оқушы) 75%; ия, өздері де лайық (2 оқушы) 12,5% алдын алу жұмыстары жүргізу қажет (Сурет 10).




Сурет 10. Оқушылардың мәселені шешу тәжірибесінің қалыптасу деңгейі

«Маған біздің сыныпта қорлық көрсету актілері жиі болып тұратын сияқты (басқа аттар қою, мазақтау, ренжітетін ым-ишаралар немесе әрекеттер)» сұраққа 8 оқушының (50%) ия, үнемі келіспеушілік пен төбелестер; жоқ, бізде ондай болмайды (5 оқушы) 31,3%; жоқ деуге де болады, кейбір жағдайларды ескермесек (3 оқушы) 18,7%; ал «Егер мен сыныптас-тарымның төбелесіп жатқанын көрсем, онда мен» жандарынан өтіп кетемін, маған қатысы жоқ (7 оқушы) 43%; міндетті түрде тоқтаймын және қараймын (3 оқушы) 18,8%; барлығын телефонға түсіріп аламын, кейін интернет желілеріне таратамын, бәрі көрсін (1 оқушы) 7%; төбелесті тоқтатуға және себебін анықтауға тырысамын (5 оқушы) 31,3% деген жауаптарымен қатар сыныптағы 1 оқушының (7%) «барлығын телефонға түсіріп аламын, кейін интернет желілеріне таратамын, бәрі көрсін» деген жауап нұсқасын таңдауы ол оқушы-ның «жәбірленуші» немесе «көмекші» рөлін атқаратынын көрсетеді (Сурет 11).



Сурет 11. Оқушылар арасындағы буллинг жағдайдың орын алу деңгейі

«Менің ойымша, ұжымда мені бағаламайды» деген сұраққа 9-оқушының (56,3%) жоқ, 3-оқушының (18,7%) иә, 4-оқушының (25%) кейде деген жауаптары, «Егер менің сыныбым кемеді болса, онда мен болар едім» деген сұраққа капитан (4 оқушы) 25%; капитанның көмекшісі (1 оқушы) 6,2%; қарапайым матрос (10 оқушы) 56,3%; юнга (2 оқушы) 12,5% деген жауаптары тренингтік жаттығуларды жиі жүргізуді қажет етеді (Сурет 12).




Сурет 12. Жеке оқушының сыныптағы орны

«Маған сыныптастарымның қолдауы қажет» деген сұраққа сыныптағы оқушылардың 18,8% (3 оқушы) иә, 37,5% (6 оқушы) кейде, 6,2% (1 оқушы) жиі деген жауаптары, ал тек 37,5% (6 оқушы) жжоқ деген жауаптары буллингтің алдын алу бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырудың қажеттілігін көрсетеді (Сурет 13).



24. Маған сыныптастарымның қолдауы қажет:

16 ответов



Сурет 13. Оқушылардың қолдауды қажетсіну деңгейі

Сонымен, Е.Г. Норкинаның «Буллинг құрылымын» анықтауға арналған әдістемесі бойынша алынған зерттеу нәтижелерін талдау сауалнамаға қатысқан 16 оқушының ішінде буллинг жағдайында 12 оқушының «қорғаушы», 2 оқушының «бақылаушы», 1 оқушының «жәбірленуші немесе құрбан» және 2 оқушының «басқарушыға көмекші» рөлін атқару мүмкіндігі жөнінде тұжырымдауға болады (Кесте 2).

Кесте 2. Буллинг жағдайында рөлдерді бөлу

Буллинг жағдайындағы ұстанымы немесе рөлі	№ (оқушылар саны)	% (пайыздық көрсеткіші)
Бастамашы немесе буллингті басқарушы	-	-
Басқарушыға көмекші	2	12,4
Қорғаушы	12	75,2
Бақылаушы	1	6,2
Жәбірленуші немесе құрбан	1	6,2
Барлығы	16	100

**Қорытынды.** Сонымен буллингтің жалпы теориялық негіздерін талдау осы үдерістің келесі қатысушыларын бөліп көрсетуге және қысқаша сипаттама беруге мүмкіндік туғызады:

– булллер (бұл көшбасшылық қабілеті бар, қатыгездікке бейім адам, өзінің мінез-құлқы мен жағдайын талдауға бейім емес, бірақ манипуляцияға көмектесетін жоғары эмоционалды интеллектке ие, жауапкершілікті қабылдамайды, өз әрекеттерінің нәтижелерін сыртқы жағдайларға жатқызады, кінәні өз мойнына алмайды, белсенді, ашық және позитивті);

– булллердің ізбасарлары, еліктегіштер мен көмекшілер (тікелей агрессияны қорқытуда қолданады – ауызша немесе физикалық, көшбасшымен теңеседі, оның көмегімен зорлық-зомбылыққа деген ниетін қанағаттандырады);

– қолдаушылар (белсенді немесе пассивті болуы мүмкін, бірақ қудалау кезінде міндетті түрде қатысады, көбінесе қорқыту кезінде қол шапалақтайды, не болып жатқанын камераға түсіреді, олар агрессивті емес және қудалауға қатысуға рухы күшті, бірақ оны жалғастыруға қызығушылық танытады);

– немқұрайлылық танытушылар (не болып жатқанын бағаламайды, өте сирек кездеседі);

– әлеуетті қорғаушылар (қорлауды пассивті түрде құптамайды, бірақ жәбірленушінің орнында болудан қорқып, олар жәбірленушінің не сезінетінін түсінеді және егер жақын

жерде қудалаушы болмаса, бастапқы сатысында оған қолдау ұстауға бейім, «екінші» сатысында құрбан немесе белсенді қорғаушы дәрежесіне ауысуы мүмкін);

– белсенді қорғаушылар (көшбасшылық қасиеттері бар топтың беделді өкілдері, оларда дамыған құндылықтар жүйесі және жоғары эмоционалды интеллект бар, буллингке төтеп бере алады, қуғын-сүргінге ұшырағандарды қорғайды, олар сирек буллерге айналады және ешқашан құрбан болмайды, келіспеушіліктен қорықпай, олар тіпті жағдайды шешуге ересектерді немесе үлкен құрдастарын тарта алады);

– құрбан немесе жәбірленуші (бұл қандай да бір өлшем бойынша ажыратылатын адам: басқа ұлт, басқа биіктік, басқа мүдделер, үздік студент, сүйікті және т.б. болуы мүмкін);

– құрбандардың басқа санаты белсенді арандатушылар: бұлар шағымданушылар (өсек айтушы), қыңырлар (шәлкез мінезділер көңіл-күйі құбылмалы), жылаңқы, маңсапқұмар; қуғындалушының мінезі мазасыз, әлсіз, өзін-өзі бағалауы төмен; қорқынышты, үнсіз, қарым-қатынаста қиындықтар туындатуы мүмкін, қажет болған жағдайда проблемалық жағдайды шешуде өзін жоғалтады).

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Olweus D. *School Bullying: Development and Some Important Challenges. Annual Review of Clinical Psychology*, (2013). 9. – P.751-780.

2. Gladden R.M., Vivolo-Kantor, A.M., Hamburger M.E., Lumpkin, C.D. *Bullying surveillance among youths: Uniform Definitions for Public Health and Recommended Data Elements, Version 1.0. Atlanta, GA; National Center for Injury Prevention and Control, Centers for Disease Control and Prevention and U.S. Department of Education; 2014.*

3. Маланцева О.Д. «Буллинг» в школе. Что мы можем сделать?// Социальная педагогика. – 2007. – № 4. – С. 90-92.

4. Мерцалова Т. *Насилие в школе: что противопоставить жестокости и агрессии?// Директор школы. – 2000. – № 3. – С. 25-32.*

5. Білім беру ұйымдарында кемелетке толмағандар арасында мектеп буллингінің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар/Құраст. Узакбаева Р.У., Илюхина Т.М., С.О.Амантаева және т.б. – Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2020. – 218 б.

6. Лэйн Д.А. *Школьная травля (буллинг)// Детская и подростковая психотерапия /под ред. Д. Лэйна и Э. Миллера. – СПб.: Питер, 2001. – С. 240–274.*

7. Глазман О.Л. *Психологические особенности участников буллинга// Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И.Герцена. – 2009. – №105. – С. 159-165.*

8. Лоренц К. *Агрессия (так называемое «зло»). – М.: Прогресс. Универс, 1994. – 272 с.*

9. Селиванова О.А., Шевцова Т.С. *Профилактика агрессивности и жестокости в образовательном учреждении: монография. – Тюмень: Изд-во Тюменского государственного университета. – 2011. – 232 с.*

10. *Школа без насилия: методическое пособие/под ред. Н.Ю.Синягиной, Т.Ю.Райфинайдер. – М.: ЦНПРО, 2015. – С. 8.*

11. *Предотвращение насилия в образовательных учреждениях: методическое пособие для педагогических работников /Л.А. Глазырина, М.А. Костенко; под ред. Т.А. Епояна. – М.: БЭСТ-принт, 2015. – С. 16.*

12. Норкина Е.Г. *Методика на выявление «Буллинг – структуры» //Таврический научный обозреватель. – 2016. – №3(8). – С.170 – 174.*

*Reference:*

1. Olweus D. *School Bullying: Development and Some Important Challenges. Annual Review of Clinical Psychology*, (2013). 9. – P.751-780.

2. Gladden R.M., Vivolo-Kantor, A.M., Hamburger, M.E., Lumpkin, C.D. *Bullying surveillance among youths: Uniform Definitions for Public Health and Recommended Data Elements, Version 1.0. Atlanta, GA; National Center for Injury Prevention and Control, Centers for Disease Control and Prevention and U.S. Department of Education; 2014.*

3. Malantseva O.D. «Bylling» v shkole. Chto my mozhem sdelat'? [Bulling at school. What can we do?]/Social pedagogy. – 2007. – No. 4. – P. 90-92.
4. Mertsalova T. [Violence at school: what to oppose cruelty and aggression?]/Nacilie v shkole: chto protivopostavit' zhestokosti i agreccii?// Direktor shkoly. – 2000. – No. 3. – P. 25-32.
5. Bilim berw uyımdarında kámeletke tolmağandar arasında mektep bwllinginiñ aldın alw boyınşa ädistemelik usınımdar [Methodological recommendations on prevention of school bullying among minors in educational organizations]/Comp. Uzakbaeva R.U., Ilyukhina T.M., S.O. Amantaeva and others. - Karaganda: KO BBD OAO, 2020. - 218 p.
6. Lane D.A. Shkol'naya travlya (bulling) [School bullying]/Detskaya i podrostkovaya psikhoterapiya [Child and adolescent psychotherapy]/ed. D.Lane and E.Miller. - St.Petersburg: Peter,2001.– P.240-274.
7. Glazman O.L. Psikhologicheskiye osobennosti uchastnikov bullinga [Psychological characteristics of bullying participants] // Izvestiya Rossiyskogo gosudarsvtennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I.Gertsena [Proceedings of the Russian State Pedagogical University. A.I. Herzen]. - 2009. - No. 105. – P. 159-165.
8. Lorenz K. Agressiya (tak nazyvayemoye «zlo») [Aggression (the so-called "evil")]. – Moscow: Progress. Univers, 1994. - 272 p.
9. Selivanova O.A., Shevtsova T.S. Profilaktika agressivnosti i zhestokosti v obrazovatel'nom uchrezhdenii: [Prevention of aggressiveness and cruelty in an educational institution]: monograph. - Tyumen: Publishing House of the Tyumen State University. - 2011. - 232 p.
10. Shkola bez nasiliya: [School without violence: methodical manual] / ed. N.Yu.Sinyagina, T.Yu.Reifschneider. - M.: TsNPRO, 2015. - P. 8.
11. Predotvrashcheniye nasiliya v obrazovatel'nykh uchrezhdeniyakh: metodicheskoye posobiye dlya pedagogicheskikh rabotnikov [Prevention of violence in educational institutions: a manual for teachers] / L.A. Glazyrina, M.A. Kostenko; ed. T.A. Yepoyan. – M.: BEST-print, 2015. – P. 16.
12. Norkina E.G. Metodika na vyyavleniye «Bulling – struktury» [Methods for identifying "Bulling - structures"] //Tavrisheskiy nauchnyy obozrevatel'. [Tauride scientific observer]. - 2016. - No. 3 (8). - P.170 - 174.

**IRSTI 14.25.09**  
**UDC 372.881.111.1**

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.026>

Akhmetova A.,<sup>1\*</sup> Beysembaeva G.,<sup>1</sup> Bulatbayeva K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>National Academy named after Y. Altynsarin, Astana, Kazakhstan

## **EFFECTIVENESS OF MEDIA LITERACY IN THE PROCESS OF TEACHING FOREIGN LANGUAGES TO STUDENTS**

### *Abstract*

This article details research on media literacy and media education as it relates to secondary education in Kazakhstani public schools. It examines the relevant Kazakhstani media situation through international research to better understand how teaching and learning practices can support students' media literacy in elementary and secondary schools. The article also aims to find solutions to problems related to the spread of misinformation and falsified news. The research methods are based on quantitative online survey data as well as qualitative interview data. 96 students participated in the online survey and 42 students participated in interviews. The survey was conducted among students at the Municipal state Institution “Predgornenskaya Secondary School No. 1” of the Education Department of the Glubokovsky district in the spring of 2022. The primary audience for this study is local, regional, national policymakers with the power to effect large-scale and systematic changes in media education policy and practice. This article describes how media literacy can be incorporated into school curricula and provides a brief overview of the extent to

which media literacy is addressed in school curricula. The process by which users arrive at a site is an important component of how they evaluate a media resource. In particular, the search engine, external design, play an important role in finding and evaluating information on the Internet. Our understanding and approach to media literacy is largely based on research in middle school classrooms.

**Keywords:** Internet, Web, trust, information retrieval, education, school, media resources, terminology

*А.А. Ахметова,<sup>1\*</sup> Г.З. Бейсембаева,<sup>1</sup> К.Н. Булатбаева<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,*

<sup>2</sup>*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан*

## ОҚУШЫЛАРДЫ ШЕТ ТІЛДЕРІНЕ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МЕДИА САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

### *Аңдатпа*

Мақалада қазақстандық орта мектептегі орта білімге қатысты медиа сауаттылық және медиабілім саласындағы зерттеу егжей-тегжейлі берілген. Ол оқыту мен оқу тәжірибесі бастауыш және орта мектеп оқушыларының медиа сауаттылығын қалай қолдауға болатынын жақсырақ түсіну үшін халықаралық зерттеулер арқылы Қазақстандағы тиісті БАҚ жағдайын зерттейді. Сондай-ақ мақала жалған ақпарат тарату мен жаңалықтарды бұрмалаумен байланысты мәселелердің шешімін табуға бағытталған. Зерттеу әдістері сандық онлайн сауалнама деректеріне, сондай-ақ сапалы сұхбат деректеріне негізделген. Онлайн сауалнамаға 96 оқушы, сұхбатқа 42 оқушы қатысты. Сауалнама Глубоковский ауданының білім беру бөлімінің «№1 Предгорненская орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушылары арасында 2022 жылдың көктемінде өткізілді. Бұл зерттеудің негізгі аудиториясы – медиа білім беру саясаты мен тәжірибесінде ауқымды және жүйелі өзгерістерді жүзеге асыруға күші бар жергілікті, аймақтық, ұлттық саясаткерлер. Бұл мақалада медиа сауаттылықты мектеп бағдарламасына қалай енгізуге болатыны сипатталады және мектеп бағдарламаларында медиа сауаттылық қаншалықты қарастырылатыны туралы қысқаша шолу жасалады. Пайдаланушылардың сайтқа келу процесі олардың медиа ресурсты пайдалану жолының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Атап айтқанда, іздеу жүйесі, сыртқы дизайн Интернеттен ақпаратты табу және бағалауда маңызды рөл атқарады. Біздің медиасауаттылыққа деген түсінігіміз бен көзқарасымыз ең алдымен орта мектеп сыныбында жүргізілген зерттеулерге негізделген.

**Түйін сөздер:** Интернет, желі, сенім, ақпарат іздеу, білім, мектеп, медиа ресурстар, терминология.

*Ахметова А.А.,<sup>1\*</sup> Бейсембаева Г.З.,<sup>1</sup> Булатбаева К.Н.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан,*

<sup>2</sup>*Национальная академия образования имени Ы.Алтынсарина, г. Астана, Казахстан*

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ МЕДИАГРАМОТНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

### *Аннотация*

В статье подробно представлено исследование в области медиаграмотности и медиаобразования применительно к среднему образованию в казахстанской общеобразовательной школе. В нем рассматривается соответствующая казахстанская медиа ситуация на примере международных исследований, чтобы лучше понять, как практика преподавания и обучения

может поддержать медиаграмотность учащихся в начальной и средней школе. Статья также направлена на поиск решений проблем, связанные с распространением дезинформации и фальсификацией новостей. Методы исследования базируются на количественных данных онлайн опроса, а также качественных данных интервью. 96 учеников приняли участие в онлайн опросе, 42 ученика приняли участие в интервью. Опрос проводился среди учащихся коммунального государственного учреждения «Предгорненская средняя школа №1» отдела образования Глубоковского района весной 2022 года. Основной аудиторией данного исследования являются местные, региональные, национальные политики, обладающие полномочиями для осуществления широкомасштабных и систематических изменений в политике и практике медиаобразования. В этой статье описывается, каким образом медиаграмотность может быть включена в школьную программу, и дается краткий обзор того, в какой степени медиаграмотность рассматривается в школьных программах. Процесс, с помощью которого пользователи попадают на сайт, является важным компонентом того, как они оценивают медиа ресурс. В частности, поисковая система, внешний дизайн, играют важную роль в поиске и оценке информации в Интернете. Наше понимание и подход к медиаграмотности в основном основаны на исследованиях в классах средней школы.

**Ключевые слова:** Интернет, Сеть, доверие, поиск информации, образование, школа, медиа ресурсы, терминология.

**Main provisions.** In modern pedagogical science, media education is considered in several aspects: as a branch of pedagogical science that develops theoretical issues of teaching adequate interaction with the media environment; as a teaching, training and public awareness activities aimed at the formation of media literacy; as a separate educational field, the content of which is knowledge about the functioning of media in modern society, as well as skills and abilities to work effectively with media information [1].

Research and policy initiatives on media literacy and media education have been growing in Europe and the English-speaking world for decades [2]. Recent studies at the European level provide useful data on criteria for assessing media literacy levels; on the role of informal media education and formal media education for the acquisition of media literacy competencies [3]; and on media literacy policies, practices and actions outside of schools [4]. Although research evidence at the school level is limited, media literacy initiatives have shown positive results for students' knowledge, skills, and attitudes [5].

According to an online article on Internews in Kazakhstan, a textbook on media literacy for students in Kazakhstan could be included in the educational program as an elective course: “A team of experts from Kazakhstan, Kyrgyzstan, Russia, Ukraine and Lithuania has developed a textbook for students in grades 9-11 (12), as well as a methodological guide for school teachers in Kazakh and Russian.” [6] This educational and methodological complex was prepared by the International Center for Journalism MediaNet Public Foundation within the framework of the Central Asian MediaCAMP program, implemented by Internews with the financial support of USAID. However, there is a lack of systematic comparative data on what is effective in media literacy practice in Kazakhstan's educational system.

Also, a group of scientists at Al-Farabi Kazakh National University, commissioned by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, developed a project in a three-year program entitled Development of Media Education Technologies to Form the Country's Intellectual Potential. The result of this project was the publication of the book “Media Education and Media Literacy: Theory, Methodology, and Practice. Tutorial” [7].

There is no doubt that Kazakhstani society has begun to think more and more about the importance of media education. There are definitely already tangible achievements in this area. However, this is not the limit to the potential of the media literacy program. And while so far the focus has been on media literacy as an elective subject, in our study we raise the question of

introducing this program into foreign language classes. In this area, further more detailed study of the possibilities of different types of foreign language media texts is required in the context of their didactic use as a means of integrated teaching of a foreign language and media literacy.

**Introduction.** Discussion of the importance of teaching students to use, understand, and critically evaluate all types of media is prompted by the rapid development of digital technology and the simultaneous growth of Internet consumption [1]. Students have access to a wealth of information that is virtually unfiltered. As a result of children spending more time online, the likelihood that they will misuse the Internet has increased [1]. Uncontrolled use of the Internet has a detrimental effect on academic performance, causes feelings of isolation in school, and negatively affects life satisfaction [1].

Undoubtedly, increased access to the Internet and digital media for students and teachers has increased their access to knowledge and facilitated their ability to express themselves, engage in active citizenship, and engage in creative communication with a wider audience [8].

The benefits of more people having access to more information are obvious, but in many, if not all, countries it also creates problems for democracy, security, and “social structure” [9]. The dangers of indoctrination, propaganda, radical and violent messages, cyberbullying and hate speech are becoming increasingly common among students.

The development of an independent creative personality in accordance with modern requirements is impossible without the formation of the student's media competence, which in this study is defined as a set of knowledge, skills and abilities necessary for a specialist of any profile and allowing him to effectively carry out various types of professional activities related to the use of media.

A modern media-competent person must independently carry out a critical analysis of information contained in media resources, participate in communication and organize interaction about it in their native and foreign languages, and work with this information using the latest means of mass communication.

The media both expand and limit public knowledge, and because of this ability they have a significant impact not only on political processes, but also on learning and socialization processes that affect children's lives and development [10].

Education systems face serious challenges from the spread of false information and fake news. Students need to develop the appropriate knowledge and skills to navigate this rapidly changing environment. According to research, teaching students media literacy can have a positive impact on students' knowledge, skills, and attitudes toward analyzing and critically evaluating media and misinformation [11].

The historical, social, and cultural backgrounds of each nation are naturally reflected in the condition of media literacy education in the various European Union member states as well as the rest of the world. Different legislative definitions of this kind of schooling exist. Varied school systems have different requirements for formal and extracurricular media literacy education. The effectiveness of media education is difficult to assess, for instance in terms of critical thinking and creativity. The development of suitable assessment methods for media literacy teaching is also necessary.

Despite the long tradition of studying the nature of terms and terminological systems in linguistics, and despite the fact that a number of essential characteristics of terms and terminological systems have already been highlighted and described in structural linguistics, in the cognitive-discursive knowledge paradigm these concepts receive new and deeper coverage [12]. This is because here they are seen as summing up the long-term cognitive processes in a particular subject area. One of the most important questions also remains the definition of media literacy, which is interpreted differently in different sources. Perhaps in further research we will form a new definition applicable specifically to foreign language teaching.

The research problem: while there is a need for students' media literacy development and opportunities for its implementation created by active interaction with foreign-language media culture resources in the learning process, ways, principles and methods of integrated media literacy development when working with foreign-language media resources remain undeveloped in the methodology of teaching foreign languages and cultures.

The hypothesis of the study is the assumption that the formation of media competence in students is extremely necessary and relevant because:

- when working with the Internet, in particular with media resources, students do not analyze, critically process the information they receive;
- students spend an uncontrolled amount of time on the World Wide Web, being an excellent target for scammers, propaganda, false information;
- students trust the first source that appears in the search box when searching for information, believing it to be the most reliable information.

This article is intended for practitioners and researchers in the field of school education, media and digital policy. It examines the relevant Kazakhstani media situation through international research to better understand how teaching and learning practices can support students' media literacy in elementary and secondary schools. The article also aims to find solutions to problems related to the spread of misinformation and falsified news.

**Methods and materials.** The primary source of information for the development of the research instrument is secondary data; it draws on scholarly data from the academic literature, international policy reports, comparative studies, and research projects.

To find secondary literature, we conducted a systematic search of peer-reviewed articles published since 2010 in educational databases. The search keywords used were 'media education', 'media literacy', 'digital literacy', and 'media studies'. Additional terms included: 'primary education', 'secondary education', 'teaching practices', 'misinformation' and 'fake news'. Results were selected using the report's research questions as the selection criteria. After selection, 18 publications from Europe and 32 publications from non-European countries were selected and analyzed according to the research conceptual framework and research questions.

Previous research shows that school-based initiatives play an important role in media literacy instruction [13-14]. Introducing media literacy instruction as a holistic approach is more effective than simply introducing media literacy instruction as an isolated subject [15]. At the same time, one challenge for educators is to incorporate media literacy programs as an integral part of education [16].

For example, teachers can use media literacy instruction to sharpen students' abilities to evaluate media as sources of evidence, identify biases in mediated constructions of society and history, understand how media frame issues, separate facts from opinions, and assess the credibility of information. Moreover, media literacy instruction can help students develop analytical and logical skills, and serves as an important tool for exploring issues of democratic citizenship and the political process in society [13].

The status of media literacy instruction varies from country to country, and it is difficult to find a standard module or best practice for how media literacy instruction is integrated into the school curriculum. Regarding the purpose of media literacy instruction, there is also no consistent policy across European countries, nor among non-European countries. In some countries, media literacy education aims to provide tools to help people critically analyze messages, offers students opportunities to enhance their experience with the media, and helps them develop creative skills in creating their own media messages.

We rely on some quantitative, but primarily qualitative data to answer the questions posed above.

The survey was conducted among students at the rural school Municipal state Institution “Predgornenskaya Secondary School No. 1” of the Education Department of the Glubokovsky district in the spring of 2022. 96 students participated in the online survey, giving a participation rate of 98% of the total middle and high school student population; 42 students participated in interviews.

The average time to complete the online survey was about 15 minutes and the interview was 20. The survey included detailed questions about respondents' use of the Internet: experiences, context of use, types of sites visited, and online activities.

The control group represented a diverse set of students. As shown in Table 1, the sample is very diverse across the board. There was an almost equal representation of boys and girls in the survey. Both the online survey and the interview were predominantly attended by students aged 14-15.

Table 1. Profile of the group of respondents - students

	Online survey (n=96)	Interview (n=42)
<b>Gender</b>		
boy	45	19
girl	51	23
<b>Age</b>		
10-11	26	10
12-13	22	8
14-15	27	13
15-16	21	11

### Results and discussion

The control group was intentionally limited to students ages 10 and 16 because middle and high school students were assumed to be active Internet users, as evidenced by the numbers in Table 2.

Table 2. Internet use experiences

This article talks about the importance of the formation of intellectual skills of children. The game is the leading activity of children in the preschool period of their lives. During the game, the child's intelligence, psyche, and communication skills are formed. Playing, children learn about the world around them, learn to communicate with each other and interact with adults. In the process of gaming activity, its participants have a unique opportunity to "invent" a plot, distribute roles, and agree on the rules of interaction. To date, the problem of studying the intellectual development of a child has been widely presented in the research literature. Preschool age is a long period in the life of a child in the age range from 3 to 7 years. Research by scientists has shown that this period is particularly significant in a person's life and it is at this age that a person accepts as much information as he will not be able to perceive later in his life. It is at this age that psychological mechanisms are formed in the child, which will only be improved later.

**Keywords:** intellectual development; intellectual skills; older preschool children; educational games; preschool age.

М.М. Изат<sup>1\*</sup>, Ұ.Қ. Қыяқбаева<sup>1</sup>, В.Байрактар<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Гази университеті, Анкара қаласы, Түркия

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

### Аңдатпа

Бұл мақалада балалардың зияткерлік дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы туралы айтылады. Ойын – бұл балалардың өмірінің мектепке дейінгі кезеңіндегі жетекші қызметі. Ойын барысында баланың ақыл-ойы, психикасы, қарым-қатынас дағдылары қалыптасады. Ойнау арқылы балалар қоршаған әлемді біледі, қатарластарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ойын барысында қатысушылар сюжетті "ойлап табуға", рөлдерді бөлуге, өзара әрекеттесу ережелері туралы келісуге ерекше мүмкіндік алады. Қазіргі уақытта зерттеу әдебиеттерінде баланың интеллектуалды дамуын зерттеу мәселесі кеңінен ұсынылған. Мектепке дейінгі жас-3 жастан 7 жасқа дейінгі баланың өміріндегі үлкен кезең. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, бұл кезең адам өмірінде ерекше маңызды және дәл осы жаста адам өмір бойы қабылдай алмайтындай көп ақпарат алады. Дәл осы жаста баланың психологиялық механизмдері қалыптасады, олар кейіннен жақсарады.

**Түйін сөздер:** зияткерлік даму; зияткерлік дағдылар; ересек жас балалар; дамытушы ойындар; мектепке дейінгі кезең.

Изат М.М.<sup>1\*</sup>, Киякбаева У.Қ.,<sup>1</sup> Байрактар В.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> Университет Гази, Анкара, Турция

## ФОРМИРОВАНИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ СТАРШЕЙ ДОШКОЛЬНОЙ ГРУППЫ ЧЕРЕЗ РАЗВИВАЮЩИЕ ИГРЫ

### Аннотация

В данной статье говорится о важности формирования интеллектуальных навыков детей. Игра это основная деятельность ребенка в дошкольном периоде жизни. Во время игры у детей развивается навыки как коммуникабельность, интеллект, психика. В процессе игры ребенок познает окружающий мир, общаются со сверстниками и взаимодействуют со взрослыми. Играя, у дошкольников есть возможность «придумать» сюжет, поделить роли, договориться об общих правилах. В настоящее время исследовательские материалы много представлены проблемы изучения интеллектуального развития детей. Дошкольный возраст – это большой отрезок в жизни ребенка в возрастном диапазоне от 3 до 7 лет. Ученые в своих исследованиях доказали, что именно этот период имеет особое значение в жизни людей и именно в этом возрасте дети принимают столько информации, сколько позже не смогут воспринимать за всю жизнь. Так же в этом возрасте у дошкольников развивается психологические механизмы, которые в дальнейшем еще больше будут улучшаться.

**Ключевые слова:** интеллектуальное развитие; интеллектуальные навыки; дети старшего возраста; развивающие игры; дошкольный период.

**Main provisions.** Despite the deep study of both general and particular aspects of intellectual development and upbringing of preschoolers, the problem of educational games as a means of intellectual education of older preschoolers in general has not been sufficiently investigated in preschool pedagogy. Currently, the development of intellectual skills in children 4-5 years old

remains little studied. Visual-imaginative thinking is considered by A.V. Zaporozhets and D.B. Elkonin as a special form of thinking that persists throughout a person's life and is being rebuilt into higher types of thinking [1]. The tasks of mental education are sometimes understood simplistically, trying to "invest" as much knowledge about the environment as possible in a preschooler. But it's not about "multi-knowledge". It is much more important to develop common ways of cognitive activity in a child - the ability to analyze, compare, generalize, and also take care that he has a need to acquire new knowledge, master the ability to think. There is no special column "mental education" in the child's day mode. It is carried out both when the child is playing, and when he is engaged in feasible work, and when he gets acquainted with new objects and phenomena of reality with your help.

"A poet," wrote Ya. Korchak, "is a person who greatly rejoices and grieves greatly, easily feels, worries and sympathizes. And the children are like that. And a philosopher is a person who thinks deeply and necessarily wants to know how everything really is. And again the children are like that..." [2]. The concept of "intellectual abilities" is understood by the authors of scientific works in different ways. Intellectual abilities are considered: as the ability to think logically (R.S. Nемов) [3], as qualitative and quantitative changes in intelligence, systems of its characteristics (A.K. Markova); as the development of basic forms of thinking (A.V. Basov, L.F. Tikhomirova) [4]. Studies led by L.A. Wenger, allowed us to establish that, by their structure, intellectual abilities are indicative actions performed using the means of mental activity, and the mechanism of their formation is due to the mastery of certain forms of mediation. During a person's life, different forms of thinking occur, and, consequently, various types of intellectual abilities, the manifestation of which in solving a certain mental task is due to the kind of thinking that the individual uses in this case. Mastering more complex and later emerging types of intellectual abilities are related and based on the preceding ones. Moreover, each of them has its own sensitive period of formation. B.M. Teplov points out that general abilities include those that determine a person's success in a variety of activities. These, for example, include mental abilities, subtlety and accuracy of manual movements, developed memory, perfect speech and a number of others. In connection with the problem of formation and development of abilities, it should be pointed out that a number of studies by psychologists are aimed at identifying structures of preschool children's abilities for various types of activity [5].

**Introduction.** The standard curriculum of preschool education and training States: "the development of cognitive and intellectual skills is carried out daily in a playful way and through organized activities of children, taking into account their individual characteristics, the basics of mathematics." Educational games occupy a large place in the work of preschool institutions. They are used in organized educational activities and in independent activities of children. Performing the function of a learning tool, such a game can serve as an integral part of educational activities. It helps to assimilate, consolidate knowledge, and master the ways of cognitive activity. Educational games are games that simulate the creative process itself and create their own microclimate, where there are opportunities for the development of the creative side of intelligence. Children master the signs of objects, learn to classify, generalize, compare. The attention of older preschoolers is not arbitrary, not stable enough, limited in scope. Voluntary attention develops together with other functions and, above all, the motivation of learning, a sense of responsibility for the success of educational activities. The use of the game as a teaching method increases the interest of children in educational activities, develops concentration, provides better assimilation of program material. Therefore, the topic of my research was "The development of intellectual abilities of older preschoolers through educational games and puzzles." Throughout preschool childhood, the child is laying a common foundation of abilities. As you know, successful problem solving is associated with the ability to analyze and synthesize, switch from one mode of action to another, abstract, concretize, classify, compare, systematize, generalize, etc. Therefore, the main tasks of raising a child is the development of such thinking skills and abilities that would allow not only to assimilate

new knowledge, but also when the need to use them in a different situation and even in a different field of activity, that is, creatively. One of the effective means of developing intellectual abilities is a didactic game – it is an indispensable means of teaching children to overcome various difficulties in mental activity. In the didactic game, perception, thinking, memory, speech are formed - those fundamental mental processes, without sufficient development of which it is impossible to talk about the development of a child's intelligence. There is no direct dependence .

**Methods and materials.** Based on the research of scientists, the period in which the intellectual development of children is most intense is 4-5 years. To solve the tasks and test the hypothesis, a set of methods was used: analysis of psychological and pedagogical literature, observation, conversation, questioning, testing, study of children's activity products, formative experiment, processing (quantitative and qualitative) of the results obtained. The effectiveness of the use of educational games for the development of intellectual abilities of preschoolers can be tested during a pedagogical experiment. In the game of communicative communication of children formation of T.Imanbekov, M.Turyskeldina, G.M. Kasymova ,U.Autalipova, M.N. Makhmanova, L.Ya Lozovan, A.T. Ruzskaya studied in depth in his scientific works. There is a specificity of research methods and stages for children of the adult group. The structure of the pedagogical experiment includes – the ascertaining stage of the experiment (September), the forming stage (October-February), the control experiment (December) [6].

The ascertaining experiment, sometimes also called the slice method, is focused on establishing the actual state of the object under study, stating the initial parameters. The main goal is to determine the state of intellectual abilities of preschoolers at the beginning of the experiment. To do this, it was necessary to conduct testing [7].

The ascertaining experiment was conducted in September 2011 with children of five to six years of age in the senior group of the kindergarten "Cheryomushka". To conduct the ascertaining experiment, we used psychodiagnostic techniques to determine the level of intellectual abilities of preschoolers. Thus, in the study we turned to the field of psychodiagnostics.

Before and after the experiment, an individual psychological examination of children was conducted, which was built with the obligatory observance of the constancy of the external conditions of the experiment. It was held in the form of a game, in the same room, in the morning, without the presence of outsiders, while maintaining the sequence of presentation of test tasks [8].

The individual psychological examination was preceded by a conversation, the purpose of which was to establish positive emotional contact with the child and form a positive attitude towards the examination. The conversation included both mandatory and spontaneous questions, which depended primarily on the psycho-emotional state of the child. During the psychological experiment, the observation necessary to identify the behavioral characteristics of the child (variability – constancy of mood), the logic of actions and actions, the specificity of speech was carried out.

The following methods were used in the study:

1. The Goodenough-Harris "Draw a Man" test;
2. "Logical classification" – modified methodology (Luria A.R. – Karpova S.N. to identify the ability to determine the relationship of objects and objects, to see their measurement in time).
3. Methodology for assessing the level of development of general and nonverbal intelligence – standardized methodology "Progressive color matrices" J. Ravenna.

All methods were carried out in 3 stages, each of which consisted on average of 20-40 minutes in duration.

The content of the methods used was as follows: The initial standardization of the Gudinaf methodology was carried out in 1926. Since then, until 1963, the test was used without significant changes and gained wide popularity during this time. In order to update the test norms, F. Goodinaf's student D.Harris conducted a new standardization of the method. Since that time, the "Draw a Man" test has been known as the Goodenough-Harris test. The main attention in the test is

paid to the accuracy and detail of the drawing, and not to artistic visual means. It is the detail of the image that acts as the main indicator of the level of mental development of the child. This approach is based on the hypothesis that the drawing of a familiar object reveals those distinctive, essential features that the child has identified in it as a representative of the corresponding class of objects. The drawing is considered as the concept (representation) of the child about the subject expressed in graphic form. The complication of the images made by the child, observed as the child grows older, is regarded as an indicator of the development of conceptual thinking [9]. It should be noted that this hypothesis, which is the basis of the test, does not rely on any strict theoretical constructions. It expresses an empirically observed relationship between the features of a child's drawing and the general mental development of the child. As a result of numerous studies, it has been found that for preschool children, the data of the Goodinaf-Harris test are highly correlated with the data of arithmetic tests, as well as with some tasks that reveal the level of development of operational intelligence [10]. This technique is widely used as a component of a comprehensive examination of a child. It is important to emphasize that despite the repeatedly confirmed high reliability of the test, most experts believe that the test has almost no independent diagnostic value. The drawing test is used in order to get the first idea of the child's level of development. Due to the fact that most preschoolers like to draw, this test can help establish contact with the child and establish the cooperation necessary for conducting an examination using more complex diagnostic techniques [11].

**Results.** The research shows the theory of the game as a pedagogical means of educating preschoolers: knowledge about the intellectual education of an older preschooler is enriched, ideas about the developing game in general are expanded, and as a means of pedagogical influence, in particular, technology has been developed and pedagogical conditions for the implementation of this game for children are defined. So, having analyzed the literature on the research problem, we have revealed that the concept of "intellectual abilities" is considered as a comprehensive education, the main component of which are generality of mental activity - its focus on abstracting and generalizing the essential in the material; awareness of thinking, determined by the ratio of its practical and verbal aspects; flexibility and stability of mental activity[12]. Classification of stages of intelligence development:

I. Sensorimotor intelligence

A. Focusing on one's own body

1. Reflex exercise: 0-1 months.

2. First skills and first circular reactions: 1-4,5 months.

3. Coordination of vision and grasping. Secondary circular reactions: 4,5 8 9 months

4. Differentiation of means and goals. The beginning of practical intelligence:

9-11,12 months.

5. Differentiation of action schemes due to tertiary circular reactions.

B. The emergence of new means to achieve the goal: 11 12 18 months.

6. The beginning of the internalization of schemes and the solution of some problems by deduction: 18-24 months [13].

II. Representative intelligence and formal operations A. The formation of formal operations 1.

Hypothetical-deductive logic and combinatorics: 12-14 years. B. Achievement of formal operations

2. The structure of the "grid" and the group of four transformations: 13-14 years. 18 15 23

Intelligence in children is a system for the development of cognitive processes relative to the age norm, which ensures the adaptation of the child in society. Adaptation in society presupposes, first of all, the child's ability to develop and learn among peers, interact with others, responding to social norms of behavior.

**Discussion.** It is proved that intensive development of intelligence in preschool age increases the percentage of children's academic performance at school. Thinking in the older preschool age is put forward in the center of the child's mental development and becomes decisive in the system of



other mental functions, which under its influence are intellectualized, acquire a conscious and arbitrary character. Intellectual development games contribute to the development of children's understanding and perception, intelligence, the formation of concepts, and deep assimilation of knowledge.

The main structural feature of the game of intellectual development is strict compliance with the rules of the game, which are born from the game itself and are created by children or offered by adults, the readiness of the teacher to organize the game, taking into account the age and personal development abilities of the child.

Intellectual play, focused on deepening the mind, is the first step in human life. Therefore, through the game, children learn a lot of information from life, improve their knowledge, remember what they have tried and learned. As a result, he independently studies the environment, begins to distinguish between life and activities. Forms relationships and abilities to work.

The rules of the game the development of logical thinking abilities of the player, respect for each other, reckoning with their needs are caused by the individual actions of each student. If the main condition of the game is to win, each player counts on the chances of his opponent and increases his trust in each other.

To date, the problem of studying the intellectual development of a child has been widely presented in the research literature. The development of the problem of mechanisms of intellectual development - higher mental functions - was started by V.M. Wundt, the most thorough research on the topic was conducted by L.S. Vygotsky and his followers.

**Conclusion.** The game of intellectual development is a kind of educational method that enhances the child's enthusiasm, facilitates the difficult process of learning, helps to speed up development, becomes a source of energy for strengthening and encouraging cognitive activity during learning. The development of intellectual abilities of preschool children is one of the most pressing problems of our time. Preschoolers with a well-developed intellect prepare well for school, quickly memorize new material, are confident in their abilities, easily adapt to the new environment. The ability of the game to contribute to the intellectual development of the child is considered in detail in the field of pedagogical science, and game activity has become the leading form of educational activity. Folk wisdom says: "a thoughtful child, grows out of the game." That is why great thinkers came to the idea that children should be taught through play. This is the pedagogical meaning of the games. In particular, these intellectual development games are the main exercise that trains and relaxes the child's brain. The main structural feature of the game of the intellectual developer is the strict observance of the rules of the game, which are born from the game itself and are created by children or offered by adults, the readiness of the teacher to organize the game, taking into account the age and personal development abilities of the child.

#### *References:*

1. *«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.03.2021 №137 қаулысы.*
2. *Тоқаев Қ.К «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына арнаған Жолдауы / Қ.К. Тоқаев. – Астана. – 2021. - қыркүйек.*
3. *Мектепке дейінгі ересек жаста құрастыру дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар - Астана, 2019ж. - 30 бет.*
4. *Иманбеков Т. Қазақ балабақшаларындағы оқу-тәрбие жұмыстарында ұлттық ойындарды пайдалану (5-7жас): Дис. п.ғ.к. / Т.Иманбеков. – Алматы, 1995. – 143 б.*
5. *Төлєнова Ұ.Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: Дис. п.ғ.к. / Ұ.Т. Төлєнова. – Атырау, 2002. – 132 б.*
6. *М.Б. Меңдалиев. Ұлттық халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтыру сабағында қолдану: Дис. п.ғ.к. / М.Б. Меңдалиев. – Астана, 2009. –119б.*
7. *Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша дайындалатын студенттерге арналған оқулық / Р.Қ. Аралбаева // Жоғары оқу орындарының қауылдастығы. – 2012. –114–125б.*

8. Лиштван З. В. Игры и занятия со строительным материалом в детском саду: учеб. пос. / З.В. Лиштван. – Изд. 30е, доп. М.: «Просвещение», 1979. –176с.
9. Куцакова Л. В. Конструирование из строительного материала (4–7 лет): учеб. пос. / Л.В. Куцакова. – М, – 2016. –27 б
10. Lianne Schröer, Richard P.Cooper, Denis Mareschal. (2021). Science with Duplo: Multilevel goal management in preschoolers' toy house constructions. *Journal of Experimental Child Psychology*,
11. Vol. 206, Retrieved from <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S002209652030521X#> 1 05 06 7.pdf [in English]
12. Arnold, A., Wing, A. M., & Rotshtein, P. (2017). Building a Lego wall: Sequential action selection. *Journal of Experimental Psychology: Human Perception and Performance*, Vol. 43(5), 847–852. Retrieved from <https://doi.org/10.1037/xhp0000382> [in English]
13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» № 182 бұйрық, – 2020. – мамыр

#### References:

1. Mektepke deiingi tarbielenu men okytudy damyту modeli. 2021: Astana in Kazakh.
2. Poslanie Prezidenta RK Tokaev K.K. sobraniu ot 29.06.2021 (2021). «Khalyk birligi zhane zhuieli reformalar-el orkendeuinin berik negizi». *Kazakhstan khalkyna arnagan Zholdauy* [The unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the prosperity of the country 29.06.2021]. Address to the people of Kazakhstan/ Astana in Kazakh.
3. Mektepke deiingi erese k zhasta kurastyru dagdylaryn kalyptastyru boiynsha adistemelik usynyndar. (2019). [Methodological recommendations on the formation of constructive skills] Astana in Kazakh.
4. Iliashenko S.N. (2006). *Marketinh v primerakh i zadachakh* [Marketing in examples and tasks]. Sumy: SumSU. lib.sumdu.edu.ua. Retrieved from <ftp://lib.sumdu.edu.ua/rio/2006/k425253.doc>
5. Imanbekov T. ( 1995). *Kazak balabakshalaryndagy oku-tarbie zhymystarynda ulityk oiynarday paidalanu (5-7zhas)* [The use of national games in educational work in Kazakh kindergartens (5-7year old)]. Extended abstract of candidate's thesis. Almaty in Kazakh.
6. Tolenova U.T. (2002). *Balabakshadagy aralas top balalaryn ulityk oiynard arkyly adamgershilikke tarbielenu* [Moral education of children of a mixed group in kindergarten through national games]. Extended abstract of candidate's thesis. Atyrau in Kazakh.
7. Mendaliev M.B. (2009). *Ulityk khalyk oiynardyn mektep zhasyna deiingi balalardyn dene shynykytyru sabagynda koldanu* [The use of national folk games in physical education lessons for preschoolers]. Extended abstract of candidate's thesis. Astana in Kazakh.
8. Aralbaeva R.K. (2012). *Mektepke deiingi pedagogika* [Preschool pedagogy]. Almaty 33-48 in Kazakh.
9. Lishtvan Z.V. (1979) *Igry i zaniatiia so stroitelnyim materialom v detskom sadu*. [Games and classes with building materials in kindergarten]. M.: «Prosveshchenie» in Russian.
10. Kutsakova L.V. (2016). *Konstruirovaniye iz stroitel'nogo materiala (4–7 let)* [Construction of building materials (4-7 years)]. Moscow in Russian .
11. Lianne Schröer, Richard P.Cooper, Denis Mareschal. (2021). Science with Duplo: Multilevel goal management in preschoolers' toy house constructions. *Journal of Experimental Child Psychology*,
12. Vol. 206, Retrieved from <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S002209652030521X#> Arnold A., Wing, A. M., & Rotshtein, P. (2017). Building a Lego wall: Sequential action selection. *Journal of Experimental Psychology: Human Perception and Performance*, Vol. 43(5), 847–852. Retrieved from <https://doi.org/10.1037/xhp0000382> in English
13. *Kazakhstan Respublikasy memlekettik zhalpyga mindetti bilim beru standarty* [State compulsory standard of education of the Republic of Kazakhstan]. (2020) in Kazakh.
14. HOST R ISO 9000-2020 from 5th September 2020. Nur-Sultan: Standart in form KZ.

*К.М. Метербаева*<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДЕРБЕСТІГІН ДАМУДА CASE STUDY ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада мектепке дейінгі ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамытуда case study әдісінің ерекшеліктері туралы қарастырылған. Ғылыми зерттеулерді талдай отырып «case study» ұғымына анықтама берілген. Сонымен қатар, құрылымдық компоненттерін мотивациялық; мазмұнды-операциялық; ерікті деп топтайды.

Case study әдісін қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі ересек балалардың танымдық дербестігін дамыту моделі құрылған. Модель құрастырудағы мақсат case study арқылы ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту. Модельдің мазмұнында кейс суреттері, кейс-иллюстрациялары, рөлдік жобалау түрлерін ұсынған.

Мектепке дейінгі білім беруде case study әдісін қолданудың ғылыми тәсілдерін, қағидаларын, талаптарын негіздеп, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде кейс-тапсырмаларының әр түрін көркем әдебиет бойынша қолдану, сөйлеу тілін дамыту және қоршаған ортамен танысу бойынша ұсыныстар беріледі.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дербестігінің деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалық әдістер көрсетілген.

**Түйін сөздер:** мектеп жасына дейінгі, ересек, case study, модель, кейс-суреттер, кейс-иллюстрациялары, рөлдік жобалау, дамыту, қалыптастыру, танымдық іс-әрекет.

*Метербаева К.М.*<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>*Казахский национальный женский педагогический университет,  
г. Алматы, Казахстан*

## **ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДА CASE STUDY В РАЗВИТИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ САМОСТОЯТЕЛЬНОСТИ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

### *Аннотация*

В данной статье раскрывается роль метода case study в развитии познавательной самостоятельности детей старшего дошкольного возраста. На основе анализа научных исследований, автор дает определение понятию «case study», рассматриваются структурные компоненты метода-мотивационный; содержательно-операционный и волевой.

Автором предлагается модель развития познавательной самостоятельности детей старшего дошкольного возраста методом case study, в содержании которой представлены виды кейсовых рисунков, кейс-иллюстраций, ролевого проектирования.

По результатам исследования даются рекомендации по использованию различных видов кейс-заданий в организованной деятельности по художественной литературе, развитию речи и ознакомлению с окружающей средой с обоснованием научных подходов, правил, требований использования case study в дошкольном образовании. Значительное внимание уде-

ляется диагностическим методам, направленным на определение уровня познавательной самостоятельности детей старшего дошкольного возраста с использованием case study.

**Ключевые слова:** дошкольное, case study, модель, кейс-фото, кейс - иллюстрации, ролевое проектирование кейс, развитие, формирование, познавательная деятельность.

*Meterbayeva K.<sup>1\*</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh national women's pedagogical university  
Almaty, Kazakhstan*

## **FEATURES OF THE USE OF THE CASE STUDY METHODS IN THE DEVELOPMENT OF COGNITIVE INDEPENDENCE IN OLDER PRESCHOOL CHILDREN**

### *Abstract*

This article reveals the role of the case study method in the development of cognitive independence of older preschool children. Based on the analysis of scientific research, the author defines the concept of "case study", considers the structural components of the method – motivational; content-operational and volitional.

The author proposes a model for the development of cognitive independence of older preschool children by the case study method, the content of which presents the types of case drawings, case illustrations, role-playing design

Based on the results of the study, recommendations are given on the use of various types of keis tasks in organized activities in fiction, speech development and familiarization with the environment with the justification of scientific approaches, rules, and requirements for the use of case studies in preschool education. Considerable attention is paid to diagnostic methods aimed at determining the level of cognitive independence of older preschool children using a case study.

**Keywords:** preschool, case study, model, case photo, case illustration, role design case, development, formation, cognitive activity

**Негізгі ережелер.** Case study үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуді қажет ететін балаларды үйретуде қолданылатын ситуациялық талдау әдістеріне жатады және дағдыларды қалыптастыру үшін нақты жағдайлардың сипаттамаларын қолданады.

Case study мектепке дейінгі ұйымдарда бақыланатын нақты жағдайға әсер ететін барлық заттар мен құбылыстарды және олардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін түсіндіру мақсатын көздейді.

Case study-дің алғашқы қадамы – бақылауға арналған зерттеу сұрағын қою, екіншіден бақылау сұрағына жауап беретін тиісті жағдайды табу, үшіншіден бақылау бойынша ақпараттар алады, төртіншіден жиналған ақпараттарды сипаттап, талдау жасайды.

Осындай тапсырмаларды орындату барысында мектепке дейінгі ересек топ балаларында танымдық дербестігі дамытуға болады.

**Кіріспе.** Қазіргі қоғамның жаһандануы мен ақпараттандырылуына байланысты адамнан ойлау икемділігі, креативтілік, әлеуметтік-экономикалық және саяси талаптарға уақтылы жауап бере отырып, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделуге дайын болу талап етілуде. Сондықтан, МЖМБС 2022-де қойылған мақсаттарды түзетуге, оларға қол жеткізудің әдістері мен құралдарын реттеуге қабілетті тұлғаның негізгі қасиеттерінің арасында жаңа жағдайларға сәйкес дербестіктің бір түрі ретінде танымдық дербестікті дамыту маңызды болып табылады [1].

Қазіргі уақытта ересек топ мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық дербестікті дамыту мәселесі өзекті болып табылады, өйткені мектеп жасына дейінгі бала өзін ересектердің қамқорлығынан босатуға тырысады және қажетті дағдылар мен икемділіктерді игермей-ақ көптеген міндеттерді өз бетінше шешуге тырысады.

Тұлғаның ерікті сапасы ретінде әрекет ете отырып, танымдық дербестік баланың мінезін қалыптастырады, сондықтан оның дамуына ерекше назар аудару қажет.

Танымдық дербестікті дамыту саласындағы зерттеулермен қазіргі заманның педагогтары мен психологтары белсенді айналысады. Танымдық белсенділікті ұйымдастыру, оқу процесін жандандыру, танымдық дербестіктің негізі ретінде танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру және мектепке жасына дейінгілердің танымдық дербестігін дамыту аспектілері А.Е. Манкеш, Р.Қ. Керімбаева, К.М. Метербаева, Ғ.З. Таубаева, Белгібаева Г.Қ., және т.б. педагог-ғалымдардың еңбектерінде қарастырылса, Пустовалова Н.И., М.Қ.Бапаева, Қ.Н. Нығыметова және т.б. психологтардың еңбектерінде тұлғаның сапасы ретінде танымдық дербестіктің мәні мен ерекшелігі зерттелген.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту мақсатында және зерттек барысында төмендегідей әдістер қолданылды.

– бақылау, эксперимент, әңгіме, сипаттаманы қамтитын эмпирикалық зерттеу әдістері;  
– талдау, синтез, индукция, дедукция, жалпылау, абстракциялау, модельдеу сияқты әдістерді қамтитын теориялық зерттеу әдістері.

Ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту процесінде төмендегідей принциптер қолданылды: көрнекілік (бала проблеманы анық көреді), қол жетімділік (жағдайлар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалады), жүйелілік, белсенділік (бала танымдық іс-әрекеттің белсенді қатысушысы болып табылады), ынтымақтастық (танымдық іс-әрекет тәрбиеші мен балалардың өзара әрекеттесуі негізінде жүзеге асырылады).

Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту бойынша іс-әрекеттер ұжымдық немесе жеке түрде тиімді өтіп, көрнекі материалдар құрал ретінде әрекет етті.

**Зерттеу нәтижелері және талдау.** Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде «танымдық дербестік» ұғымының әртүрлі анықтамалары және сәйкесінше оны ұйымдастырудың және оқу процесіне енгізудің әртүрлі тәсілдері бар. Сонымен, Қ.Н. Нығыметованың пікірі бойынша: «танымдық дербестік» – бұл ішкі білім беру жүйесі және олардың сыртқы көрінісі – өзін-өзі тәрбиелеудің практикалық әрекеттері. Мектеп жасына дейінгі ересек топ баланың танымдық дербестігін дамытудың жоғары деңгейінің маңызды белгілерінің бірі - баланың барлық іс-әрекеттерінің ол үшін перспективалы, маңызды міндеттерді шешуге бағынуы, барлық іс-әрекеттің мақсатқа жетуге бағытталуы [2].

Ғалым М.Қ. Бапаева танымдық дербестік деп мақсатты танымдық іс-әрекетті өз бетімен жүргізуге дайындық (қабілет немесе ұмтылыс) сияқты тұлғаның сапасын түсінеді десе, [3]. С.М. Жакупов танымдық дербестігі тұлғаның негізгі интегративті қасиеттерінің бірі ретінде қарастырылады, ол оқуға деген оң мотивтерді тәрбиелеу, білім жүйесін қалып тастыру және оларды қолдану және жаңа білім алу жөніндегі іс-әрекет тәсілдері деп тұжырымдайды [4].

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, біз ересек топтағы балалардың танымдық дербестігін тұлғаның интегративті сапасы ретінде қарастырамыз, оның құрылымдық компоненттері, біздің ойымызша, келесідей компоненттерге топтаймыз: мотивациялық; мазмұнды-операциялық; ерікті.

Компоненттердің әрқайсысын бөлек қарастырдық.

Мотивациялық компонент зерттелетін объектіге, оның қасиеттеріне, мақсатына және таным процесіне танымдық қызығушылықтың болуын болжайды. Бұл компонент балаларды белсенді танымдық іс-әрекетке шақырады.

Мазмұндық-операциялық компонент мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының танымдық белсенділігін, қарапайым ойлау операцияларын меңгеруді және әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешу қабілетін қамтиды.

Ерікті компонент қажетті ақпаратты қабылдау үшін зерттелетін объектіге назар аударуды білдіреді.

Жоғарыда аталған барлық компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты және баланың жеке басының сапасы ретінде танымдық дербестігінің дамуын анықтайды.

Балалардың танымдық дербестігін дамыту процесі мақсатты екенін ескере отырып, біз оның дамуына қол жеткізуге болатын тиімді әдістерін анықтадық.

Көптеген түрлі әдістердің ішінен біз мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дербестігін дамыту үшін интерактивті оқыту әдістерінің бірі ретінде case study әдісін таңдадық.

Case study – таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ағылшын тілінен аударғанда, «case» сөзі «жағдай», «оқиға» дегенді білдіреді. Case study – бұл жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру, соның ішінде балалардың танымдық дербестігін дамытуға бағытталған [5, 172].

Case-технологияға әртүрлі әдебиеттерде түрліше анықтамалар берілген. Сол анықтамалардың ішінде келесілерді бөліп көрсетуге болады:

А.Әлімов өзінің еңбегінде case study нақты жағдайларды талдау арқылы оқыту ретінде қарастырса [6, 125], К.Ж.Бұзаубақова кейс-технологияны нақты жағдайларды талдаудың әдістемелік ұйымдастырылған процесі ретінде ұсынады (ситуациялық талдау), оның барысында балалар белгілі бір дағдыларды дамытады [7, 169].

– Кейс-стадидің басты мақсаты-әртүрлі проблемалық жағдайларды талдау және олардың шешімін табу қабілетін дамыту. Тәжірибе көрсеткендей, case study оқу-тәрбие процесіне енгізу аналитикалық және бағалау дағдыларын, командада жұмыс істеу, коммуникативтік қабілеттерді жандандыру; икемділікті, ойлаудың диалектикасын дамытуға, қойылған мәселенің неғұрлым ұтымды шешімін табу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [8, 58].

Бұл әдісті әзірлеуде ресейд ғалымдары Д.А. Поспелов, О.В. Козлова, Г.А. Брянский, және т.б. зерттеу жүргізсе, отандық ғалымдар, атап айтқанда: С.С. Джубатырова, Н.Г. Абулхайров, М.С. Керимбаева зерттеумен айналысқан. Бұл авторлар білімнің әртүрлі салаларында case әдісін қолдану мәселелерін қарастырады. Біздің елімізде кейс-технологиялар арқылы ересек топтағы балалардың танымдық дербестігін дамыту мәселесі іс жүзінде қарастырылмаған, бірақ ғылыми зерттеу ретінде таңдауға негіз болды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз кейс-технологиялар арқылы ересек топ балаларының танымдық дербестіктігін дамытудың үлгісін әзірледік, ол төмендегі 1-кестеде келтірілген.

*Кесте 1-Кейс-технологиялар арқылы ересек топ балаларының танымдық дербестіктігін дамытудың үлгісі (моделі)*

Мақсаты: case study арқылы ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту		
Жасырын кезең	Қолдау кезең	Қалыптасу кезең
Міндеті: зерттелетін объектіге және таным процесіне танымдық қызығушылықты қалыптастыру	Міндеті: мектеп жасына дейінгі ересек балалардың танымдық белсенділігін дамыту	Міндеті: мектеп жасына дейінгі ересек балалардың танымдық дербестікті дамыту
Нормативтік		
Принциптері: көрнекілік, қол жетімділік, жүйелілік, белсенділік, ынтымақтастық, тәрбиенің өмірмен байланысы. Тәсілдер: белсенділік, жүйелік, тұлғаға бағытталған. Талаптар: кейс оны құру мақсатына нақты сәйкес, балалардың жас ерекшеліктеріне сай белгілі бір қиындық деңгейіне ие болуы қажет; мектеп жасына дейінгі балаларда аналитикалық және сыни ойлауды дамытуы, өзекті, қызықты, жарқын, түрлі-түсті және түсінікті болуы керек.		
Мазмұндық		
Кейс суреттері	Рөлдік жобалау	Кейс-иллюстрациялары
Сөйлеуді дамыту: «Дүкенде», «Не зат не үшін керек», «Мен кіммін» т.б.,	Көркем әдебиет: «Үш аю», «Шалқан», «Бауырсақ», «Қызыл телпек» т.б.	Қоршаған ортамен таныстыру: «Серуен кезіндегі жағдай» «Жайлауда» «Құстар біздің досымыз» т.б.

Процессуальдық	
Әдістері: мәселенің мазмұны, ішінара іздеу әдістері, әңгіме, түсіндірме-иллюстрациялық әдістер, рөлдік жобалау және т. б. Формалары: ұжымдық және жеке. Құралдары: көрнекі материалдар.	
Нәтижелі бағалау	
Г.А. Күребаеваның «Суретші нені шатастырған?» әдістемесі	Г.А. Урунтаеваның «Күлімсіреу» әдістемесі

Модельдің мазмұнын дамыта отырып, біз психолог Е.О. Смирнованың баланы жаңа іс-әрекетпен таныстырудың анықталған кезеңдеріне (жасырын кезең, қолдау кезеңі және тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңі) сүйендік [9, 25 б].

Жасырын кезеңде педагог мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының зерттелетін объектіге және таным процесіне танымдық қызығушылығын қалыптастырады.

Қолдау кезеңінде педагог мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының танымдық белсенділігі мен дербестігін дамытады.

Қалыптасу кезеңінде педагог мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының жеке басының ерікті сапасы ретінде танымдық дербестігі қалыптасады.

Жоғарыда аталған барлық кезеңдер бір-бірімен тығыз байланысты және педагог мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының танымдық дербестігінің белсенді қалыптасуына ықпал етеді.

Біз әзірлеген кейс-тапсырмалары арқылы мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту моделі бес жиынтықты қамтиды: мақсатты, нормативтік, мазмұнды, процессуалдық және нәтижелі-бағалау.

Мақсатты жиынтықта ересек топ балаларының танымдық дербестігін қалыптастырудың үш кезеңіне сәйкес негізгі мақсат пен міндеттер қарастырылады. Соған сай, әзірленген моделдің негізгі мақсаты: кейс-стади ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту.

Мақсатқа сүйене отырып, біз келесі міндеттерді белгіледік:

- зерттелетін объектіге және таным процесіне танымдық қызығушылықты қалыптастыру;
- мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту;
- мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларында танымдық дербестігін дамыту.

Нормативтік жиынтықта кейстехнологиялар арқылы ересек топ мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дербестігін дамыту принциптерін, тәсілдері мен талаптары көрсетіледі.

Ересек топтағы балаларда танымдық дербестікті дамыту процесі мақсатты болғандықтан, біз жұмыста жүйелі тәсілді қолдануды жоспарлап отырмыз. Бұл осы модельді іске асыру үшін дәйекті әрекеттер жүйесімен бірге қарастырылады. Танымдық іс-әрекеттің өзі белсенділік тәсілі аясында жүзеге асырылады, ол өз кезегінде балалардың бастамашылығы мен белсенділігін көрсетеді.

Тәрбие-білім беру процесін әр баланың жас және жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Осылайша, мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының танымдық дербестігін дамыту процесі тұлғаға бағытталған тәсілді қамтамасыз ету болып табылады. Ересек топтағы балалардың танымдық дербестігін дамыту моделі зерттеу әдіснамасында ашылған принциптерге негізделген.

Кейс белгілі бір талаптарға сай болуы керек: оны құру мақсатына сәйкес келу, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір қиындық деңгейіне ие болу, мектеп жасына дейінгі балаларда аналитикалық және сыни ойлауды дамыту, өзекті, қызықты, жарқын, түрлі-түсті және түсінікті болуы керек.

Мазмұндық жиынтықта мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасында берілген дағдыларға сәйкес барлық кейстердің тақырыбы қамтылады.

Мектепке дейінгі ұйымда біз әр түрлі кейстерді белсенді қолдана аламыз. Олар кейс-суреттер, кейс-иллюстрациялар, кейс-жобалау [10, 89].

Кейс суреттері-бұл белгілі бір мәселенің мазмұнын шешуді қажет ететін сурет. Бұл жағдайда кейстің өзіне балаларды осы мәселені шешуге бағыттайтын оқиғалар мен дұрыс тандалған сұрақтарды сипаттайтын мәтін қосылады.

Мысалы, баланың сөйлеуін дамытуға бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекетке байланысты кейс тапсырмасы «Не зат не үшін керек». Мақсаты – баланың сөздік қорын толықтыру және бекіту.

Кейс-иллюстрация – бұл мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларына нақты өмірден алынған проблемалық жағдайды көрсететін иллюстрация. Оның мақсаты – проблемалық жағдайды талдау, осы жағдайды шешудің мүмкін нұсқаларын қарастыру және олардың ең оңтайлысын таңдау. Кейс-иллюстрациясы ашық, түрлі-түсті, қол жетімді, барлық қажетті ақпаратты көрсетуі керек. Жағдайаттар баланың күнделікті іс-әрекетінде кездескен немесе кездесуі мүмкін мәселелерді қамтуы керек.

Мысалы, «Сәуле қуыршақтан айырылды». Кейске мәтін: кішкентай қыз Сәуле қуыршағын жоғалтып, жылайды. Оның досы абырап қалды және не істеу керектігін білмейді. Досыңызға көмектесіп, оған кеңес берейік. Бірінші нұсқа: Сәуленің досы басқа балалармен бірге ойнап жүре алады. Екінші нұсқа: досы Сәулеге назар аудармай қуыршақтармен өзі ойнауды жалғастыра алады. Үшінші нұсқа: досы қуыршақтарын Сәулемен бөлісе алады.

Рөлдік жобалау – бұл кейс-стадидің бір түрі. Бұл кейстің мәні белгілі бір рөлдерді ойнауда. Мектеп жасына дейінгі балаларға берілген сипаттамаларға сәйкес белгілі бір рөлді дербес жобалауға және ойнауға мүмкіндік береді. Кейс балалардың қарым-қатынас дағдылары мен іскерлігін дамытуға ықпал етеді, олардың әртүрлі іс-әрекеттердегі дербестігін арттырады, әлеуметтік тәжірибені кеңейтеді, әртүрлі жағдайларда мінез-құлықтың белгілі бір нормалары мен ережелерін біледі, бұрыннан бар білімі мен тәжірибеге сүйене отырып, өз шешімдерін қабылдау қабілетін дамытады.

Мәселен, «Қарлығаштың құйрығы неге айырық?» ертегісін оқыдық. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-тапсырмалар бердік. Яғни, суреттерде осы жағдайды шешудің бірнеше нұсқасын ұсына алдық.

Жоғарыда келтірілген кейс-тапсырмаларын білім беру және тәрбие іс-әрекетінің белгілі бір кезеңдерінде қолдануға болады. Барлық қолданылған жағдайлардың тақырыбы таныс әдеби шығармалардан алынуы немесе нақты оқиғаларға негізделуі мүмкін. Әр кейсті білім беру дағдыларына қарай сәйкестендіруге және оның мазмұнын ашуға болады.

Біздің модельдің процессуалдық жиынтығына балалардың танымдық дербестігін дамыту әдістері, формалары мен құралдары кіреді.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге кейс-технологияны енгізу бізге келесі әдістерді қолдануға мүмкіндік береді: түсіндірме-иллюстрациялық (жағдайларды көрнекі түрде көрсетеміз), мәселе мазмұнының әдістері (мәселені алға тартамыз және оны шешудің бірнеше нұсқасын ұсынамыз), ішінара іздеу әдістері, әңгіме, рөлдік жоба (балалардың жағдайларды ойнауы).

Нәтижелі бағалау жиынтығында әртүрлі әдістерді қолдана отырып, ересек топ балаларының танымдық дербестігінің даму деңгейін диагностикалауға мүмкіндік береді. Біз өз жұмысымызда диагностикалық әдістемені Г.А. Күребаеваның «Суретші нені шатастырды?» әдістемесі мен Г.А. Урунтаеваның «Күлімсіреу» әдістемесін қолдандық.

«Күлімсіреудің» диагностикалық әдістемесі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетінің келесі ерекшеліктерін анықтауға көмектесті: логикалық ойлау және ойлау қабілеті, ұтымды шешім қабылдау қабілеті, балалардың дербестік деңгейін анықтау.

Тестілеу келесідей жүргізілді: балаға күлкілі суреттері бар суретті қарастырып, бәрі дұрыс салынғанын анықтау ұсынылады, егер суретте біреуі дұрыс емес немесе оның орнында басқалай бейнеленген болса, онда оған не көрсетілмегенін және шын мәнінде қалай



болу керектігін түсіндіруді ұсындық. Мысалы: арқанмен секіретін бақа, қыста өзенге шомылатын балалар немесе балапандарды тамақтандыратын үйрек.

Бұл тестілеуге небәрі 3 минут уақыт беріледі. Бала қаншалықты көп қателіктер тапса, оның көрсеткіштері соғұрлым жақсы болады. Ең жоғары балл алу үшін бала суреттен 7 қатені табуы керек.

Тестілеу нәтижелерін талдай отырып, келесі критерийлерге назар аудардық: күлкілі заттарды табудың дұрыстығы; бейнеленген нәрсенің қисынсыздығын түсіну дәрежесі; танымдық дербестік деңгейі. Тестілеу нәтижелері он балдық шкала бойынша деңгейлеріне байланысты төмендегідей қойылды:

Өте жоғары деңгей: 10 балл. Бала барлық күлкілі заттарды атады, ненің дұрыс емес екенін түсіндіреді және қалай болу керектігін айтады.

Жоғары деңгей: 8-9 балл. Бала барлық күлкілі заттардың максималды санын табады, бірақ бір немесе екі күлкілі заттың сипатын түсіндіре алмайды немесе шын мәнінде қалай болуы керектігін айтуда қиналады.

Орта деңгей: 4-7 балл. Бала барлық күлкілі нәрселерді табады, қателіктерді байқайды, бірақ табылған күлкілі заттарды түсіндіре алмайды, сонымен қатар өзінің дұрыс нұсқасын ұсына алмайды

Төменгі деңгей: 0-3 балл. Бөлінген уақыт ішінде бала төрт-бес қатеден артық таба алмайды.

«Суретші нені шатастырды?» диагностикалық әдістемесі. Осы әдістеменің көмегімен балалардың логикалық ойлау деңгейін, тапқырлығын, танымдық дербестігін анықтауға болады.

Диагностика келесідей жүзеге асырылды: балаға әртүрлі жануарлар, заттар, құбылыстар бейнеленген суреттерді қарастыру және бәрі дұрыс салынғанын анықтау ұсынылады, егер суретте біреуі дұрыс көрсетілмесе, онда одан ненің дұрыс көрсетілмегенін және шын мәнінде қалай болу керектігін түсіндіруді сұрадық. Мысалы: саңырауқұлақтар ағашта өседі, балықтар аспанда ұшады немесе үйрек сүйекті жейді.

Бұл тестілеуге 4 минут беріледі. Осы уақыт ішінде бала суретшінің 10 қателігін табуы керек. Баланың өздігінен жұмыс істеп, бәрін бірден түсіндіргені жөн. Осы тестілеудің нәтижелерін талдай отырып, қателерді табудың жылдамдығы мен дұрыстығы; қателіктерді табудағы балалардың дербестігіне назар аудардық. Тестілеу нәтижелері он балдық шкала бойынша деңгейлеріне байланысты төмендегідей қойылды:

Өте жоғары деңгей: Берілген уақыт ішінде бала барлық қателіктерді атайды және оларды түсіндіреді (10 балл).

Жоғары деңгей: Бала қателіктердің максималды санын табады, бірақ бір немесе екі қатені түсіндіре алмайды (8-9 балл).

Орта деңгей: Бала барлық нәрселерді табады, бірақ жануарларды немесе заттарды бейнелеудегі үш-төрт қатені түсіндіре алмайды (4-7 балл).

Төменгі деңгей: Бөлінген уақыт ішінде бала төрт-бес қатеден артық таба алмайды (0-3 балл).

Осылайша, осы әдістемелерді анықтау және бақылау экспериментінде қолдана отырып, біз оны одан әрі дамыту мақсатында балалардың танымдық дербестік деңгейін анықтай алдық.

**Қорытынды.** Мектепке дейінгі білім беруде case-технологияларды қолдануға қойылатын талаптар жоғарыда аталған барлық қағидаттарды, тәсілдерді, сақтаған кезде балалардың танымдық дербестігін дамыту моделі тиімді болады.

Мектепке дейінгі білім беруде case study пайдалану тетігі келесідей құрылды:

Бірінші кезеңде мектеп жасына дейінгі балалар жағдаймен танысты, педагог балаларды ынталандырды, оң көзқарас қалыптастырды. Осыдан кейін балалар педагогпен бірге мәселені бөліп, мақсатты анықтады.

Екінші кезеңде педагог балалардың танымдық іс-әрекетін дұрыс таңдалған сұрақтардың көмегімен белсендірді, эмоционалды көңіл-күйді қолдады және олардың іздеу әрекетін үйлестіру жұмыстарын жүргізді. Талдау нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалар педагогпен бірге іс-қимыл жоспарын жасады.

Үшінші кезеңде олар өз дәлелдерін келтірді, ойланды, қабылданған шешімді талдады және қорытынды жасады.

